

Г.Ә. Мұсаева, М.П. Ешимов

ҚАЗАҚ
ӘДЕБИЕТІМЕН
ТАНЫСАЙЫҚ!

*Шетелдік тыңдармандарға арналған
оқу құралы*

Алматы
«Қазақ университеті»
2014

ӘОЖ 821.512.122.0(075.8)

КБЖ 83.3 Қаз.

М 85

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің
Ғылыми кеңесі (№7 хаттама 28 наурыз 2014 жыл) және
Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынған.*

Пікір жазғандар:

*филология ғылымдарының докторы, профессор Ж.Ә. Нұршайықова
филология ғылымдарының докторы, профессор Қ.С. Қалыбаева
филология ғылымдарының докторы С. Иманбердиева*

Мұсаева Г.Ә., Ешимов М.П.

М 85 «Қазақ әдебиетімен танысайық!» (шетелдік тындарман-дарға арналған): оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 147 б.

ISBN 978-601-04-0690-2

Оқу құралы қазақ тілін шет тілі немесе екінші тіл ретінде оқып жатқан тындармандардың негізгі және жалғастырушы деңгейлеріне арналып жазылған. Оқу құралының мақсаты – шетелдік азаматтарға үйреніп жатқан тілінде қазақ әдебиеті туралы қысқаша түсінік бере отырып, қазақтың классик ақын-жазушыларымен, сөз өнерімен таныстыру. Оқу құралы өңделіп, толықтырылып, екінші рет басылып отыр.

ӘОЖ 821.512.122.0(075.8)

КБЖ 83.3 Қаз.

ISBN 978-601-04-0690-2

© Мұсаева Г.Ә., Ешимов М.П., 2014
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2014

АЛҒЫ СӨЗ

Қазақ әдебиеті пәні бойынша ұсынылып отырған бұл оқу құралы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінде қазақ тілін үйреніп жатқан шетелдік студенттерге арналып жазылған.

Оқу құралының мақсаты – біріншіден, шетел азаматтарын қазақ ауыз әдебиетімен, қазақ әдебиетінің ірі тұлғаларымен, олардың шығармашылығымен таныстыру; екіншіден, оқушы мен сөйлеушінің коммуникативтік компетенциясын арттыру. Оқу құралында оқу мен сөйлеу біртұтас сөйлеу актісі ретінде қарастырылған. Тіл үйренуші мәтінді оқу барысында өзіне қажетті мәліметтерді жинақтай келе, сөйлеу барысында сол жинақтаған мәліметін қолдана білуге дағдылану қажет.

Оқу құралында – мәтін (баяндау сипатындағы мәтіндер, поэзия, прозалық шығармалардан үзінді, танымдық сипаттағы мәтіндер) және берілген мәтіндермен жұмыс істеу үшін жасалған жаттығулар жүйесі берілген.

Әр мәтін мәтін алды, мәтін бойынша, мәтіннен кейінгі жаттығулар жинағымен жасақталған.

Мәтін алды жаттығулар оқушылардың хабар жинақтау дағдысын қалыптастыруға үйретеді. Мысалы, сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіне алу, тілдік бірліктердің контекстуалдық мағынасын анықтау, грамматикалық формаларды ажырату, сөйлем конструкцияларын ұғыну, тіл байлығын арттыру, т.б. Мәтін алды жаттығулар тіл

үйренушілердің өз бетімен қазақ тілі бойынша синонимдік, түсіндірме сөздіктерін жасауларына жағдай жасайды.

Мәтін бойынша берілген жаттығулар мағыналық болжау сипатында болып, мәтіннің мағыналық жағын түсінуге көмектеседі. Мәтінді оқу барысында жинақтаған мәліметтерді әртүрлі айтылымдарда қолдана білуге үйретеді.

Мәтіннен кейінгі тапсырмалар біріншіден, мәтінді толық түсінуді, екіншіден, мәтін материалын монологтық айтылымдарда, тақырып бойынша көтерілген мәселелер төңірегінде әңгімелесуде толық жаңғыртуды бақылайды. Бұл жаттығулар міндетті түрде дәрісханада орындалуы тиіс.

Бұл оқу құралын қазақ тілін үйренуші шетел азаматтарымен бірге, қазақ тілін үйреніп жатқан барлық саладағы оқырмандарға ұсынуға болады.

Оқу құралын қазақ тілін шет тілі ретінде үйренудің бастапқы және жалғастырушы кезеңдерінде пайдалануға болады.

ӘДЕБИЕТ ТУРАЛЫ

► 1. Сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын сөздік арқылы түсініңіз.

араб	мүсін өнері	үн
асыл	сәулет өнері	қимыл
өнер	құрал	шығарма
түр	саз	
кескін өнері	баяу	

► 2. Сөздердің жасалуына көңіл аударыңыз.

мүсін – мүсін**ші**
сурет – сурет**ші**
ән – ән**ші**
би – би**ші**
әдебиет – әдебиет**ші**

► 3. Сөз тіркестерін оқыңыз, аударыңыз.

Асыл сөз, сөз өнері, мүсіншінің құралы, суретшінің құралы, әншінің құралы, бишінің құралы, әдебиетшінің құралы, шығарманың түрлері.

► 4. Кімнің құралы не, сіз қалай ойлайсыз?

мүсіншінің құралы –	тіл
суретшінің құралы –	саз
әншінің құралы –	қимыл
бишінің құралы –	баяу
әдебиетшінің құралы –	үн

► 5. Сөздерді тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

Проза, роман, повесть, поэзия, поэма, драма, комедия, трагедия.


► 6. Мәтінді оқыңыз. Әдеби шығармалардың түрлерін атап айтыңыз.

Әдебиет туралы

Әдебиет деген сөз арабшадан аударғанда **асыл сөз** деген мағынаны білдіреді. Әдебиет – өнер. Өнердің түрі көп: кескін өнері, мүсін өнері, сәулет өнері т.б. Ал әдебиет – сөз өнері.

Мүсіншінің құралы – саз, суретшінің құралы – бояу, әншінің құралы – үн, бишінің құралы – қимыл, әдебиетшінің құралы – тіл.

Әдеби шығарманың түрлері:



► 7. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Әдебиет деген сөз қандай мағынаны білдіреді?
2. Өнердің қандай түрлерін білесіз?
3. Әдебиет қандай өнер түрі?
4. Әдебиетшінің құралы не?

5. Әдеби шығарманың қандай түрлерін білесіз?

► 8. Кім не жазады? Оқыңыз.

Жазушы проза, яғни роман, повесть, әңгіме жазады.

Ақын поэзия, яғни поэма, өлең жазады.

Драматург драма, комедия, трагедия жазады.

► 9. Сіз білесіз бе?

1. Абай Құнанбаев кім? Ол не жазды?

2. Александр Пушкин кім? Ол не жазды?

3. Уильям Шекспир кім? Ол не жазды?

4. Оноре де Бальзак кім? Ол не жазды?

Жанр

► 1. Сөздердің мағынасын сөздік арқылы түсініңіз.

оқиға
жеке бас
тән

көңіл-күй
диалог
үлгі

► 2. Етістіктердің мағынасын түсініп, басқа сөздермен байланысына көңіл аударыңыз.

суреттеу – *нені суреттеу?*

баяндау – *нені баяндау?*

► 3. Сөз тіркестерін оқыңыз, аударыңыз.

оқиға;
әртүрлі оқиғалар;
әртүрлі оқиғалар суреттеледі;

адамның жеке басы;
адамның жеке басына тән;

адамның жеке басына тән көңіл-күй;
адамның жеке басына тән көңіл-күй суреттеледі;

диалог үлгісі;
диалог үлгісімен баяндалады.

► 4. Сөздер мен сөз тіркестерін тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

Жанр, эпикалық жанр, лирикалық жанр, драмалық жанр, эпикалық шығарма, лирикалық шығарма, драмалық шығарма, ода, сонет, баллада, романс.

► 5. Сөйлемнің құрылымына көңіл аударып, өзіңіз мысал келтіріңіз.

Модель:

Неге не жату?

Эпикалық шығармаға роман, әңгіме, поэма **жатады**.

Лирикалық шығармаларға өлең, ода **жатады**.

Драмалық шығармаларға комедия, трагедия **жатады**.

► 6. Мәтінді оқыңыз. Әдеби жанрдың қанша түрі бар, айтыңыз.

Жанр

Эпикалық жанр – әртүрлі оқиғалар суреттеледі.

Лирикалық жанр – адамның жеке басына тән көңіл-күйі суреттеледі.

Драмалық жанр – оқиғалар диалог үлгісімен баяндалады.

Эпикалық шығармаларға: әңгіме, роман, поэма, жыр-дастан және т.б. жатады.

Лирикалық шығармаларға: өлең, ода, романс, сонет, баллада және т.б. жатады.

Драмалық шығармаларға: комедия, трагедия жатады.

► 7. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қандай жанр түрлерін білесіз?
2. Эпикалық жанр нені суреттейді?
3. Лирикалық жанр нені суреттейді?
4. Драмалық жанр қалай баяндалады?
5. Эпикалық шығармаларға нелер жатады?
6. Лирикалық шығармаларға нелер жатады?
7. Драмалық шығармаларға нелер жатады?

ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ

► 1. Сөздіктен төмендегі сөздердің мағынасын табыңыз.

ауызекі –	ертегі –
мұра –	эпос –
тұрмыс-салт –	айтыс –
жұмбақ –	шешен – шешендік –
	нұсқа –

► 2. Төмендегі етістіктердің мағынасына және басқа сөзбен байланысына көңіл аударыңыз. Өзіңіз мысал келтіріңіз.

а) *не шығу?* – *нені шығару?*
не тарау? – *нені тарату?*

б) *нені қалай шығару?* – *неге/кімге айналу?* –
нені қалай тарату? – *не өзгеру?* –
не/кім ұмыт болу? – *не пайда болу?* –

► 3. Төмендегі сөйлемдерді аударыңыз.

Ауыз әдебиеті ауызекі шығады, ауызекі тарайды. Еңбекті жазған адам ұмыт болған. Ауыз әдебиетінің түрлері көп болғандықтан халықтың үлкен байлығына айналған. Алғашқы нұсқа көп өзгерген. Жаңа нұсқалар пайда болған.

- 4. Мәтінді оқыңыз. Не туралы екенін айтыңыз.

Ауыз әдебиеті

Ауыз әдебиеті – *халқымыздың ауызекі шығарып, ауызекі таратқан асыл мұрасы.*

Ауыз әдебиетінің түрлері.

- а) тұрмыс-салт жырлары;
- ә) мақал-мәтелдер, жұмбақтар;
- б) ертегілер;
- в) эпостық жырлар;
- г) лиро-эпостық жырлар;
- д) айтыс өлеңдер;
- ж) тарихи жырлар;
- з) шешендік сөздер т.б.

Ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеттің арасындағы негізгі айырмашылықтар.

1) Ауыз әдебиетінің белгілі авторы жоқ. Алғашқы автор ұмыт болып, халық шығармасына айналған.

2) Көп ғасырлар бойы ауызша таралып келе жатқандықтан, алғашқы нұсқасы өзгеріп, басқа да нұсқалары пайда болған.

- 5. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап іздеңіз.

- 1) Ауыз әдебиетін қалай түсінесіз?
- 2) Ауыз әдебиетінің қандай түрлері бар?
- 3) Ауыз әдебиетінің жазба әдебиеттен қандай айырмашылықтарын білесіз?

- 6. Сөйлемдерді толықтырыңыз.

Халық ауыз әдебиеті ... шығып, ... тарайды. Ауыз әдебиетінің ... көп.

Ауыз әдебиетінің жоқ. Ауыз әдебиеті айналған. Ауызша ..., пайда болған.

- 7. Төмендегі сөйлемдердің мағынасын басқа формамен беріңіздер.

Ауыз әдебиетінің белгілі авторы жоқ. Көп ғасырлар бойы ауызша таралған. Алғашқы нұсқалары өзгеріп, басқа да нұсқалары пайда болған.

- 8. Сөйлесейік!

1. **Тапсырма.** Қазақ ауыз әдебиеті туралы не білдіңіз, досыңызға әңгімелеп айтыңыз.

2. **Тапсырма.** Ауыз әдебиеті туралы диалог жасаңыздар.

3. **Тапсырма.** Жоғарыдағы мәтіндегі сөздерді пайдаланып, өз елдеріңіздің ауыз әдебиеті туралы айтыңыз.

Ауыз әдебиетінің түрлерімен танысайық!

I Мақал-мәтелдер

- 1. Мақал-мәтелдерді оқыңыз, аударыңыз.

- а) Ақыл – тозбайтын тон,
Білім таусылмайтын кен.
- ә) Ашу – дұшпан, ақыл – дос.
- б) Қонақ асыңа риза болмайды, қабағыңа риза болады.
- в) Ұяда нені көрсе, ұшқанда соны іледі.
- г) Сыйласаң, сый көресің.
- ғ) Дос сыртыңнан мақтар,
Дұшпан көзіңе мақтар.
- д) Білім қымбат, білу қиын.

- 2. Мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіріңіз.

- 3) Мақал-мәтелдерді тақырыптарға топтастырып көріңіз.
- 4) Мақал-мәтелдердің ішінен антонимдерді табыңыз.
- 5) Бұл мақал-мәтелдерді қандай жағдайларда қолданар едіңіз?

- 6) Өз елдеріңізде мағыналас мақал-мәтелдер бар ма?
- 7) Сізге қай мақал-мәтел ұнайды, себебін түсіндіріңіз.

II Жұмбақтар

► 1. Жұмбақтарды оқыңыз, аударыңыз, шешімін төменнен табыңыз.

1. Жаздай тынығады,
Қыстай зымырайды.
2. Аспандағы көлеңке жерге суын шашады.
3. Айнымайды шыныдан,
Қорқады тек жылыдан.
4. Сырты жаз,
Іші қыс.
Бұл не?
5. Қабат-қабат қаттама,
Ақылың болса аттама.

Жауаптары: *мұз, тоңазытқыш, кітап, шана, бұлт пен жаңбыр.*

► 2. Сіз қандай жұмбақтарды білесіз?

► 3. Өз ана тіліңізден бір-екі жұмбақтарды қазақшаға аударып айтыңыз.

III Ертегілер

Түлкі мен ешкі

► 1. Төмендегі сөздерді синоним арқылы немесе сөздік арқылы түсініңіз.

а) түлкі
жан
қыр = жазық дала
жөн – жол
өтірік

ешкі
апан = шұңқыр жер
дала = тауы жоқ
мүйіз
бәле

ә) терең
батыр – ер
салқын = онша суық емес
тұп-тұнық = таза, мөлдір

қу = айлакер
нақыл = ақыл сөз
аңқау

► 2. Екі бағанда берілген сөздерді пайдаланып, мағынасына орай сөз тіркестерін құрастырыңыз.

Қандай?	Не?
терең	түлкі
батыр	ешкі
салқын	апан
тұп-тұнық	жан
қу	қыр
нақыл	дала
кең	су
аңқау	сөз

► 3. Етістіктердің мағынасын түсініңіз.

түсу – түсіп кету – *қайда түсіп кету?*
шығу – шыға алу – шыға алмау – шыға алмай – шыға алмай
тұру – шыға алмай тұрғанда – *қайдан шыға алмай тұрғанда?*
іздеу – іздеп жүру – *нені іздеп жүру?*
не қылу? = не істеу?
табу – тауып тұр
секіру – секіріп түсу – *қайда секіріп түсу?*
міну – *қайда міну?* – *қайда қалай міну?*
ырғу – ырғып шығу = секіріп шығу

► 4. Ертегіні оқып, сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Ертегінің кейіпкерлері кімдер?
2. Түлкі қандай аң?
3. Ешкі қандай жануар?

Түлкі мен ешкі

Бір түлкі жүгіріп келе жатып, абайсызда терең апанға түсіп кетеді. Шыға алмай тұрғанда, бір ешкі су іздеп жүріп апанға кез болады.

Түлкіні көреді.

– Ей, түлкі батыр, онда не істеп тұрсың? – дейді.

– Ой, не қыласың, жаным жай тауып тұр. Қырда әрі шөлдеп, әрі ыстықтан өліп едім. Апанның іші салқын, түбінде тұп-тұнық суы бар екен, – депті.

Мұны естіген ешкі «Мен де салқындайын, әрі су ішейін» деп ойлап, секіріп апанға түседі. Ал, қу түлкі ешкінің мүйізіне лып етіп мінеді. Одан ырғып далаға шығып, жөніне кетеді.

«Өтірікке алданба, басың бәлеге душар болар» деген нақыл сөз осыдан қалыпты.

► 5. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Түлкі қалай апанға түсіп кетеді.
2. Ол ешкіге не деп жауап береді?
3. Ешкі неге апанға түседі?
4. Ешкі қалай алданды?

► 6. Ертегіні өз бетіңізбен айтып үйреніңіз.

Ұр, Тоқпақ

► 1. Төмендегі сөздерді синоним арқылы немесе сөздік арқылы түсініңіз.

а) Тұзақ	қой – қойшы	мұрат = мақсат
Қаз	қазан	тоқпақ
Түйе – түйеші	асық	есек

ә) күн көру = өмір сүру

тұзақ құру

босату – кімді/нені неден/қайдан *босату/босатып жіберу?*

бауыздау – нені *бауыздау?*

құсу
ұру
шулау

қаиан?	қай?	қандай?	не істеу?	қандай?	қай?
бұрын	⇒ бұрынғы	салқын	⇒ салқындау	жаңа	⇒ жаңағы

айырбастау = ауыстыру

есту – естіп қою – кімнен/ қайдан нені *есту*?

жету – неге *жету*?

2. Сөздердің жасалуына көңіл бөліңіз. Мағынасын түсіндіріп, мысал келтіріңіз.

3. Ертегіні оқып «Піс, қазаным, піс!», «Құс, есегім, құс!», «Ұр, тоқпағым, ұр!» дегендердің не екенін біліңіз.

Ұр, тоқпақ!
(Халық ертегісі)

Бұрынғы өткен заманда бір шал мен кемпір болыпты. Шал мен кемпір кедей болып, тұзақ құрып күнін көреді екен. Бір күні шал тұзағын келіп қараса, бір қаз түсіп қалыпты. Шал қазды тұзақтан босатып алып, бауыздайын десе, қаз шалға айтты:

– Сен мені босат! Менен не сұрасаң, соны бір жылдан кейін ал, – дейді.

Шал келісіп, қазды босатып жібереді.

Бір жыл өтеді. Шал қазға бармақшы болады. Жүре-жүре бір жерге келсе, көп түйе жайылып жүр екен. Шал түйешіден:

– Бұл кімнің түйесі? – десе:

– Бұл Қазбайдың түйесі, – дейді.

«Бұл Қазбай – баяғы қаз екен» деп шал ойлайды да, әрі қарай жүре береді.

Алдынан көп қой көрінеді. Шал қойшыдан:

– Бұл кімнің қойы? – деп сұраса,

– Бұл Қазбайдың қойы, – дейді.
Шал жаңағы қойшы баладан:
– Шырағым, Қазбайдың бұдан басқа несі бар? – дейді.
– Қазбайдың үш жақсы нәрсесі бар. Біреуі: «Піс, қазаным, піс!», енді біреуі: «Құс, есегім, құс!», тағы біреуі: «Ұр, тоқпағым, ұр!».
– Олардың қандай қасиеті бар? – деп сұрайды шал.
– «Піс, қазаным, піс!» – десе әртүрлі тамақ пісіп шығады, «Құс, есегім, құс!» – десе, есегі алтын құсады, «Ұр, тоқпағым, ұр!» – десе, адамдарды ұра береді, – деп жауап береді қойшы.
Шал Қазбайдың ауылына келеді. Қазбай шалды күтіп алады. Шал Қазбайдан «Піс қазанын» сұрайды. Қазбай сұрағанын береді.
Шал алып үйіне келе жатса, бір жерде балалар асық ойнап жүр екен. Асық ойнап жатқан балалар шалға:
– Ата, асқа түсіңіз, үйге кіріп тамақ ішіңіз! – дейді.
Шал асқа түседі. Үйге кіріп бара жатып, шал балаларға:
– Шырақтарым! «Піс, қазаным, піс!» демендер, – дейді.
Шал үйге кіріп кеткен соң, балалар: «Піс, қазаным, піс!» – деп шулайды.
Сөйткенде, әртүрлі тамақ пісіп, дайын болады. Балалар қазанды айырбастап алады.
Шал қазанды үйіне алып келіп: «Піс, қазаным, піс!» – десе, ештеңе піспейді. Шал қазанды алып, Қазбайдың үйіне қайта келеді. Қазбайға:
– Бұдан еш нәрсе шықпады, – дейді.
Қазбай қазанның орнына шалға есекті беріп жібереді. Шал есекті алып үйіне қайтады. Жолда келе жатса, балалар шалға:
– Ата, асқа түсіңіз! – дейді.
Шал асты тастағысы келмей, есектен түседі. Үйге кіріп бара жатып, балаларға:
– Шырақтарым, «Құс, есегім, құс!» демендер, – дейді.
Балалар:
– Мақұл! – дейді.
Шал үйге кіріп кеткен соң-ақ, балалар: «Құс, есегім, құс!» – десе, есек алтын құсады. Балалар есекті айырбастап, орнына басқа есек қояды.

– Шал есекті алып үйіне кетеді. Кемпір:
 – Қазбайдан алып келгенің осы ма? – деп сұрайды.
 Шал есекке: «Құс, есегім, құс!» – десе, есек еш нәрсе құспайды. Шал есекті алып, Қазбайға тағы қайта келеді.
 – Есек еш нәрсе құспайды, – дейді.
 Қазбай есекті алып: «Құс, есегім, құс!» десе еш нәрсе құспайды. Қазбай шалға «Ұр тоқпағын» береді. Шал «Ұр тоқпағын» алып келе жатса, баяғы жерде тағы да балалар жүр екен. Балалар шалға:
 – Ата, асқа түсіңіз! – дейді.
 Шал асқа түседі. Үйге кіріп бара жатып, шал балаларға:
 – Шырақтарым! «Ұр, тоқпағым, ұр!» демендер, – дейді.
 Шал үйге кіріп кеткен соң, балалар «Ұр, тоқпағым, ұр!» – деп шулайды. Тоқпақ балалардың барлығын ұра бастайды. Ұрып жүр, ұрып жүр... Балалар тоқпаққа: «Ойбай, «Піс қазаныңды», «Құс есегінді» берейік!» – деп жалынады. Шал мұның бәрін естіп қояды. Балаларға келіп:
 – «Піс қазанды», «Құс есекті» бересіңдер ме? – дейді.
 Балалар:
 – Мақұл! Әкеліп береміз! – деп шулайды.
 Шал «Піс қазанды», «Құс есекті», «Ұр тоқпақты» алып үйіне келеді. Сөйтіп шал мен кемпір мұратына жетіпті.

► 4. Мәтіннен сұрақтардың жауабын табыңыз.

1. Бұрынғы өткен заманда кімдер өмір сүріпті?
2. Олар қалай күн көріпті?
3. Шалдың тұзағына не түседі?
4. Қаз не дейді?
5. Бір жылдан кейін шал не істейді?
6. Жолда кімдерді кездестіреді?
7. Олармен не туралы сөйлеседі?
8. Қойшы шалға не айтады?
9. Қазбай шалға бірінші нелерді береді?
10. Балалар шалды қалай және неше рет алдайды?
11. Шал өз заттарын қалай қайтарып алады?

- ▶ 5. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойыңыз. Жаңа сөздерді қалай есте сақтағаныңызды тексеріңіз.

Шал мен кемпір ... құрып күн көреді екен. Шал ... тұзақтан босатады. Бір жерге келсе, өңкей ... жайылып жүр екен. ... ойнап жүрген балалар кездеседі. Оның ... алтын құсады. «Піс, ... , піс» демендер. «..., есегім, ... » демендер. «Ұр, ..., ...» демендер. Сөйтіп шал мен кемпір ... жетіпті.

- ▶ 6. Не себепті ертегі көбінесе етістіктің -ыпты/-іпті формасы арқылы баяндалған, сіз қалай ойлайсыз?

- ▶ 7. Етістіктің -ыпты/-іпті формасын басқа қандай формамен ауыстыруға болады? Егер білсеңіз, әңгімелеуде сол форманы қолданыңыз.

- ▶ 8. Сөйлесейік!

1. Тапсырма. Ертегінің мазмұнын бөлімдерге бөліп баяндаңыз.

2. Тапсырма. Ертегінің қандай тәрбиелік мәні бар, ойыңызды айтыңыз.

3. Тапсырма. Сіз бала кезіңізде қай ертегіні ұнатушы едіңіз, себебі неде айтыңыз.

IV Аңыз әңгімелер

Аңыздар да ертегінің бір түрі. Бірақ ертегіге қарағанда мұнда аз да болса тарихи дерек, өмірлік шындық бар. Аңыздарда бір кезде тарихта болған, белгілі бір қоғамдық ортада өмір сүріп, еңбек еткен, бірақ арада көп уақыт өтуіне байланысты, есімі де, еңбегі де ертегі – аңызға айналып кеткен адамдар туралы сөз болады. Мысалы: Аяз би, Алдар Көсе, Қорқыт, Қожанасыр, Асанқайғы т.б.

Күлкілі Қожанасыр

► 1. Төмендегі сөздердің антонимін табыңыз.

үлкен –
бай –
ескі –
жақсы –
дәмді –
жақын –

► 2. Етістіктердің мағынасын сөздіктен қарап, басқа сөздермен байланысына көңіл бөліңіз.

кию – *не(ні) кию?*
жамылу – *не(ні) жамылу?*
отыру – *кім қайда отыру?*
отырғызу – *кімді қайда отырғызу?*
ұсыну – *кімге не ұсыну?*

► 3. Екі бағандағы сөздерді пайдаланып мағынасына орай сөз тіркесін құраңыз.

қонақты	кию
Қожанасыр	жамылу
тамақтар	отыру
ішік	отырғызу
киім	ұсыну

► 4. Әңгімені оқыңыз. Әңгіме не туралы екенін айтыңыз.

1. Қожанасыр туралы;
2. Ішік туралы;
3. Қонаққа бару туралы;
4. Адамгершілік туралы.

“Же, ішігім, же!”

Қожанасырды бір адам қонаққа шақырады. Қожа ескі киімдерін киіп барады. Бірақ оны ешкім қонақ деп ойламайды. Мұны сезген Қожанасыр біраз уақыттан кейін бұл үйден шығып кетеді. Ол өзінің үйіне барып жақсы киімдерін киіп, үстіне жаңа ішік жамылып, қонаққа қайтып келеді.

Қонаққа келгенде барлық адамдар оны жақсы қарсы алып, төрге отырғызады, әртүрлі дәмді-дәмді тамақтар ұсынады. «Қожеке, тамақ алыңыз! Тамақ алыңыз!» – деп жан-жақтан сыйлай бастайды.

Сол уақытта Қожанасыр ішігінің жеңін дастарқанға жақын қойып: “Же, ішігім, же!” – дейді. Басқа адамдар Қожанасырдан “Қожеке, неге былай істейсіз?”, «Мұныңыз не?» – деп танданып сұрайды.

Қожанасыр: “Сый-құрмет маған емес, менің ішігіме көрсетіліп жатыр. Сіздер мені емес, менің ішігімді сыйладыңыздар” – деп жауап берді.

► 5. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қожанасыр қайда келеді?
2. Сіз қалай ойлайсыз, неліктен Қожанасырды бірінші рет жақсы күтіп алмады?
3. Қожанасыр екінші рет қайтып келгенде оны қалай күтіп алды?
4. Қонақта отырғанда қандай оқиға болды?
5. Қожанасыр неліктен «Сіздер мені емес, менің ішігімді сыйладыңыздар» деп айтты?
6. Бұл әңгімеден қандай қорытынды шығаруға болады.

► 6. Төмендегі макалдардың қайсысы осы әңгіме тақырыбына сәйкес келеді деп ойлайсыз?

1. Көзі соқырдан, көңілі соқыр жаман.
2. Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ.

- 7. Қожанасыр туралы тағы бір шағын күлдіргі әңгіме оқыңыз. Екі әңгімені салыстырыңыз.

Кім үлкен?

– Қожеке, ағаңыздың жасы үлкен бе, сіздің жасыңыз үлкен бе? – деп бір адам Қожанасырдан сұрайды.

Қожанасыр: – Өткен жылы әкем: ағаң сенен бір жас үлкен, – деп айтып еді, сондықтан биыл біз ағам екеуміз құрдаспыз, – деп жауап берді.

- 7. Сөйлесейік!

1) Тапсырма. Қожанасыр туралы тек қазақ халқының ғана емес, басқа да түркі халықтарының арасында көптеген әртүрлі тақырыпта айтылатын әңгімелер бар. Сіз екі әңгімені оқыдыңыз, сіздің ойыңызша, Қожанасыр қандай кейіпкер?

2) Тапсырма. Ана тіліңізде осыған ұқсас аңыз әңгімелердің біреуін достарыңызға қазақ тілінде айтып беріңіз.



ЖЫРАУЛАР

► 1. Оқыңыз. Төмендегі сөздерді синоним арқылы немесе сөздік арқылы түсініңіз.

а) жырау –	бірлік = достық =	қасиет –
күйші –	ынтымақ	мінез –
кезең – кез =	адамдардың	қоныс = тұратын
уақыт	бойындағы =	жер
желмая = түйе	адамдарда болатын,	дұшпан = жау,
бақыт –	адамдарда бар;	қас
ерлік –	адалдық –	қуыс = құз
	еңбексүйгіштік –	
ә) төл –	жайлы –	адал –
көркем –	бейбіт –	ақылды –
асыл –	теріс –	ұстамды –

► 2. Етістіктердің мағынасын түсініп, басқа сөздермен байланысына көңіл бөліңіз.

құрылу – қашан не құрылу?
қалыптасу – қашан не қалыптасу?
болу – кім болу?
жырлау – нені жырлау?
іздеу – нені іздеу?
аралау – нені аралау?

түсу – қайда/неге **түсу**?
 сақтандыру – неден **сақтандыру**?
 шақыру – кімді, неге **шақыру**?

► 3. Тғындаңыз, қайталаңыз, оқыңыз. Мағынасын түсініңіз.

хан – қазақтың хандығы, қазақ хандығы;
 төл әдебиет – қазақтың өзінің әдебиеті;
 қалыптасу – қазақ төл әдебиеті қалыптасты;
 жырау – жыраулардың поэзиясы, жыраулар поэзиясы;
 күйші – сазгер, орындаушы, музыкант;
 жырлау – адамгершілікті жырлау; адалдықты жырлау;
 міну – желмаяға міну, атқа міну.

► 4. Үш бағандағы сөздерді тірек ретінде пайдалана отырып, мағынасына орай сөйлем құраңыз.

Қандай?	Не/кім?	Не істей?
төл	жырау	құрылу
көркем	күйші	қалыптасу
асыл	желмая	болу
жайлы	бақыт, ерлік, бірлік,	жырлау
бейбіт	адалдық,	іздеу
теріс	еңбексүйгіштік	аралау
адал	адамдардың	сақтандыру
ақылды	бойындағы қасиет	шақыру
ұстамды	мінез	түсу
алғашқы	қоныс	
	дұшпан	
	қуыс	
	әдебиет	
	сөз өнері	

► 5. Оқыңыз. Айтыңыз, жыраулар поэзиясы қашан қалыптасты, Асанқайғы кім?

Жыраулар

Қазақ хандығы XV ғасырда құрылды. Осы кезеңнен бастап қазақтың төл әдебиеті қалыптасты. Осы кезде жыраулар поэзиясы дүниеге келді. Жыраулар поэзиясы – қазақ әдебиетінің ең көркем сөз өнері.

Қазақ халқының тарихында жыраулар өте көп болған. Жыраулар өздерінің шығармаларында елдің бірлігі, халықтың бақыты, адамдардың бойындағы ерлік, адалдық, еңбексүйгіштік, адамгершілік сияқты асыл қасиеттерді жырлайды.

Ең алғашқы жыраулардың бірі – Асанқайғы.

Асанқайғы – XIV-XV ғасырда өмір сүрген (XIV ғасырдың аяғында XV ғасырдың басында). Ол әрі жырау, әрі күйші болған.

Асанқайғы желмаясына мініп, еліне жайлы қоныс іздеумен көп жерлерді аралаған. Елінің бейбіт өмір сүруін армандаған. Осы мақсатпен жырларында адамдарды үнемі «Ашу – дұшпан, артынан

Түсіп кетсең қайтесің,

Түбі терең қуысқа», –

деп теріс мінезден сақтандырып, адал, ұстамды, ақылды болуға шақырады.

► 6. Жазылған пікірлермен келісесіз бе, келіспейсіз бе, айтыңыз. Себебін түсіндіріңіз.

1. Қазақ хандығы XV ғасырда құрылды.
2. Жыраулар поэзиясы XX ғасырда қалыптасты.
3. Жыраулар шығармаларында соғысты жырлады.
4. Жыраулар поэзиясы – ең көркем сөз өнері.
5. Асанқайғы жырларында халықты бірлікке, адамгершілікке шақырды.

► 7. Бөлінген бөлімдер бойынша мәтіннің мазмұнын айтыңыз. Өзіңіз қандай бөлімдерге бөлер едіңіз, жазыңыз.

I. Қазақ төл әдебиетінің қалыптасуы.

II. Жыраулар поэзиясы.

III. Асанқайғы жырау.

► 8. Асанқайғының өлеңіндегі сөздерді сөздіктен қарап, түсініп алыңыз.

жаз	құлан
жылан	қол
балапан	аяқ
шыбын	құйрық

► 9. Сөз тіркестерін құраңыз.

жал – жалы жоқ,....
аяқ – жалаң аяқ,....
күн – күн көру,....
шыбын – шыбын шығу,....

► 10. Өлеңді оқыңыз және жаттап алыңыз.

Құйрығы жоқ, жалы жоқ, құлан қайтіп күн көрер,
Аяғы жоқ, қолы жоқ, жылан қайтіп күн көрер!?
Шыбын шықса жаз болып, таздар қайтіп күн көрер,
Жалаң аяқ балапан, қаздар қайтіп күн көрер.

► 11. Сөйлесейік!

1. Тапсырма. Жыраулар поэзиясы неліктен ең көркем сөз өнері. Қалай ойлайсыз?

2. Тапсырма. Өз еліңізде қазақтың жырауларына ұқсас ақын-жыраулар болған ба? Егер болған болса, олар қашан өмір сүргені, не туралы жазғанын қазақша айтып көріңіз.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ КЛАССИКТЕРІ





ШОҚАН УӘЛИХАНОВ (1835–1865)

«Шоқан Уәлиханов шығыстану әлеміне құйрықты жұлдыздай жарқ етіп шыға келгенде, орыстың шығысты зерттеуші ғалымдары оны ерекше құбылыс деп түгел мойындады»

Н. И. Веселовский

Шоқанның оқуы

► 1. Жаңа сөздердің мағынасын синоним арқылы немесе сөздіктен тауып, түсініңіз.

а) мұсылманша әскери аға сұлтан = ел басқарушы азамат = ер жігіт өкпе ауруы көзқарас	ә) зерек қабілетті білімді
---	----------------------------------

► 2. Етістіктердің мағынасын түсініп, басқа сөздермен байланысына көңіл бөліңіз.

хат тану = оқуды үйрену – қайда кімнен **хат тану**?
тәрбиелену – қайда **тәрбиелену**?

оқуға түсу – қайда оқуға түсу?

озу – кімнен озу?

көзге түсу – кімнің көзіне түсу?

кеңейту – нені кеңейту?

зерттеу – нені зерттеу?

дамыту – нені дамыту?

өсу – қайда қалай өсу?

қайтыс болу = дүниеден өту, өлу – неден қайтыс болу?

► 3. Сөздердің жасалуына көңіл аударыңыз. Өзіңіз осыған ұқсас мысалдар ойлап жазыңыз.

мұсылман – мұсылманша (-ша/-ше)

әскер – әскери (-и)

қабілет – қабілетті (-ты/-ті/-ды/-ді)

кімді тәрбиелеу? – қайда/кімде тәрбиелену? (-н/-ын/-ін)

не кеңею? – нені кеңейту? (-т/-тыр/-тір/ дыр/-дір/-қыз/-кіз/-гыз/-гіз)

► 4. Тұрақты тіркестерді есте сақтаңыз. Өзіңіз мысал келтіріңіз.

хат тану

көзқарас

көзге түсу

оқуға түсу

► 5. Жалқы есімдерді тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов – Мұхаммедқанафия

Шыңғыс Уәлиханұлы

Г.Н. Потанин

Қостанай облысы
Омбы қаласы
Кадет корпусы

► 6. Сөйлемдерді тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз, аударыңыз.

Әкесі Шыңғыс Уәлиханұлы **аға сұлтан** болған.

Кадет корпусында әскери сабақтармен **бірге география, тарих, батыс, орыс әдебиеттері, философия, физика, математика, шетел тілдері** оқытылған.

Шоқанның бірге оқыған досы Г. Н. Потанин кейін үлкен **этнограф-ғалым** болған.

► 7. Мәтінді оқыңыз. Шоқан қайда оқыған және Шоқан қандай оқушы болған, айтыңыз.

Шоқанның оқуы

Шоқан (шын аты – Мұхаммедқанафия) Шыңғысұлы Уәлиханов 1835 жылдың қараша айында қазіргі Қостанай облысында туған. Әкесі Шыңғыс Уәлиханұлы сол жерде аға сұлтан болған.

Жасында ауыл мектебінде мұсылманша хат таныған Шоқан кейін орыс мектебінде тәрбиеленеді. 1847-1853 жылдары ол Омбыдағы Кадет корпусында оқиды. Онда әскери сабақтармен бірге география, тарих, батыс, орыс әдебиеттері, философия, физика, математика, шетел тілдері оқытылған.

Кадет корпусына алғаш оқуға түскен кезде Шоқан орыс тілін білмеген. Бірақ ол өзінің зеректігімен тілді тез үйренген. Шоқанның корпуста бірге оқыған досы және кейін үлкен этнограф-ғалым болған Г.Н. Потанин: Шоқан туралы: «Шоқан өзінің орыс жолдастарынан тез озып, көзге түсті. Ол өте қабілетті еді және оқу орнына түспей тұрып-ақ, суретті өте жақсы сала алатын» деп жазды.

Оқып жүргеннің өзінде Шоқан оқытушылармен жақсы қарым-қатынаста болып, қосымша көптеген елдердің әдебиетін оқып, білімін кеңейтіп, көзқарасын дамытады. Ол өте білімді азамат болып өседі.

Ол кадет корпусын 1853 жылы бітіреді. Оқуды бітіргеннен кейін әскери қызметпен қоса, үлкен зерттеу жұмыстарын жүргізеді.

Шоқан Уәлиханов 1865 жылдың сәуір айында өкпе ауруынан қайтыс болады.

► 8. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Шоқан Уәлиханов қай жылы және қай жерде дүниеге келді?

2. Ол қай қалада оқиды?

3. Шоқан әскери сабақтармен бірге тағы да қандай пәндерді оқиды?

4. Г.Н. Потанин Шоқан туралы не дейді?

5. Ол қай жылы және қандай аурудан қайтыс болады?

► 9. Сөйлемдерді аяқтаңыз.

Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов 1835 жылдың қараша айында ...

Әкесі Шыңғыс Уәлиханұлы ...

Жасында ауыл мектебінде ...

Шоқан кейін орыс мектебінде ...

1847-1853 жылдары ...

Онда әскери сабақтармен бірге ...

Кадет корпусына алғаш оқуға түскен кезде ...

Бірақ ол өзінің зеректігімен ...

Шоқан өзінің орыс жолдастарынан ...

Ол өте қабілетті еді және ...

Шоқан қосымша көптеген елдердің ...

Ол өте білімді ...

► 10. Берілген етістіктермен мәтінге байланысты сөйлем құрастырыңыз.

_____ хат таныған.

_____ тәрбиеленеді.

_____ оқуға түседі.

_____ озады.
_____ көзге түседі.
_____ кеңейтеді.
_____ жүргізеді.
_____ өседі.
_____ қайтыс болады.

► 11. Мәтінді пайдаланып, Шоқанға мінездеме беріңіздер. Ол қандай азамат болған.

► 12. Мәтінде берілген әр абзацқа қандай ат қояр едіңіз. Қойған аттарыңыз бойынша мәтіннің мазмұнын баяндаңыз.

Шоқан – зерттеуші

► 1. Жаңа сөздердің мағынасын синоним арқылы немесе сөздіктен тауып, түсініңіз.

а) аңыз-әңгіме	әдет-ғұрып	тұрмыс-тіршілік
халық жыры	діни ұғым	күрескер
дастан	әдеби мұра	құйрықты жұлдыз
Орта Азия халықтары	мәдениет	

ә) құнды = бағалы
тұңғыш = алғашқы = бірінші
жоғары
қабілетінің арқасында = қабілетінің көмегімен
болумен қатар = болумен бірге

► 2. Етістіктердің мағынасын сөздіктен тауып түсініңіз, басқа сөздермен байланысына көңіл аударыңыз.

шұғылдану – немен **шұғылдану/айналысу**?
жинау – нені **жинау**?
бағалау – кімді қалай **бағалау**?
теңеу – кімді неге **теңеу**?
ашу – нені **ашу**?

- 3. Төмендегі сөздерді пайдаланып алдымен сөз тіркесін, содан кейін сөйлем құраңыз.

Орта Азия халықтары аңыз-әңгіме халық жыры дастан әдет-ғұрып діни ұғым әдеби мұра жаңалық еңбек ғалым	құнды тұңғыш жоғары	шұғылдану жинау бағалау теңеу зерттеу ашу
--	---------------------------	--

- 4. Сөйлемдерді тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

Орта Азия халықтарының тарихын, этнографиясы мен географиясын зерттейді.

Ол Орталық Қазақстанға, Жетісуға, Тарбағатайға, Қырғызстанға, Қытай еліндегі Құлжа қаласына, Қашқарияға саяхат жасайды.

Шоқан барған жерлерінде сол елдің тарихы мен әдет-ғұрпын, діни ұғымдары мен әдеби мұраларын жазып алып, зерттейді.

Шоқан әрі географ, этнограф, тарихшы, әдебиетші, талантты суретші болумен қатар, халқының жақсы өмір сүруі үшін күрескер де болған.

- 5. Мәтінді оқыңыз. Шоқан кім болған, айтыңыз.

Шоқан – зерттеуші

Шоқан Кадет корпусында оқып жүрген кезден бастап-ақ, жазғы демалыс уақыттарында ел ішіндегі аңыз-әңгімелерді, халық жырлары мен дастандарын жазып алумен шұғылданады. Мысалы, Шоқанның алғашқы жазып алған шығармаларының ішінде атақты “Қозы көрпеш – Баян сұлу” жыры болған.

Шоқан Кадет корпусын бітіргеннен кейін Омбы қаласында әскери қызмет істейді. Осы қызметте жүріп, қосымша Орта Азия халықтарының тарихын, этнографиясы мен географиясын зерттейді.

Шоқан жас кезінен саяхатшылардың өмірі мен ісі туралы жазылған кітаптарды көп оқыды. Кейіннен өзі де көп саяхат жасайды. Ол Орталық Қазақстанға, Жетісуға, Тарбағатайға, Қырғызстанға, Қытай еліндегі Құлжа қаласына, Қашқарияға саяхат жасайды.

Шоқан барған жерлерінде сол елдің тарихы мен әдет-ғұрпын, діни ұғымдары мен әдеби мұраларын жазып алып, зерттейді. Ол қысқа уақыт ішінде Еуропаға Орта Азия халықтарының мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігі туралы көптеген құнды жаңалықтар ашады.

Орыс ғалымдары Шоқанның саяхат жасап жүріп жинаған еңбектерін өте жоғары бағалап, жас ғалымды жарқ етіп шыққан күйрікті жүлдызға теңейді.

Шоқан Уәлиханов қазақ халқының ауыз әдебиеті мұраларын қағазға жазып алып зерттеген тұңғыш ғалым. Ол өзінің ерекше қабелетінің арқасында ғылымның бірнеше саласын меңгере білді. Шоқан әрі географ, этнограф, тарихшы, әдебиетші, талантты суретші болумен қатар, халқының жақсы өмір сүруі үшін күрескер де болған.

► 6. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Шоқан Уәлиханов жазғы демалыс кездерінде не істеді?
2. Ол алғаш рет қандай шығарма жазып алды?
3. Ол әскери қызметте жүріп, қосымша не істеді?
4. Шоқан қай жерлерге саяхатқа барады?
5. Шоқан саяхатқа барған жерлерінде немен айналысты?
6. Орыс ғалымдары Шоқанды қалай бағалап, неге теңеді?

Не үшін?

7. Шоқан кім болған?

► 7. Мәтінге қарап, модельдер бойынша сөйлем құраңыз.

Кім қашан немен шұғылдану/айналысу?

Кім қайдан нені жинау?

Кім кімді не үшін қалай бағалау?

Кім кімді неге теңеу?

Кім қандай нені ашу?

► 8. Ойды аяқтаңыз.

Шоқан жазғы демалыстарында еліне барғанда бос болмай-
тын. ...

Шоқан жас кезінен саяхатты ұнатты. ...

Шоқан Еуропа үшін көп жаңалық ашты. ...

Орыс ғалымдары Шоқанды жоғары бағалады. ...

Шоқан қазақ халқының тұңғыш ғалымы. ...

► 9. Берілген бөлімдер бойынша мәтіннің мазмұнын айтыңыз.

1. Шоқан – жас зерттеуші.

2. Шоқан – саяхатшы.

3. Шоқанның еңбектері.


4. Орыс ғалымдарының бағасы.

5. Шоқан – үлкен ғалым.

► 10. Сөйлесейік!

1. Тапсырма. Шоқан Уәлиханов туралы өзіңіз үшін маңызды мәліметтер бойынша сұрақ дайындап, досыңызбен әңгімелесіңіз.

2. Тапсырма. Шоқанды орыс ғалымдары неліктен жарқ етіп шыққан құйрықты жұлдызға теңеді? Ойыңызды айтыңыз.



ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН (1841-1889)

*«Кел, балалар, оқылық!
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық!»*

Ы. Алтынсарин

Ыбырай Алтынсариннің оқуы

- 1. Сөздерді синоним арқылы немесе сөздік арқылы түсініңіз.

ағартушы = білім беруші,
оқытушы ісімен айналы-
сатын адам
педагог = оқытушы
патша өкіметі

ынта = ықылас
тілмаш = аудармашы
дүние жүзі = әлем
сала

- 2. Етістіктердің мағынасын түсініп, басқа сөздермен байла-
нысына көңіл бөліңіз.

арнау – *нені кімге/неге арнау?*

мүмкіндік беру – *кімге қандай мүмкіндік беру?*

ашу – *нені ашу?*

ашылу – *не ашылу?*

алу – *нені/кімді алу?*

алыну – *не/кім алыну?*

► 3. Сөз тіркестеріне көңіл аударыңыз. Өзіңіз мысал келтіріңіз.

көзі ашық = көп оқыған, көп білетін адам;

алдыңғы қатарлы адам = көшбасшы, білімді, ақылды, алдыңғы топтың адамы, басқа адамдар одан үлгі алуға болады. пайдалы – **кімге/неге пайдалы?**

халыққа пайдалы жұмыс = халқына көмек беретін жұмыс.

► 4. Сөздердің синонимдерін табыңыз.

тұңғыш
тамаша
ұлы адам

► 5. Берілген сөздерден сөйлем құраңыз.

Қазақ халқының, ағартушысы, тұңғыш.

Балқожа би алдыңғы қатарлы, заманының, көзі ашық адамы болған.

Мектеп, Орынбарда, ашылды, 1850 жылы.

Ыбырай, оқиды, ынтамен, ерекше.

Өз бетімен, білім алу, көп, Ыбырай.

► 6. Мәтінді оқыңыз. Мына сұрақтарға жауап іздеңіз.

1. Ы. Алтынсарин қайда оқыды?

2. Ол кім болып жұмыс істеді?

Ыбырай Алтынсариннің оқуы

Қазақ халқының тұңғыш ағартушыларының бірі әрі ірі ақыны, жазушысы, әрі тамаша педагогы – Ыбырай Алтынсарин.

Ыбырай Алтынсарин 1841 жылы Қостанай облысында туған. Әкесі ерте қайтыс болады. Оны үлкен атасы Балқожа тәрбиелейді. Балқожа би көзі ашық, заманының алдыңғы қатарлы адамы болған.

XIX ғасырдың екінші жартысында патша өкіметі қазақ балаларына арнап мектептер ашты. Бұл мектеп 1850 жылы Орынбор қаласында ашылды. Оған 30 қазақ баласы алынды, сол отыз баланың бірі – тоғыз жасар Ыбырай болды.

Ыбырай сабақты ерекше ынтамен оқиды. Ыбырай бұл мектепте 7 жыл оқып, 1857 жылы “өте жақсы” деген бағамен бітіреді. Мектепті бітіргеннен кейін Ыбырай тілмаш болып жұмыс істейді. Орынбор қаласында тілмаш болып жұмыс істеп жүргенде, Ыбырай шығысты зерттеуші ғалым В.В. Григорьевпен танысады. Григорьев Ыбырайға өзінің бай кітапханасын пайдалануға мүмкіндік береді. Осы кітапханада Ыбырай дүние жүзі жазушылары мен ұлы адамдарының еңбектерін көп оқиды. Әдебиет, саясат, ағарту саласындағы еңбектермен танысады.

Өз бетімен көп білім алған Ыбырай Алтынсарин оқытушы болып, өмірін халыққа пайдалы жұмыс істеуге арнағысы келеді.

Ыбырай Алтынсарин 1889 жылы қайтыс болады.

► 7. Мәтінге байланысты сұрақтар.

1. Ыбырай Алтынсарин қайда туған?
2. Ыбырайды кім тәрбиелейді?
3. Ыбырайдың атасы қандай адам болған?
4. Ыбырай қай қалада оқиды?
5. Ыбырай мектепті қай жылы бітірді?
6. Мектептен кейін қандай қызмет атқарды?
7. Ыбырай өзі кім болғысы келді?

► 8. Сөйлемді аяқтаңыз.

1. Ыбырай Алтынсарин 1841 жылы _____ ауданында туған.

2. Оны _____ тәрбиелейді.

3. Оның атасы _____ болған

4. Мектепті бітіргеннен кейін Ыбырай екі жыл _____ істейді.

5. Ыбырай үлкен кітапханада _____ оқиды.
6. Өз бетімен көп білім алған Ыбырай _____ арна-
ғысы келеді.

► 9. Әр абзац бойынша алынған негізгі сөздерді пайдалана отырып, сөйлем құраңыз.

1. Ағартушы;
2. Балқожа би;
3. Орынбор;
4. Кітапхана;
5. Оқытушы болу.

► 10. 9-жаттығуда берілген негізгі сөздерді пайдалана отырып, мәтіннің мазмұнын айтыңыз. Өзіңіз мәтін бойынша қандай жо-
спар құрар едіңіз?

Ыбырай Алтынсарин – ағартушы

► 1. Сөздерді синоним арқылы немесе сөздік арқылы түсініңіз.

оқулық = мектепте оқитын кітап

әкім = ел басқарушы

болыс = ел басқарушы

ұрпақ = үрім-бұтақ = бала-шаға

өмірінің ақыры = өмірінің соңы = қайтыс болғанша

► 2. Сөздердің жасалуына көңіл аударыңыз.

Олардың сөйлемдегі қызметін түсіндіріңіз.

қажет – қажетті

ақыл – ақылды

білім – білімді

пайда – пайдалы

тәрбие – тәрбиелі

- 3. Сөйлемдерді 2-жаттығудағы сөздерді пайдалана отырып толықтырыңыз.

Ыбырай мектепке ... нәрселердің бәрін өзі жасады.

Ол балаларға білім, ғылым негіздерін және халқына ..., ... азамат болып өсуді үйретті. Ол қазақ балаларының ... болғанын қалады.

- 4. Мәтінді оқыңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.

а. «Ыбырай Алтынсарин – ағартушы» деген мәтіннің атына қарап, мәтіннің не туралы болатынын айта аласыз ба?

ә. Әр абзацтың бірінші сөйлемін оқып, мәтінде қандай мәселелер туралы айтылатынын айтыңыз.

Ыбырай Алтынсарин – ағартушы

Ыбырай Алтынсарин қазақ жерінде алғаш рет балаларға арналған мектеп ашты. Ол мектеп ашу үшін көп жұмыстар істеді. Мектепке қажетті нәрселердің бәрін өзі дайындады. Алғашқы мектеп 1864 жылдың қаңтар айында ашылды. Мектепте он төрт қазақ баласы оқыды.

1879-1883 жылдары Торғай облысында 4 мектеп, Торғай қаласында техникалық білім беретін алғашқы мектеп, 1887 жылы Ырғызда қыздарға арналған мектеп, 1881 жылы Орск қаласында тұңғыш мұғалімдер мектебін ашады.

Ыбырай Алтынсарин балаларға тек хат тануды үйреткен жоқ, ол балаларға білім, ғылым негіздерін және өз халқына пайдалы, тәрбиелі азамат болып өсуді үйретті. Ол балаларға, оқытушыларға арнап оқулықтарды да өзі жазды. Мысалы, 1879 жылы Орынборда басылып шыққан “Қазақ хрестоматиясы” деген кітабы балалардың тіл мен әдебиетті оқып, үйренуіне көп көмегі тиді. Бұл кітапқа Ыбырайдың балаларға арнап жазған өлеңдері мен әңгімелері, аудармалары енді.

Ыбырай балаларды әкім немесе болыс болу үшін емес, адамгершілігі мол жаңа ұрпақ дайындап шығару үшін оқытты, тәрбиеледі. Ол қазақ балаларының білімді болғанын қалады. Ыбырай өмірінің ақырына дейін қазақ даласында мұғалімдік қызмет атқарды.

► 5. Мәтінге байланысты сұрақтар.

1. Ыбырай Алтынсарин қазақ жерінде не ашты?
2. Мектеп ашу үшін не істеді?
3. Алғашқы мектеп қай жылы ашылды?
4. Мектепте неше бала оқыды?
5. Ол балаларға не үйретті?
6. Ы. Алтынсарин нені қалады?
7. “Қазақ хрестоматиясы” қай жылы, қай қалада басылып шықты.

► 6. Әр абзацтан мәтіннің мазмұнын дәл ашатын сөздерді анықтаңыз.

1. **Абзац.** Ыбырай – оқытушы; алғашқы мектеп;

2. **Абзац.** Ыбырай – оқулықтардың авторы; Саналы азамат дайындау; «Қазақ хрестоматиясы»;

1. **Абзац.** Ыбырай – тәрбиеші; Ыбырайдың арманы; Ыбырайдың өмір жолы.

► 7. 6-жаттығу бойынша дайындаған тірек сөздер арқылы мәтінге жоспар құрып, мазмұнын айтыңыз.

Ыбырай Алтынсарин – ақын

► 1. Сөздерді синоним арқылы немесе сөздік арқылы түсініңіз.

а) идея

шам = шырақ

жұрт = халық, ел

тас сарай = ғимарат

ә) айшылық = бір айлық = бір ай уақыты

жылдам = тез, лезде

- 2. Етістіктердің мағынасын түсініп, басқа сөздермен байланысына көңіл бөліңіз.

мысал бола алу – *кімге/неге мысал болу?*

жағу – *нені жағу?*

жағылу – *не жағылу?*

тілеу – *нені тілеу?*

салу – *кім нені неден салу?*

салғызу, салдыру – *кімге нені неден салғызу?*

суреттеу = сипаттау, бейнелеу – *нені суреттеу?*

оқу – біз оқиық = біз оқылық

- 3. Ауыспалы мағыналы сөздерге көңіл бөліңіз.

1. халық *ағарту* – халықты оқыту;

2. Оқысандар балалар,

Шамнан шырақ жағылар – көп нәрсенің мәнін түсіну;

3. Оқығанды көңілге

Ықыласпен *тоқылық* – ықыласпен ұғып алу, үйрену, меңгеру;

- 4. Тұрақты сөз тіркесінің мағынасын қалай түсінесіз.

Көзді ашып, жұмғанша

Көңіл қою

- 5. Сөздердің антонимін жазыңыз.

Білімді

Алыс

Жылдам

Ықылас

- 6. Мәтіннің немесе, шығарманың тақырыбы мен идеясы деген не?

*Жазушының немесе ақынның шындық болмыстан таңдап, талғап алып, өзінің көркем шығармасына негіз, арқау еткен, өмір құбылыстарының тобы **тақырып** деп аталады.*

Идея – жазушының сол өзі суреттеп отырған өмір құбылысы туралы айтқысы келген ойы, сол өмір құбылысына берген бағасы.

► 7. Мәтінді оқыңыз. Ыбырай Алтынсарин қандай тақырыптарға өлең жазды, айтыңыз.

Ыбырай Алтынсарин – ақын

Бүкіл өмірін ағарту ісіне арнаған. Ыбырай “Қазақ хрестоматиясына” кірген өлеңдерінде де халық ағарту идеясын қолдады. Ыбырай – ақын. Ол өз өлеңдерінде балаларды оқуға, білімге шақырды. Олардың білімді ұрпақ болып өскенін қалады. “Кел, балалар, оқылық” өлеңі осыған мысал бола алады.

Кел, балалар, оқылық!
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық.
Оқысаңдар балалар,
Шамнан шырақ жағылар.
Тілегенің алдыңнан
Іздемей-ақ табылар.

Ал “Өнер-білім бар жұрттар” атты өлеңінде оқу, білім алудағы мақсат неде екенін жақсы түсіндіріп жазады.

Мысалы,

Өнер-білім бар жұрттар
Тастан сарай салғызды.
Айшылық алыс жерлерден
Көзіңді ашып, жұмғанша,
Жылдам хабар алғызды.

Ыбырай тек оқу, білім, өнер тақырыптарында ғана емес, сонымен қатар, табиғат тақырыбында да өлеңдер жазды. Мысалы, “Жаз”, “Өзен” деген өлеңдері табиғатты суреттеуге арналған. Ыбырай Алтынсариннің барлық тақырыпта жазған өлеңдерінің тәрбиелік мағынасы үлкен.

► 8. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Ыбырай Алтынсариннің қандай өлеңдері бар?
2. «Кел, балалар, оқылық!» өлеңі не туралы жазылған?
3. “Өнер-білім бар жұрттар” өлеңі не туралы?
4. Ыбырай оқу, білімнен басқа қандай тақырыптарда өлеңдер жазған?
5. Ыбырайдың барлық өлеңдерінің қандай маңызы бар?

► 9. Сөйлемдерді толықтырыңыз.

1. Олардың _____ өскенін қалады. “Кел,
2. балалар, оқылық!” өлеңінде _____ шақырды.
3. Ал “Өнер-білім бар жұрттар” атты өлеңінде _____ түсіндіріп жазады.
4. Ыбырай тек оқу, білім, өнер тақырыптарында ғана емес, сонымен қатар, _____ жазды.

► 10. Ыбырайдың «Кел, балалар, оқылық!» және «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңдерінің мағынасын сұрақтарға жауап бере отырып, қара сөзбен жазып көріңіз.

I. «Кел, балалар, оқылық!»

1. Ыбырай бұл өлеңде балаларды неге шақырады?
2. Қалай оқуға шақырады?
3. Автор егер балалар көңіл қойып оқыса не болады дейді?

II. «Өнер-білім бар жұрттар»

1. Автор бұл өлеңде нені түсіндіргісі келді?
2. Автор өнері, білімі бар жұрттар не істей алады дейді?

► 11. Сөйлесейік!

Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Ыбырай Алтынсариннің өлеңдерінің негізгі тақырыбы не деп ойлайсыз?

2. Ыбырайдың тақырыптарының негізгі идеясы не деп ойлайсыз?

3. «Кел, балалар, оқылық!» және «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңдерінің тақырыбы мен идеясы туралы не айта аласыз?

Ыбырай Алтынсариннің әңгімелері

► 1. Сөздерді синоним арқылы немесе сөздік арқылы түсініңіз. Сөз тіркестерін аударыңыз.

әдет _____ жақсы /жаман әдет;
ой-сана _____ балалардың ой-санасы;
оқиға – оқиғалы = оқиғасы бар
тартымды _____ тартымды болу
талапты = қабілетті _____ талапты болу;
жалқау-жалқаулық _____ жалқау
болу; жалқаулықты сынау;
надан-надандық _____ надан болу;
надандықты сынау;

► 2. Етістіктердің мағынасын түсініп, басқа сөздермен байланысына көңіл бөліңіз.

лайықтау – неге *лайықтау*?
қызықтыру – кімді неге *қызықтыру*?
қадағалау – нені *қадағалау*?
негізін салу – ненің *негізін салу*?
ұмтылу – неге *ұмтылу*?
баулу = тәрбиелеу – кімді неге *баулу*?
сынау – кімді/нені *сынау*?
аулақ болу – неден *аулақ болу*?
сүю (сүй) – кімді/нені *сүю*?
қадірлеу = құрметтеу – кімді/нені *қадірлеу*?

► 3. Мәтінді оқыңыз. Аударыңыз. Ыбырайдың әңгімелерінің негізгі тақырыбы не, айтыңыз.

Ыбырай Алтынсариннің әңгімелері

Ыбырайдың әдебиет саласындағы негізгі еңбегі балаларға арналған. Ол өз шығармаларын да, аудармаларын да, қазақтың ауыз әдебиетінен алған үлгілерін де балалардың ой-санасына, ұғымына лайықтап жазды. Шығарманың баланы қызықтыратын оқиғалы болуын, қысқа, тартымды жазылуын қадағалады. Ыбырай Алтынсарин қазақ балалар әдебиетінің негізін салушы болды.

“Қазақ хрестоматиясына” кірген әңгімелерінде Ыбырай жастарды еңбекті сүйеге, оқу-өнерге ұмтылуға, талапты болуға баулиды. Жалқаулықты, надандықты сынап және жастарды ондай әдеттерден аулақ болуға шақырады. Еңбекті сүйе және қадірлеу – Ыбырай әңгімелерінің негізгі тақырыбы. Оның әңгімелерінің тәрбиелік мәні өте үлкен.

► 4. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Ыбырай шығармаларын қалай жазды?
2. Балаларға арналған шығармаларды жазғанда нені қадағалады?
3. Ыбырай ненің негізін қалады?
4. Ыбырай жастарды неге ұмтылуға шақырады?
5. Қандай болуға баулиды?
6. Ыбырай әңгімелерінде нені сынайды?
7. Ыбырай қандай әдеттерден аулақ болуға шақырады?
8. Ыбырай әңгімелерінің негізгі тақырыбы не?
9. Оның шығармаларының қандай мәні бар?

► 5. Құрмалас сөйлемдерден жай сөйлем жасаңыз.

1. “Қазақ хрестоматиясына” кірген әңгіме-новеллаларында Ыбырай жастарды еңбекті сүйеге, оқу-өнерге ұмтылуға, талапты болуға баулиды.

2. Жалқаулықты, надандықты сынап және жастарды ондай әдеттерден аулақ болуға шақырады.

- 6. Берілген сөйлемдердің мағынасын басқа сөйлемдермен беріңіз.

Ол өз шығармаларын да, аудармаларын да, қазақтың ауыз әдебиетінен алған үлгілерін де балалардың ой-санасына, ұғымына лайықтап жазды. Шығарманың баланы қызықтыратын оқиғалы болуын, қысқа, тартымды жазылуын қадағалады.

Ыбырай жастарды еңбекті сүйеге, оқу-өнерге ұмтылуға, талапты болуға баулиды. Жалқаулықты, надандықты сынап және жастарды ондай әдеттерден аулақ болуға шақырады. Еңбекті сүйу және қадірлеу – Ыбырай әңгімелерінің негізгі тақырыбы.

- 7. Ыбырай әңгімелерінің мақсаты мен негізгі тақырыбы туралы айтыңыз.

Жаман жолдас

- 1. Сөздерді антоним арқылы немесе сөздік арқылы түсініңіз. Сөз тіркестерін аударыңыз.

аю
орман
әлсіз ≠ мықты
ауру ≠ дені сау

өлу ≠ тірілу
өлген кісі –
өлген кісі сияқты –

- 2. Етістіктердің мағынасын түсініп, басқа сөздермен байланысына көңіл бөліңіз.

тию – кімге/неге **тию?**

иіскеу – кімді/нені **иіскеу?**

бұрылу – қайда **бұрылу?**

өз жөніне кете беру – өз жөнімен жүре беру

сыбырлау – кімге не деп **сыбырлау?**

қашу – кімнен/неден **қашу?**

тастау – кімді/нені **тастау?**

тастап қашу

► 3. Сөйлемдерді оқып аударыңыз.

Аю өлген кісіге тимейді. Аю жерде жатқан кісіні иіскеп тұрды да, бұрылып өз жөніне кетті. Аю құлағыңа не деп сыбырлап кетті? Қауіпті жағдайда досын тастап қашатын адаммен дос болмау керек.

► 4. Мағынасы жағынан бір-біріне қарама-қарсы сөйлем жазыңыз.

1. Екі кісінің біреуі әлсіз, ауру екен.
2. Жас жігіт ағаштың басына шығып кетті.

► 5. Әңгіменің атын оқыңыз. Әңгіме не туралы болады деп ойлайсыз? Әңгімені толық оқып шығыңыз. Аю не деп сыбырлады? Сіз қалай ойлайсыз?

Жаман жолдас

Екі дос кісі орманда келе жатыр еді. Оларға бір аю кездеседі.

Бұл екі кісінің біреуі әлсіз, ауыру екен. Екіншісі мықты, дені сау болады. Мықты әрі жас жігіт аюды көрген соң, қасындағы ауру жолдасын тастап, өзі бір үлкен ағаштың басына шығып кетеді. Ал ауру кісі ағашқа шыға алмай, өлген кісі сияқты жерге жата қалады. Бұрын ол “аю өлген кісіге тимейді” деп естіген болатын.

Аю жерде жатқан кісінің жанына келіп, иіскеп тұрады да, содан кейін бұрылып өз жөніне кете береді. Аю кеткеннен кейін ағаштың басында отырған жігіт жерге түсіп, ауру жолдасынан сұрапты:

– Досым, аю сенің құлағыңа не деп сыбырлап кетті?

Ауру:

– Аю құлағыма сыбырлап ақыл айтты. Екінші рет қиын кезде жолдасын тастап қашатын адамдармен жолдас болма деді, – дейді.

► 6. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Екі дос қай жерде келе жатыр еді?
2. Оларға не кездесті?
3. Бірінші адам аюды көргенде не істеді?
4. Екінші дос неге ағаштың басына шыға алмады?
5. Екінші адам не істеді?
6. Аю не істеді?
7. Ауру адам ағаштың басынан түсіп келген досына не деп айтты?

► 7. Сөйлемдерді әңгімеге сәйкес аяқтаңыз.

1. Екі дос орманда келе жатыр еді, оларға ...
2. Бұл екі кісінің біреуі ...
3. Екіншісі ...
4. Жас жігіт аюды көрген соң, ...
5. Ауру адам өлген кісі сияқты жерге жата қалады, себебі ...
6. Аю жерде жатқан адамды иіскейді де, ...
7. Аю менің құлағыма сыбырлап былай деді: – ...

► 8. Мәтіннен екі адамды суреттейтін жерді тауып оқып, айтып беріңіз.

► 9. Мәтінді мағыналы бөліктерге бөліп, мазмұнын айтыңыз.

► 10. Әңгімедегі екі кейіпкерге өзіңіз мінездеме беріңіз.

► 11. Сөйлесейік!

1. Тапсырма. Жақсы дос пен жаман дос қалай болу керек, анықтама беріңіз.

2. Тапсырма. Ыбырай Алтынсарин осы әңгімесі арқылы нені айтқысы келді, қалай ойлайсыз?

3. Тапсырма. Мақалды оқыңыз. Ыбырайдың «Жаман жолдас» әңгімесімен байланысын түсіндіріңіз.

*Жаман дос – көлеңке
Басыңды күн шалса,
Қашып құтыла алмайсың.
Басыңды бұлт алса,
Іздеп таба алмайсың.*

Бақша ағаштары

- 1. Сөздерді антоним арқылы немесе сөздік арқылы түсініңіз. Сөз тіркестерін аударыңыз.

төре
бұтақ
тік, түзу ≠ қисық
көрікті ≠ көріксіз
үлгі алу
қате – қатені түзеу

- 2. Сөздердің жасалуына көңіл аударыңыз. Мағынасын түсіндіріңіз.

егу (ек) – егілген ағаштар – *қандай ағаш?*
қурау – қураған бұтақ – *қандай бұтақ?*
күту – күтім керек – *не керек?*
өсу – *не өсу?*
өсіру – *нені өсіру?*
Бағу – бағусыз, бағусыз өсу – *қалай өсу?*
Қарау – қараусыз, қараусыз өсу – *қалай өсу?*
бағып-қағып өсіру – *қалай өсіру?*

- 3. Сөйлемдерді оқып, аударыңыз.

Бір төре өзінің баласымен бақшаға барып, егілген ағаштар мен жемістерді аралап көріп жүрді. Бақшада кейбір ағаштар түзу, әдемі, ал кейбір ағаштар қисық, көріксіз екен. Түзу ағашты бағып-қағып өсірген, ал қисық ағаштар бағусыз өскен. Олардың қисық, қураған бұтақтарын кеспеген. Бағып-қағуда көп мағына бар.

- 4. 3-жаттығуда берілген сөйлемдердің ішінен ағаштар мен бұтақтарды сипаттап тұрған сөздерді және өзіңіз ойлап тапқан сөздерді қарама-қарсы мағынада екі бағанға жинақтаңыз.

Қандай ағаш/ бұтақ?	Қандай ағаш/ бұтақ?
Биік	Аласа

- 5. Өңгімені оқыңыз. Ағаштар неліктен әртүрлі болып өскен, айтыңыз.

Бақша ағаштары

Жаздың әдемі күнінде, таңертең бір төре өзінің баласымен бақшаға барып, егілген ағаштар мен жемістерді аралап көріп жүрді.

Бақша ішінде ағаштар әртүрлі болып өсіпті. Кейбір ағаштар түзу, әдемі, ал кейбір ағаштар қисық, көріксіз екен.

– Мына ағаш неге тік, анау ағаш неге қисық өскен? – деп сұрады баласы.

– Оның себебі, балам, түзу ағашты бағып-қағып өсірген. Қисық бұтақтары болса, кесіп отырған. Ал мына ағаш (қисық ағаш) бағусыз өскен, яғни оның қисық және қураған бұтақтарын кеспеген, – деді әкесі.

– Олай болса, бағып-қағуда көп мағына бар екен ғой! – деді баласы.

– Бағып-қағуда көп мағына бар. Мұнан сен де өзіңе үлгі ал. Сен жас ағашсың, саған да күтім керек. Мен сенің қатеңді түзесем, сен менің айтқанымды түсінсең, жақсы адам болып өсесің. Бағусыз, қараусыз қалсаң, сен де қисық ағаш сияқты қисық, тәрбиесіз, жаман болып өсесің, – депті әкесі.

- 6. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Бақшаға кімдер келеді?
2. Бақшада ағаштар қалай өскен?

3. Бала төреден не деп сұрайды?
4. Төре не деп түсіндіреді?
5. Бағып-қағудың маңызы неде?
6. Жас балаларға күтім керек пе? Неге?

► 7. Сөйлемдегі ойды аяқтаңыз.

1. Таңертең бір төре баласымен ...
2. Бақшада ағаштар әртүрлі ...
3. Егер ағашты жас кезінен бағып-қағып өсірсең, онда ...
4. Ал жас кезінен бағусыз, қағусыз өскен ағаш ...
5. Сен де осыдан үлгі ал, себебі ...

► 8. Өсу және өсіру етістіктерінің қолданылуына мәтіннен мысалдар жазыңыз. Олардың айырмашылығын түсіндіріңіз.

► 9. Әңгімені оқып біреуің әкесі, ал екіншің баласы болып сұхбаттасыңыз.

► 10. Өмірде қандай адамдар кездеседі? Төмендегі екі бағанға қарама-қарсы мағынадағы адамның мінезін, қасиетін сипаттайтын сөздерді ойлап жазыңыз.

<i>Қандай адам?</i>	<i>Қандай адам?</i>
ақылды	ақылсыз

► 11. Мәтінді мағыналы бөліктерге бөліп ат қойыңыз. Кімнің бөлімдері сіздерге ұнады. Сол бойынша әңгіменің мазмұнын айтыңыз.

► 12. Сөйлесейік!

1. Тапсырма. Ыбырай Алтынсарин бұл әңгіме арқылы жастарға қандай тәрбие бергісі келді? Өз пікіріңізді дәлелдеп айтыңыз.

2. Тапсырма. Сіз өзіңіз бұл әңгімеден қандай ғибрат алдыңыз?

3. Тапсырма. «Ыбырай әңгімелерінің тәрбиелік мәні» деген тақырыпта шығарма жазып көріңіз.

► Ыбырай Алтынсарин туралы сұрақтар. Өзіңізді тексеріңіз.

1. Ы. Алтынсарин кім?
2. Ы. Алтынсарин қай жылы туылды?
3. Ы. Алтынсаринді кім тәрбиеледі?
4. Ы. Алтынсарин қайда оқыды?
5. Ы. Алтынсарин не үшін оқытушы болғысы келді?
6. Ы. Алтынсарин ағартушы ретінде не істеді?
7. Ы. Алтынсарин не жазды?
8. Ы. Алтынсариннің шығармаларының негізгі тақырыптары не туралы?
9. Ы. Алтынсариннің қандай өлеңдерін білесіз?
10. Олар не туралы?
11. Ы. Алтынсариннің қандай әңгімелерін білесіз?
12. Олар не туралы?
13. Ы. Алтынсариннің қай шығармасы сізге ұнады? Неге?



АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ (1845-1904)

*«Абай – қазақтың классик әдебиетінің атасы,
қазақ поэзиясының күн шуақты асқар биігі»*
М. Әуезов

Абай Құнанбаев

- 1. Сөздерді сөздік арқылы түсініңіз.

медресе = діни мектеп

өмір – тіршілік

әділетсіздік – әділет – әділетсіз – әділетсіздік

тұлға = жеке адам

- 2. Етістіктердің мағынасын түсініп, басқа сөздермен байланысына көңіл аударыңыз.

құмарта тыңдау – *нені құмарта тыңдау?*

терең түсіне бастау – *нені терең түсіне бастау?*

сүйену – *неге сүйену?* – ғылымға, философияға сүйенген;

араласу – *неге араласу?* – ел басқару ісіне араласқысы келмейді;

тану – танылу – *кімге қайда танылу?* – халық арасында таныла бастайды;

- 3. Тұрақты тіркестерге назар аударыңыз. Өзіңіз мысал келтіріңіз.

көзқарасы = ой-пікір – ғылымға, философияға сүйенген **көзқарасы** бар.

көзге түсу = көріну – Абай жеке тұлға ретінде **көзге түсе** бастады

әуес болу = қызығу – Абай ауыз әдебиетіне **әуес** болды.

сауат ашу = әріп тану – ауыл молдасынан **сауат ашты**.

- 4. Адам аттарын тыңдаңыз, қайталаңыз оқыңыз.

Абайдың әкесі – Құнанбай, әжесі – Зере, шешесі – Ұлжан, бауырлары: Құдайберді, Тәңірберді, Ысқақ, Оспан, Қалиолла, Ысмағұл;

Шығыс классиктері: Низами, Сағди, Хафиз, Физули.

Дүние жүзінің ұлы адамдары: Сократ, Платон, Аристотель, Байрон, Гете, А. Дюма, Спенсер, Льюис Дарвин, Дрепер.

- 5. Мәтінді оқыңыз. Абай қандай тілдерді білген, айтыңыз.

Абай Құнанбаев

Қазақтың ұлы ақыны Абай (Ибраһим) Құнанбаев 1845 жылы Семей облысы, қазіргі Абай ауданында дүниеге келген. Әкесі Құнанбай сол кезде болыс болған. Құнанбайдың 7 ұлы болған (Құдайберді, Тәңірберді, Абай, Ысқақ, Оспан, Қалиолла (жас қайтыс болған), Ысмағұл). Солардың ішінде Абай жас кезінен-ақ ерекше көзге түскен. Ол өлең, әңгімеге өте әуес болады, ертегі, аңыздарды құмарта тыңдайды. Оның әжесі Зере мен шешесі Ұлжан Абайға халық ауыз әдебиетін, ертегі, аңыз әңгімелерді көп айтқан.

Абай алдымен ауыл молдасынан сауатын ашады. Әкесі Абайды 10 жасында Семейге оқуға жібереді. Ол медреседе оқып жүргенде араб, парсы, түркі тілдерін үйренеді. Тіл үйренгеннен кейін ол шығыстың классик ақындары: Низами,

Сағди, Хафиз, Физули шығармаларымен, дастандарымен таныса бастайды.

Бұдан кейін ол Семей қаласындағы “Приходская школаға” түсіп, мұнда үш ай оқиды. Бұл кейін орыс тілін өз бетімен үйренуіне мүмкіндік береді.

Он үш жасында Абайды әкесі Құнанбай оқудан шығарып ауылға алып барып, ел басқаруды үйрете бастайды. Осы кезде ол халықтың өмір-тіршілігін, ел ішіндегі әділетсіздіктерді терең түсіне бастайды. Абай ел басқару ісіне араласқысы келмейді, халыққа көмектесудің басқа жолын іздейді.

Абай 60-шы жылдардың аяқ кезінен бастап орыс әдебиеті классиктерімен бірге дүние жүзі ұлы адамдарының: Сократ, Платон, Аристотель, Байрон, Гете, А. Дюма, Спенсер, Льюис Дарвин, Дрепер т.б. шығармаларын көп оқиды.

1884-1885 жылдарда, 40 жасында Абай көп білетін, ғылымға, философияға сүйенген өзінің көзқарасы бар, ерекше білімді тұлға ретінде халық арасында таныла бастайды.

Абай Құнанбаев 1904 жылы қайтыс болады.

► 6. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Абай қай жылы, қай жерде туылған?
2. Абайдың әкесі кім болған?
3. Абай бала кезінде неге әуес, құмар болған?
4. Абай қайда оқыған?
5. Абай қай тілдерді меңгерген?
6. Абай үйренген тілі арқылы кімдерді оқи бастайды?
7. Абай қосымша үш ай қай мектепте оқиды?
8. Әкесі Абайды не үшін елге алып кетті?
9. Абай не үшін ел басқару ісіне араласқысы келмеді?
10. Ол еліне көмектесу үшін жолды қайдан іздеді?
11. Абай білімін қалай толықтырды?
12. 40 жасында Абай қандай дәрежеге жетті?
13. Абай неше жасында қайтыс болды?

► 7. Сөйлемдерді аяқтаңыз.

1. Әкесі Абайды он жасында _____ оқуға жіберді.
 2. Ол медреседе _____ үйренді.
 3. Жас кезінен өлең, әңгіме _____ болған.
 4. Он үш жасында _____ үйрете бастайды.
 5. Осы кезде ол _____ терең түсіне бастайды.
 6. Абай ел басқару ісіне араласқысы келмей, халыққа көмектесудің _____ іздейді.
7. 40 жасында Абай көп білетін, ғылымға, философияға сүйенген өзінің көзқарасы бар жеке тұлға ретінде _____ таныла бастайды.

► 8. Істелген іс-әрекеттердің себебін түсіндіріңіз.

1. Абайды әкесі Құнанбай оқудан шығарып ауылға алып қайтады. Себебі ...
2. Абай ел басқару ісіне араласқысы келмейді. Өйткені ...
3. Абай 40 жасында халық арасында кеңінен таныла бастайды. Себебі ...
4. Абай шығыс пен батыс классиктерін еркін оқи алатын. Себебі ...

► 9. Мәтін мынадай бөлімдерге бөлінген. Сіз өз жоспарыңызды жасаңыз. Сол бойынша мәтіннің мазмұнын айтыңыз.

1. Абайдың отбасы.
2. Абайдың оқуы.
3. Абайдың ауылға қайтуы.
4. Абайдың өз бетімен оқуы.
5. Абайдың халыққа танылуы.

Абай – ұлы ақын

► 1. Сөздерді сөздік арқылы түсініңіз. Сөз тіркестерін аударыңыз.

дәреже = деңгей – жоғары дәреже;
әр қилы = әртүрлі

жоғары
шам-шырақ

► 2. Сөздердің қалай жасалғанын түсіндіріңіз, сөздердің түбірін табыңыз және аударыңыз.

ақылдылық
ойлылық
қайырымдылық
табандылық = қайраттылық
әділдік
мейірбандық
көпшілік
шеберлік

► 3. Етістіктердің мағынасын түсініп, басқа сөздермен байланысына көңіл аударыңыз.

жету – *қайда жету?*
көшіру – *нені қайда көшіру?*
қамту – *нені қамту?*
мадақтау – *нені/кімді мадақтау?*
аудару = тәржімалау – *нені аудару/ тәржімалау?*
қалыптастыру – *нені қалыптастыру?*

► 4. Берілген сөздердің антонимін табыңыз.

Ерте, жоғары, білімді, ақылдылық, ойлылық, қайырымдылық, қайраттылық, табандылық, әділдік, мейірбандық.

► 5. Сөйлемдерді оқып, мағынасын түсініңіз.

1. Абай өлеңдерін он екі жасынан бастап шығарған.
2. Отыз бес жасқа келгенде жазған өлеңдерін өзінің емес, Көкпайдың атынан шығарады.
3. Абайдың өлеңдерінің мағынасы мен мазмұны әр қилы, әртүрлі тақырыпта жазылған.

4. Абай өлеңдерінде жастарды оқу, білім, ғылымға шақыра отырып, адамгершілік асыл мінездерді: ақылдылық, ойлылық, қайырымдылық, қайраттылық, табандылық, әділдік, мейірбандықты мадақтайды.

5. Абай Құнанбаев өзі оқыған орыс классиктердің өлеңдері мен поэмаларын қазақшаға аударған.

► 6. Мәтінді оқыңыз. Абай өлеңдерін қандай тақырыптарда жазған, айтыңыз.

Абай – Ұлы ақын

Абай өлеңді өте ерте, он екі жасынан бастап шығарған. Оның бұл кезеңде шығарғандарының көпшілігі бізге жеткен жоқ.

Отыз бес жасқа келгенде жазған өлеңдерін өзінің емес, Көкпайдың атынан шығарады. Тек 1886 жылдан бастап шығарған өлеңдерін өз атына көшіреді.

Абайдың өлеңдерінің мағынасы мен мазмұны әр қилы, әртүрлі тақырыпта жазылған. Мысалы, табиғат лирикасы, махаббат лирикасынан бастап, жоғары дәрежедегі азаматтық, философиялық тақырыптарды қамтиды.

Ол көбінесе мәдениет пен білімді үйренуге шақырды. 1885 жылы “Жасымда ғылым бар деп ескермедім” өлеңін жазған. Бұл өлеңде Абай ғылымды, білімді ерте кезден бастап оқу керектігін айтқысы келген. 1886 жылы “Ғылым таппай мақтанба”, “Интернатта оқып жүр” деген өлеңдерін жазды. Бұл өлеңдерінде жастарды оқу, білім, ғылымға шақыра отырып, адамгершілік асыл мінездерді: ақылдылық, ойлылық, қайырымдылық, қайраттылық, табандылық, әділдік, мейірбандықты мадақтайды.

Абайдың көптеген өлеңдерімен қатар үш поэмасы да бар.

Абай Құнанбаев өзі оқыған орыс классиктердің өлеңдері мен поэмаларын қазақшаға аударған. Мысалы, А.С. Пушкиннің, М.Ю. Лермонтовтың және И. Крыловтың мысалдары мен еңбектерін қазақ тіліне үлкен шеберлікпен тәржімалаған. Ол Лермонтовтың 27 шығармасын аударды.

Абай Құнанбаев – ұлы ақын, қазақ әдебиетінің шамшырағы. Абай өз өлеңдері арқылы қазақ поэзиясын жаңа биікке көтеріп, қазақ әдеби тілін дамытып, қалыптастырды. Ол қазақтың жазба әдебиеті тілінің негізін салушы.

► 7. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Абай өлеңді қай кезден бастап шығарған?
2. Ол өлеңдерін кімнің атынан шығарған?
3. Қай жылдан бастап өлеңдерін өз атынан шығарған?
4. Абай қандай тақырыптарды жырлаған?
5. Абай өлеңдерінде жастарды неге шақырған?
6. Қандай өлеңдерінде адамның қандай мінездерін мадақтайды?
7. Абай кімдерді аударған?
8. Абай қай тілден қай тілге аударған?
9. Абайдың қазақ әдебиетіндегі орны қандай?
10. Абай ненің негізін қалады?

► 8. Берілген тірек сөз тіркестерін пайдалана отырып, мәтіннің мазмұнына сәйкес сөйлем құраңыз.

Он екі жас;
Көкпайдың аты;
Өзінің аты;
Тақырып;
Табиғат, махаббат лирикасы;
Азаматтық, философиялық тақырып;
Мәдениет пен білімді үйрену;
Асыл мінездер;
Аудармалар.

► 9. Сөйлемдердің құрылымын өзгертіп жазыңыз.

1. Абай табиғат лирикасы, махаббат лирикасынан бастап, жоғары дәрежедегі азаматтық, философиялық тақырыптарды қамтиды.

2. Бұл өлеңдерінде жастарды оқу, білім, ғылымға шақыра отырып, адамгершілік асыл мінездерді: ақылдылық, ойлылық, қайырымдылық, қайраттылық, табандылық, әділдік, мейірбандықты мадақтайды.

3. Абай Құнанбаев өзі оқыған орыс классиктердің өлеңдері мен поэмаларын қазақшаға аударған.

- 10. Мәтінге жоспар құрып, мазмұнын айтыңыз.

Ғылым таппай мақтанба

- 1. Сөздерді синоним немесе сөздік арқылы түсініңіз.

өсек	мал шашпақ	еңбек
өтірік	бекер мал шашпақ	ой – терең ой
еріншек	дұшпан = жау	қанағат
мақтаншак	талап	рақым

- 2. Етістіктердің мағынасын түсініп, басқа сөздермен байланысына көңіл бөліңіз.

мақтану –
баптану
шаттану
құмарлану – құмарланып шаттанба – неге **құмарлану/шаттану**
күлу – босқа күлу
көну
тілеу
ойлап қой = ойла
асық болу = жақын болу – неге **асық болу?**
қайғы жеу – неге **қайғы жеу?**
қашық болу = алыс болу, аулақ болу – неден/кімнен **алыс болу?**

► 3. Төмендегі сөйлемдерді грамматикалық форма жағынан талдаңыз. Ұқсас формалардың астын сызыңыз.

1. Ғылым таппай мақтанба, Орын таппай баптанба, Құмарланып шаттанба	2. Бес нәрсеге асық бол Бес нәрседен қашық бол
---	---

► 4. Сөздердің синонимін табыңыз.

Құмарлану, шаттану, қанағат, рақым, адам болу;

► 5. Төмендегі кестені толтырыңыз. Өзіңіз білетін адамның тағы жақсы, жаман қасиеттерін атап жазыңыз. Өткен сабақты еске түсіріңіз.

өсек
талап
еңбек
өтірік
терең ой

мақтаншақ
еріншек
қанағат
бекер мал шашпақ
рақым

<i>Асыл істер</i>	<i>Адамның дұшпандары</i>

► 6. Өлеңді оқыңыз. Абай қандай бес асыл іс пен бес дұшпан туралы айтады, айтыңыз.

Ғылым таппай мақтанба

Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге.
Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз.

Тілеуің, өмірің алдында
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ –
Бес дұшпаның, білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым ойлап қой –
Бес асыл іс көнсеңіз.

► 7. Өлеңді жаттап алыңыз.

► 8. Берілген өлең жолдарын жай сөйлемге айналдырыңыз.

1. Тілеуің, өмірің алдында

Оған қайғы жесеңіз.

2. Өсек, өтірік, мақтаншақ,

Еріншек, бекер мал шашпақ –

Бес дұшпаның, білсеңіз.

3. Талап, еңбек, терең ой,

Қанағат, рақым ойлап қой –

Бес асыл іс көнсеңіз.

► 9. Сіз қалай ойлайсыз?

1. Абай өлеңін неліктен «Ғылым таппай мақтанба» деп атаған?

2. Абайдың ойынша, неден қашық болу керек? Неге асық болу керек?

3. Бұл өлеңнің идеясы мен тақырыбы туралы не айта аласыз?

4. Адамның бойындағы сіз жақсы көрмейтін қасиеттер қандай қасиеттер?

5. Адамның бойындағы сіз бағалайтын қасиеттер қандай қасиеттер?

Абай – сазгер

- 1. Сөздерді синоним немесе сөздік арқылы түсініңіз.

сазгер

бағалау – *нені қалай бағалау?* – халық музыкасын жете бағалау

танымал = белгілі, атақты;

орындап жүру = айтып жүру – *кім нені орындау?* – Әншілер Абайдың әндерін қазіргі кезде де орындап жүр;

- 2. Ән атауларын тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз. Ән атауларына қарап ән не туралы екенін айтып көріңіз.

“Сегіз аяқ”, “Желсіз түнде жарық ай”, “Көзімнің қарасы”, “Айттым сәлем, Қаламқас”, “Бойы бұлғаң”, “Қараңғы түнде тау қалғып”.

Абай – сазгер

Абай тек қана ақын емес, сонымен бірге сазгер, қазақтың халық музыкасын терең білген, жете бағалаған адам болды.

Ол өз өлеңдеріне ән де жазған. Мысалы, 1889 жылы “Сегіз аяқ” деген өлеңіне ән жазды. Бұл ән кезінде кең тараған әндердің бірі болды. Сонымен қатар “Желсіз түнде жарық ай”, “Көзімнің қарасы”, “Айттым сәлем, Қаламқас”, “Бойы бұлғаң”, “Қараңғы түнде тау қалғып” деген әндері де бар. Бұл әндер халық арасында өте танымал. Бұл әндерді әншілер қазіргі кезге дейін орындап жүр. Бұл әндерді білмейтін қазақ жоқ десе де болады.

Желсіз түнде жарық ай

Желсіз түнде жарық ай,

Сәулесі суда дірілдеп.

Ауылдың маңы терең сай,

Тасыған өзен гүрілдеп.

Қалың ағаш жапырағы
Сыбырласып өзді-өзі.
Көрінбей жердің топырағы,
Құлпырған жасыл жер жүзі.
Тау жаңғырып, ән қосып
Үрген ит пен айтаққа.
Келмеп пе едің жол тосып
Жолығуға аулаққа?

Көзімнің қарасы

Көзімнің қарасы
Көңілімнің санасы
Бітпейді ішімде
Ғашықтық жарасы

Қазақтың данасы,
Жасы үлкен ағасы
Бар демес сендей бір
Адамның баласы.

Жырлайын, жылайын
Ағызып көз майын
Айтуға келгенде,
Қалқаға сөз дайын.

Жүректен қозғайын,
Әдептен озбайын.
Өзі де білмей ме,
Көп сөйлеп созбайын?

► 3. Әндерді үйреніп алыңыз.

► 4. Сөйлемдердің мағынасын басқа тіл құралдары арқылы беріңіз.

1. Абай тек қана ақын емес, сонымен бірге сазгер, қазақтың халық музыкасын терең білген, жете бағалаған адам болды.
2. Бұл әндер халық арасында өте танымал.

3. Қазіргі кезге дейін бұл әндерді әншілер орындап жүр.

► 5. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Сазгер деген кім?
2. Абайдың қандай әндері бар?
3. Сізге қай әні ұнады? Не себепті?

Абай өлеңдерінің тілі

► 1. Сөз бен сөз тіркестерінің мағыналарын сөздік арқылы түсініңіз.

қор – тілдік қор
көркемдеу тәсілдері
үлгі – көркемдеу тәсіл
үлгілері эпитет
теңеу
метафора
ызалы жүрек
асау жүрек
қол – долы қол
ләззат – жан ләззаты

дау = жанжал = ұрыс
мол = көп
қайғылы = қайғылы жүрек
бұлқыну
қайрат – бұлқынған қайрат
жүрек – қан жүрек
шәрбат – тән шәрбаты.
жолбарыс – жаралы жолбарыс
лақ – киіктің лағы
бейне – адам бейнесі

► 2. Сөздердің антонимін табыңыз.

мол, көп
қайғы
қайғылы
ләззат
асау

► 3. Етістіктердің мағыналарын түсініңіз. Басқа сөйлемдермен байланысына көңіл аударыңыз.

меңгеру – *нені меңгеру?*
таңдап ала білу – *нені таңдап ала білу?*
пайдалану – *нені пайдалану?*
пайдаланылу – *не пайдаланылу?*
кектену – *кімге/неге кектену?*
шалыс басу = қателесу – *кім шалыс басу/қателесу?*
тану – *кімді нені тану?*

► 4. Мәтінді оқыңыз. Абай қандай көркемдеу тәсіл түрлерін пайдаланғанын айтыңыз.

Абай өлеңдерінің тілі

Абай – ең алдымен, қазақтың ұлттық тілін еркін меңгерген, тілдік қоры бай ақын. Ол халықтың ғасырлар бойы жасаған сөз өнерінің бар асылын таңдап ала білді.

Абай өлеңдерінде көркемдеу тәсілдерінің бай үлгілері кездеседі.

Абай өлеңдеріндегі **теңеулер**:

Өз үйінде **өзендей**
Күркірейді айтса дау.
Піскен алма секілді тәтті қызды.
Құйрықты жұлдыз секілді.

Ал **эпитет** Абайда тым мол әрі жаңа мағынаны ашуға пайдаланылады.

Қан жүректе қайғылы-ау
– **Ызалы жүрек**, долы қол
– **Асау жүрек** аяғын шалыс басқан

Мұндағы жүрек сөзіне қосылған эпитеттер сол сөзге әртүрлі мағына беріп тұр. Қан жүрек – қайғының белгісі, ызалы жүрек – кектену, асау жүрек – бұлқынған қайраттың белгісі.

Абайдың өлеңдерінде **метафора** да шебер қолданылған.

Сенсің – жан ләззаты,
Сенсің – тән шәрбаты.
Сен – жаралы жолбарыс ең,
Мен – киіктің лағы ем.

Бұлардың бәрі адам бейнесін көркемдікпен тануда үлкен қызмет атқарып тұр.

► 5. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Абай ұлттық тілді қалай меңгерген ақын?
2. Абай өз өлеңдерінде тілді қалай қолданды?
3. Абай көркемдеу тәсілдерін қолданған ба?
4. Абайда сіз білетін көркемдеу тәсілдерінің қандай формалары бар?
5. Абай өлеңдерінен теңеуге, эпитетке, метафораға қандай мысал келтіре аласыз?
6. Мәтінде берілген көркемдеу тәсілдерінің қайсысы сізге ұнады? Неліктен?

► 6. Төмендегі теңеулермен мысал келтіріңіз.

Піскен алма секілді;
Құйрықты жұлдыз секілді;
Өзендей.

► 7. Берілген өлең жолдарында қандай көркемдеу тәсілі бар, оны қалай түсінесіз.

1. «Бұлттай қасы жауып екі көзін»
2. «Ата-анадай елжірер күннің көзі»
3. «Күн – күйеу, жер қалыңдық сағынышты,
Құмары екеуінің сондай күшті»
4. «Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ»

Теңеу – мұнда суреткер заттың, құбылыстың ерекше белгілерін көрсетпей-ақ, оны басқа затпен, құбылыспен салыстыра суреттейді.

Эпитет – заттың, құбылыстың айрықша сипатын, сапасын анықтайтын суретті сөз.

Метафора – сөз мәнін өзгертіп айту, суреттеліп отырған затты не құбылысты айқындай түсу үшін оларды өздеріне ұқсас өзге затқа немесе құбылысқа балау.

- ▶ 8. Өзіңіз жақсы көріп оқитын авторыңыздан қандай көркемдеу тәсілдерін айта аласыз. Оның мағынасын түсіндіріңіз.

Абайдың қарасөздері

- ▶ 1. Сөздерді синоним немесе сөздік арқылы түсініңіз.

қарасөз

көлем

шағын = кішкентай – көлемі шағын

еңбекқұмарлыққа – еңбек+құмар+лық

есті = ақылды

татып ескеру = татып көру/білу

- ▶ 2. Сөздердің антонимін табыңыз.

қара сөз

шағын

мазмұнды

мағыналы

күрделі

есті

ақылды

алыс

- ▶ 3. Жаңа сөздермен берілген сөйлемдерді аударыңыз.

Абайдың қарасөздерінің көлемі шағын, мазмұнды, мағыналы болып келеді.

Абай адамдарды адамгершілікке, еңбекқұмарлыққа баулиды.

Адам анадан туғанда есті болып тумайды.

Естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе жақсы-жаманды біледі.

- ▶ 4. Мәтінді оқып, Абайдың қанша қарасөзі бар екенін айтыңыз.

Абайдың қарасөздері

1890 жылдардың ішінде Абай өзінің көп шығармаларын қара сөзбен жазған. Оның қарасөздерінде өмірден көрген-білгендері, яғни философиялық ойлары айтылған. Қарасөздерінің көлемі шағын, мазмұнды, мағыналы болып келеді. Абайдың кейбір қарасөздері сұрақ-жауап түрінде берілген.

Жалпы алғанда Абайдың 45 қарасөзі бар. Оның қарасөздерінің барлығында өмірдің күрделі мәселелері сөз етіледі. Басты мәселелерінің бірі – адамды адамгершілікке, еңбекқұмарлыққа үйрету болды.

19-сөзден үзінді

“Адам ата-анадан туған кезде есті болмайды. Естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе дүниедегі жақсы мен жаманды біледі. Сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Ақылды адамдардың айтқан сөздерін тыңдаған адамның өзі де ақылды болады. Адам болу үшін жаман нәрселерден алыс болу керек. Осыларды ескеріп, істесе ғана адам болады”.

► 5. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қарасөз дегенді қалай түсіндіңіз?
2. Абайдың неше қарасөзі бар?
3. Абайдың қарасөздерінде не айтылады?
4. Сіз оның пікірлерімен қосыласыз ба? Осыған байланысты өз ойыңызды айтыңыз.

► 6. Мәтінді оқып, мазмұнын айтып беріңіз.

Абай Құнанбаев туралы сұрақтар. Өзіңізді тексеріңіз.

1. Абай қай жылы, қай жерде туылған?
2. Абайдың әкесі кім болған?
3. Абай бала кезінде неге әуес, құмар болған?
4. Абай қайда оқыған?
5. Абай қай тілдерді меңгерген?

6. Абай не үшін ел басқару ісіне араласқысы келмеді?
7. Ол еліне көмектесу үшін жолды қайдан іздеді?
8. Абай неше жасында қайтыс болды?
9. Абай өлеңді қай кезден бастап шығарған?
10. Абай қандай тақырыптарды жырлаған?
11. Абай өлеңдерінде жастарды неге шақырған?
12. Абай өлеңдерінде адамның қандай мінездерін мадақтайды?
13. Абай кімдерді аударған?
14. Абайдың қазақ әдебиетіндегі орны қандай?
15. Абайдың қандай әндері бар?
16. Абай ненің негізін қалады?
17. Абай өлеңдерінен теңеуге, эпитетке, метафораға қандай мысал келтіре аласыз?
18. Абайдың неше қарасөзі бар?
19. Абайдың қарасөздерінде не айтылады?
20. Абайдың бір өлеңін жаттап алыңыз.



ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ (1858-1931)

*Шәкәрім ойшылдығы – сыры тұңғыық құбылыс.
Оның философиялық байламдары
сарыла ізденуді қажет етеді.*

**Ғ. Әнес, алаштанушы
А. Еспенбетов, профессор**

► 1. Сөздерді синоним немесе сөздік арқылы түсініп, сөздердің жасалу жолына көңіл бөліңіз.

ірі = ұлы

ғұлама = данышпан

тауқымет = қиыншылық

ойшыл – ой – **ойшыл** – ойшылдық

жетім = әке-шешесі жоқ адам

жетім – жетімдік

қауым = халық

адамшылық = адамгершілік

зиялы = оқыған, мәдениетті; зиялы қауым = оқыған,
мәдениетті қауым

► 2. Етістіктердің мағынасын түсініп, басқа сөздермен байланысына көңіл аударыңыз.

тауқымет көрмеу – *ненің тауқыметін көрмеу?*
сабақ ала бастау – *кімнен сабақ ала бастау?*
бейімділігін таныту – *неге бейімділігін таныту?*
зеректігін байқау – *кімнің зеректігін байқау?*
қамқорлығына алу – *кімді қамқорлығына алу?* – Абай оны өз қамқорлығына алды;

шұғылдану = айналысу – *немен, не істеумен шұғылдану?*
– Шәкәрім саятшылық құрумен шұғылданды;
жаттығу = машықтану – *не істеуге машықтану?*
алыстау = жырақтау – *кімнен, неден жырақтау?*

► 3. Сөз тіркестеріне назар аударыңыз. Өзіңіз мысал келтіріңіз.

саятшылық құру = аң аулау = аң ату
ән салу = ән айту
домбыра тарту = домбыра шерту = домбырада ойнау
жер тану = жер білу
сурет салу

► 4. Адам аттарын оқыңыз.

Құнанбай, Күңке, Құдайберді, Абай, Шәкәрім.

► 5. Мәтінді оқып, Шәкәрім Құдайбердіұлының өмірі туралы айтып беріңіз.

Шәкәрім Құдайбердіұлы

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті тарихында Абайдан кейінгі ірі ақын, ғалым-тарихшы, ғұлама ойшыл Шәкәрім Құдайбердіұлы. Шәкәрім Құдайбердіұлы қазіргі Семей облысы, Абай ауданындағы Шыңғыс тауының бөктерінде 1858 жылы 11 шілдеде дүниеге келген. Оның әкесі Құдайберді Құнанбайдың бәйбішесі Күңкеден туған. Құдайберді 37 жасында қайтыс болған соң, Шәкәрімді атасы Құнанбай тәрбиелеген. Атасының тәрбиесінде болған Шәкәрім жетімдіктің тауқыметін көрмеген.

Шәкәрім Құдайбердіұлы 5 жасынан бастап ауыл молдасынан сабақ ала бастаған. 7 жасынан бастап өлеңге бейімділігін көрсетеді. Шәкәрімнің ерекше зеректігін байқаған Абай оны өз қамқорлығына алады. Молдадан сабақ оқумен қатар, орысша да үйренеді. Сонымен қатар Шәкәрім Құдайбердіұлы домбыра тарту, сырнайда (гормоньда) ойнау, ән салу, саятшылық құру, сурет салу, т.б. өнерлермен шұғылданады. Құнанбай ауылының зиялы тобы, Абайдың тағылымы, өскен ортасы жас Шәкәрімнің азамат және ақын ретінде қалыптасуына ерекше әсер етеді. Абайдың кеңесімен әртүрлі кітаптар оқуға жаттығады. Әртүрлі кітаптар оқығандықтан Шәкәрімнің ақылы кемелденіп, ой-өрісі тереңдеп өседі.

20 жасқа толғаннан кейін ол үш жыл болыс болып, ел басқарады. Осы үш жыл ішінде Шәкәрім халық арасында жүріп, қоғамдық ортаның хал-жағдайын, адамшылық дегеннің не екенін түсінеді.

Шәкәрім жастайынан орыс, араб, парсы, түрік тілдерін үйренеді. Осының арқасында өсе келе оқығанын сынай білетін ойшылдық танытады. Философия мен дін тарихына қатысты еңбектерді көп оқиды.

1905-1906 жылдары ел, жер тану мақсатымен Араб, Еуропа, Түрік елдерін аралау үшін сапарға шығады. Меккеде болады. Ыстамбұл кітапханасында отырып жұмыс істейді.

1908 жылдан бастап Шәкәрім өз елінен алыстау жерде орналасқан саятшылық құру үшін салдырған Саятқора деген қыстауына көшеді. Сол жерде ол шығармашылықпен айналысып, біраз еңбектер жазады.

Шәкәрім патша өкіметі құлап, Кеңес өкіметінің орнауын дұрыс деп қабылдаған, оны әділет жолы деп түсінген. Бірақ оған жаңа құрылған өкімет те тыныштық бермеген. Оның бандылармен қарым-қатынасы бар деп айыптаған. Ол да көптеген қазақ зиялылары сияқты қуғынға ұшыраған. 1931 жылы 2 қазан күні Мемлекеттік саяси басқарманың өкілдері Шәкәрімді үйінен ауданға бара жатқанда атып өлтіреді.

Семей қаласында Шәкәрім Құдайбердіұлы атындағы университет, сонымен қатар республиканың көптеген қалаларында ақын атымен аталатын көшелер бар.

► 6. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Шәкәрім Құдайбердіұлы кім?
2. Ол қай жерде туылған?
3. Шәкәрім қандай тілдерді білген?
4. Ол Саятқораға қай жылы қоныс аударады?
5. Оның азамат және ақын ретінде қалыптасуына кім әсер етеді?
6. Шәкәрім қай елдерде, қандай мақсатпен болады?
7. Шәкәрімді не үшін және қалай өлтіреді?

Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылығы

► 1. Сөздерді сөздік немесе синоним арқылы түсініңіз.

әрқилы = әртүрлі
мұра = мирас
шежіре
шарт = парыз
жинақ = топтама
ар-ождан = ұят = намыс
әділ = шыншыл
адамшылық = адамгершілік
қасиет

реалист ақын = шыншыл
ақын
еп = икем
жағымсыз = ұнамсыз
арамтамақ = жатыпішер
шарифат = қағида = ереже
тоғышарлық = ұсақ-
түйекпен айналысу = майда
жұмыстармен айналысу

► 2. Етістіктердің мағынасын түсініп, басқа сөздермен байланысына көңіл аударыңыз.

шенеу – кімді **шенеу**?
көңіл бөлу – кімге, неге **көңіл бөлу**?
ұштастыру – нені немен **ұштастыру**?
жариялану – не **жариялану**?
ұсыну – не / не істеуді **ұсыну**?

- 3. Сөздердің жасалуына назар аударыңыз.

әділ – әділдік

еп – епті

туыс – туыстас

классика – классикалық

ортағасыр – ортағасырлық

ағарту – ағартушы – ағартушылық

иман – иманды – имандылық

халық – халықтық

әлеумет – әлеуметтік

- 4. Сөз тіркестеріне назар аударыңыз. Өзіңіз мысал келтіріңіз.

жарық көру = жарыққа шығу = басылып шығу – *не жарық көру?* – Оның көптеген кітаптары Кеңес дәуіріне дейін-ақ жарық көрген.

терең тану = терең білу – *нені терең тану?* – Шәкәрім классикалық тәжік-парсы поэзиясын да, ортағасырлық туыстас түрік әдебиетін де терең таныған.

қадір тұту = құрметтеу – *кім кімді қадір тұту?*

жақын тұту = жақын ұстау – *кімді жақын тұту?*

арқау ету – *нені арқау ету?*

ақыл беру – *кімге ақыл беру?*

- 5. Шығарма аттарын тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

«Түрік, қырғыз, қазақ хәм хандар шежіресі», «Мұсылмандық шарты», «Қазақ айнасы», «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек», «Асарходан патша», «Үш сауал», «Дубровский», «Боран», «Бояушы суыр», «Қаншыр мен бөдене», «Ақылшы торғай», «Қасқыр, түлкі, бөдене», «Епті тышқан».



- 6. Шәкәрімнің шығармашылығы туралы мәтінді оқыңыз.

Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылығы

Шәкәрім Құдайбердіұлының әдеби мұрасы өте бай. Оның шығармашылығы жанры жағынан да әрқилы. Ол поэзия, проза, аударма, трактат саласында шығармалар жазады. Оның көптеген кітаптары Кеңес Өкіметі кезіне дейін жарық көрген. Мысалы, «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі», «Мұсылмандық шарты» атты кітаптары 1911 жылы Орынбор қаласында, сонымен қатар «Қазақ айнасы» өлеңдер жинағы, «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек» поэмалары 1912 жылы Семей қаласында жарыққа шығады. Сонымен қатар оның бірнеше мақалалары «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінде жарияланады.

Шәкәрім классикалық тәжік-парсы поэзиясын да, ортағасырлық туыстас түрік әдебиетін де терең таныған. Ақынның ерекше қадір тұтатын ақындары Хожа Хафиз, Физули, Науаи болды. Әсіресе, Хожа Хафизді жанына жақын тұтады.

Шәкәрім Хафиздің оннан астам өлең-жырларын, 1907 жылы Физулидің «Ләйлі-Мәжнүн» поэмасын, Л.Н. Толстойдың ар-ождан, әділдік тақырыбында жазылған «Асарходан патша», «Үш сауал» т.б. әңгімелерін, 1908 жылы А.С. Пушкиннің «Дубровский», «Боран» повестерін өлеңмен қазақ тіліне аударады. Сонымен қатар Шәкәрім адамшылық қасиет пен адамгершілік тақырыбында «Бояушы суыр», «Қаншыр мен бөдене», «Ақылшы торғай», «Қасқыр, түлкі, бөдене», «Епті тышқан» сияқты мысалдар жазады. Шәкәрім бұл мысалдарда



шығармаға жануарларды арқау етіп, адамдардың мінезін, болмысын, адамгершілік қасиеттерін көрсеткісі келген.

Шәкәрім Құдайбердіұлы сыншыл-реалист ақын. Ол өлеңдерінде қазақ халқының ішіндегі жағымсыз қылықтарды: арамтақтықты, тоғышарлықты т.б. қасиеттерді шенейді. Мұның мысалы ретінде «Бай мен қонақ», «Бай мен кедей» өлеңдерін келтіруге болады. Ақын өзінің ойларын, халқына деген ақ, адал көңілін өлең жолдарымен жазған. Ол ағартушылықтың бірден-бір жолы халықтың санасын ояту деп түсінеді. Сондықтан да ақын адамгершілік, имандылық, ар-ождан, адалдық, әділдік, бірлік, еңбек, өнер-ғылымды насихаттау мәселелеріне ерекше көңіл бөледі.

Шәкәрімнің бай мұрасының ішінде 1888 жылы жазылған «Қалқаман-Мамыр», 1891 жылы жазылған «Еңлік-Кебек» поэмаларының орны ерекше.

«Еңлік-Кебек» пен «Қалқаман-Мамыр» поэмалары Абайдың тірі кезінде оның ақыл беруімен жазылған. Он сегізінші ғасырдың сексенінші жылдарында Шыңғыстауда болған осы оқиғаны Абай шәкірттеріне айтып беріп, поэма сияқты қылып жазуды ұсынады. Шәкәрім соның екеуін де поэма етіп жазады. Бұл поэмаларда ақын қазақ халқында ерте заманда болған оқиғаларды баяндайды. Поэма кейіпкерлері тарихта болған адамдар. «Еңлік-Кебек» поэмасында бір-біріне ғашық болып, соңында қосыла алмай кеткен ғашықтар тағдыры жырланады. Поэмада тек қана ғашықтардың тағдыры, олардың басындағы қайғылы жағдайлар ғана емес, сонымен қатар ел арасындағы әлеуметтік жағдайлар да баяндалады. Ал «Қалқаман-Мамыр» поэмасында Шәкәрім ғашықтар басындағы трагедия мен ел басындағы әлеуметтік жағдайды шеберлікпен ұштастырады. Поэмада сонымен қатар халықтық салт-сана, шариғат қағидалары туралы жырланады.

► 7. Мәтін бойынша берілген сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларының жанры қандай?
2. 1911 жылы Орынборда, 1912 жылы Семейде Шәкәрімнің қандай шығармалары жарыққа шығады?

3. Ақын кімнің және қандай шығармаларын қазақшаға аударды?
4. Ол өз мысалдарында нені көрсеткісі келеді?
5. А.С. Пушкиннің «Дубровский», «Боран» повестерін қазақ тіліне қай жылы аударды?
6. Шәкәрімнің өлеңдері не туралы?
7. Ол ағартушылықтың жолы неде дейді?
8. «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек» поэмаларында не туралы жырланады?
9. Шәкәрім қандай мәселелерге айрықша көңіл бөледі?
10. Шәкәрім өлеңдерінде нені шенейді?
11. «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек» поэмалары қалай жазылды?
12. Ол өлеңдерінде неге көп көңіл бөледі?

Тойымсыз нәпсі, тұрақсыз дүние

- 1. Сөздерді сөздік немесе синоним арқылы түсініңіз.

хақ = дұрыс = жөн
 тозақ
 күнә
 әл = күш = қуат
 сауап
 адал
 ризық
 арам

әдейі = қасақана
 өң = түр
 айла
 ар
 барын = бар екенін
 хата = қате
 нәпсі
 дүние

- 2. Сөздердің жасалуына көңіл бөліп, синоним арқылы түсініңіз.

адалдың = адал адамның
 өлу – өлмеу – өлместей = өлмейтін адамдай
 тас – тастай = тас сияқты
 тұрақсыз = тұрақты емес
 тойымсыз = тоймайтын
 омырау – омыраулау

жалқау – жалқаулану
ар – арлану
амал – амалсыз

► 3. Етістіктердің мағынасын түсініп, басқа сөздермен байланысуына назар аударыңыз.

шату – кім не **шату**?
бату – кім неге **бату**?
жалығу – кім кімнен/неден **жалығу**?
жалқаулану – кім **жалқаулану**?
тату – кім нені **тату**?
сылану – кім қалай **сылану**?
түзету = жөндеу – кім нені **түзету**?
алдау = өтірік айту – кім кімді **алдау**?
арлану – кім **арлану**?

► 4. Өлеңді мәнерлеп оқыңыз және жаттап алыңыз.

Тойымсыз нәпсі, тұрақсыз дүние

Өлімнің хақ екенін көрсең де,
Өлместей омыраулап, шатасың.
Тозақтың барын біліп жүрсең де,
Күнәға, әлің келсе, батасың.

Сауап көп ғибадатта десең де,
Жалығып, жалқауланып жатасың.
Адалдың адал ризығын жесең де,
Арамды әдейі іздеп татасың.

Сыртыңды сыланасың өң беріп,
Ішіңнің түзетпейсің қатасын.
Айламен алдағанды жөн көріп,
Адамды аң орнына атасың.

Жалғанның бір пайдасын көргенде,
Арланбай арыңды да сатасың.

Аллаһтың ақ өлімі келгенде,
Амалсыз қара тастай қатасың.

► 5. Сөйлесейік!

Адамның қандай әрекеттерін күнә деп білесіз?
Арамдық және адалдық дегенді қалай түсінесіз?
Адамның ішкі жан дүниесі қандай болуы керек деп ойлайсыз?

Шәкәрім Құдайбердіұлының сазгерлігі

► 1. Сөздерді синоним немесе сөздік арқылы түсініңіз.

бедер	көзқарас = пікір
... қатар = бірге	консерватория
сынды = сияқты	фольклор
үйлесім = ұйқасым	зертхана
үндестік = әуендестік	қор
анық = айқын	

► 2. Етістіктердің мағынасын түсініп, басқа сөздермен байланысына көңіл аударыңыз.

түсіру – *нені неге түсіру?* – әнді нотаға түсіру
бедер салу – *неге бедер салу?* тасқа бедер салу
ден қою = көңіл бөлу – *неге / не істеуге ден қою?*

► 3. Ән атауларын оқыңыз. Ән атауларына қарап ән не туралы екенін айтып көріңіз.

«Жастық», «Шын сырым», «Бұл ән бұрынғы әннен өзгереді», «Анадан алғаш туғанда», «Қорқыттың сарыны», «Сұраған жанға сәлем айт», «Ойладым бір сөз жазайын да», «Сен ғылымға болсаң ынтық», «Көңіл», «Байғазы».

Шәкәрім Құдайбердіұлының сазгерлігі

Шәкәрім жастайынан домбыра тарту, гармоньда ойнау, өлең айту, сурет салу, ою-өрнек жасау, таска бедер салу сияқты өнер және қол өнер түрлерін үйренуге ден қойған. Оның бойында ақындық және сазгерлік өнері қатар дамыған.

Шәкәрім – Абайдың сазгерлік ән дәстүрін әрі қарай дамытушы. Оның «Жастық», «Шын сырым» сынды әндерін 21-23 жасында жазған. Оның әндерінің бәрі әсем сазға толы. Оның өмірінің соңына дейін әр жылдарда шығарылған әуені мен өлеңі үйлесім тапқан 20-ға жуық әндері бар. Шәкәрімнің әндерінен оның адамдық болмысы, өмірге деген көзқарасы, асқақ арманы анық байқалады. Сондай әндерінің бірі 1919 жылы жазылған «Бұл ән бұрынғы әннен өзгерек» әні. Халық арасында кең тараған бұл әнді музыка зерттеушісі А.В. Затаевич нотаға түсіріп алған. Бұл әнде ішкі үйлесім, шебер үндестік, жаңаша формаға, сонымен қоса ақындарға қойылатын биік көркемдік талап бар. Шәкәрімнің әндері халық арасында әлі күнге дейін айтылып келеді.

Шәкәрімнің «Жиырма үш жасымда», «Жылым қой, жұлдызым июль», «Қорқыттың сарыны», «Қорқыт, Хожа Хафиз түсіме енді де», «Анадан алғаш туғанда», «Сұраған жанға сәлем айт», «Ойладым бір сөз жазайын да», «Мұтылғанның өмірі», «Сен ғылымға болсаң ынтық», «Көңіл», «Байғазы» сынды әндері ұзақ жылдар Құрманғазы атындағы ұлттық консерваторияның фольклорлық зертханасының қорында сақталып келген.

Бұл ән бұрынғы әннен өзгерек

әні мен сөзі: Ш. Құдайбердіұлынікі

Бұл ән –
Бұрынғы әннен өзгерек,
Бұған –
Ұйқасты өлең, сөз керек
Өзіне орайлы.

Денең –
Жан нұрлы болса, жөнделмек,
Өлең –
Әнге өлшеп айтса, өңделмек,
Ұйқасса қолайлы.

Қайырмасы:

Ән – өлшеуіш,
Өлең – күміс,
Қоспаңыз мыс
Аралас

Артық алу,
Не кем салу,
Қапы қалу
Жарамас ...

Қайран –
Қайғысыз, қамсыз күндерім,
Сайран –
Сауықты рақат түндерім,
Сендерден не пайда?!

Асқан –
Алпыстан мынау жасымыз,
Қашқан
Шалдыққан ғаріп басымыз,
Қаласың қай сайда?

Қайырмасы:

Ән – өлшеуіш,
Өлең – күміс,
Қоспаңыз мыс
Аралас

Артық алу,
Не кем салу,
Қапы қалу
Жарамас ...


► 4. Әнді жаттап алыңыз.

► 5. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Шәкәрімнің сазгерлік өнері туралы не айтасыз?
2. Шәкәрім ән жазумен қатар қандай өнер түрлерімен айналысқан?
3. Ол неше жасынан бастап ән жаза бастаған?
4. Шәкәрімнің қандай әндерін білесіз?

► Өткен тақырыпты қайталауға арналған сұрақтар.

1. Шәкәрім Құдайбердіұлы кім?
2. Шәкәрім қандай тілдерді білген?
3. Шәкәрім қай елдерде, қандай мақсатпен болады?
4. Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларының жанры қандай?
5. Ол өз мысалдарында нені көрсеткісі келеді?
6. Ол кімдердің шығармаларын қазақ тіліне аударды?
7. Оның қандай шығармаларын білесіз?
8. Шәкәрімнің қандай әндері бар?



АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ (1873–1937)

*«Ахмет Байтұрсынов – Абай, Ыбырай, Шоқан салған
ағартушылық бағытты жалғастырушы
ірі ғалым-тілші, әдебиетші, тұлқолог,
дарынды ақын-аудармашы»*

Р. Нұрғалиев

Ахмет Байтұрсынов

► 1. Сөз бен сөз тіркестерінің мағыналарын сөздік арқылы түсініңіз.

сынып
училище
мұң – ел мұңы
қазақ оқығандары

түрме = абақты
билік басындағылар
«Октябрь» төңкерісі
үгіт-насихат

► 2. Сөздердің мағынасын түсініп, қалай жасалғандығын түсіндіріңіз.

дарынды
беделді
қайратты

зиялы
ұлтшыл

- 3. Берілген сөздерден сөз тіркесін құраңыз.

Қандай? Кімнің?	Кім?/не? Кімі?/несі?
Дарынды	ақын
Беделді	ғалым
Қайратты	кісі
әділетсіздік	жағдайлар
ел	мұңы
білімді	халқының
мәдениетті	болашағын
оқыған	азаматтар
ұлтшыл	зиялылары
ірі	
қазақ	

- 4. Етістіктерді аударып, басқа сөздермен байланысына көңіл аударыңыз.

қамау – түрмеге қамау – кімді түрмеге қамау?
жүргізу – үгіт-насихат жүргізу – кімге *үгіт-насихат жүргізу?*

қолдау – кімді *қолдау/қолдамау?*

қуғын – қуғынға түсіру – кімді *қуғынға түсіру?*

ату – атып тастау – кімді *ату/атып тастау?*

- 5. Сөз тіркестерін оқыңыз, мағынасын түсініңіз.

1. Үгіт насихат үшін түрмеге қамау;
2. Саясатты *қолдамау*;
3. оқыған азаматтарды *қуғынға түсіру*.

- 6. Тындаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

а) Жер, қала аттары: *Торғай облысы, Жангелдин ауданы, Сарытүбек ауылы,*

Торғай, Орынбор, Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы, Семей қалалары;

ә) Адам аты: *Байтұрсын Шошақұлы;*

б) кірме сөз: *училище*

► 7. Мәтінді оқып, Ахметтің негізгі мамандығы кім екенін анықтаңыз.

Ахмет Байтұрсынов

Дарынды ақын, ірі ғалым әрі журналист Ахмет Байтұрсынов 1873 жылы 28 қаңтарда қазіргі Торғай облысы, Жангелдин ауданы, Сарытүбек ауылында дүниеге келді. Әкесінің аты Байтұрсын Шошақұлы елінде беделді, қайратты кісі болған.

Ахмет кішкентайынан ауыл молдасынан оқиды. 1886-1891 жылдары Торғай қаласындағы екі сыныптық мектепте 1891-1893 жылдары Орынбордағы мұғалімдер дайындайтын мектепте оқиды. 1895-1909 жылдар аралығында Ахмет Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы жерлерінде екі сыныптық училищеде бала оқытады.

Қарқаралыда жүргенде ел мұңы, әділетсіздік жағдайлар Ахметті қатты ойландырады. Жер мәселесін дұрыс шешу үшін бір топ қазақ оқығандарымен бірге патшаға хат жазады. Сол үшін ол 1907 жылы Қарқаралы түрмесінде біраз отырады.

Бұдан кейін, яғни 1909 жылы халыққа үгіт-насихат жүргізгендігі үшін тағы да түрмеге қамалады. Бұл жолы ол Семей абақтысында сегіз ай отырады.

1926-1928 жылдарда Ташкенттегі халық ағарту институтында, кейін Алматы қаласында ашылған Қазақ университетінде сабақ береді.

Ахмет әр уақытта да қазақ халқының болашағын ойлаған. Өз халқының білімді, мәдениетті болғанын қалаған.

«Октябрь» төңкерісінен кейін Қазақстанда жүргізілген саясатты қазақ зиялылары қолдамайды. Сондықтан билік басындағылар қазақтың оқыған азаматтарының бәрін қуғынға түсірді. Ахметті ұлтшыл деп танып, оны 1937 жылдың 8 желтоқсанында атып тастайды.

► 8. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Ахмет Байтұрсынов кім?
2. Ол қай жерде туылған?
3. Оның әкесінің аты кім, ол қандай адам болған?
4. Ахмет қайда оқиды?
5. Ахмет Байтұрсынов қай қалаларда бала оқытады?
6. Ахметті не үшін өлтіреді?

► 9. Сөйлемдерді мәтін мазмұнына қарай реттеп орналастырыңыз.

1. Қарқаралыда жүргенде ел мұңы, әділетсіздік жағдайлар Ахметті қатты ойландырады.

2. Ахмет әр уақытта да қазақ халқының болашағын ойлаған.

3. 1909 жылы халыққа үгіт-насихат жүргізгендігі үшін тағы да түрмеге қамалады.

4. Дарынды ақын, ірі ғалым әрі журналист Ахмет Байтұрсынов 1873 жылы 28 қаңтарда дүниеге келді.

5. «Октябрь» төңкерісінен кейін Қазақстанда жүргізілген саясатты қазақ зиялылары қолдамайды.

6. Ахмет кішкентайынан ауыл молдасынан оқиды.

► 10. Қарамен жазылған сөздерді мағынасына қарай басқа мағыналас сөйлеммен ауыстырыңыз.

Әкесінің аты Байтұрсын Шошақұлы елінде **беделді, қайратты** кісі болған.

Ахмет кішкентайынан ауыл молдасынан **оқиды**.

1895-1909 жылдар аралығында Ахмет Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы жерлерінде екі сыныптық училищеде **бала оқытады**.

1907 жылы Қарқаралы **түрмесінде біраз отырады**.

Билік басындағылар қазақтың оқыған азаматтарының бәрін **қуғынға түсірді**.

Ахметті **ұлтшыл** деп танып, оны 1937 жылдың 8 желтоқсанында **атып тастайды**.

- ▶ 11. Мәтіннен Ахмет Байтұрсынов қай жылы не істегенін теріп жазыңыз.
- ▶ 12. Мәтінге жоспар құрып, мазмұнын айтыңыз.

Ахмет Байтұрсыновтың шығармашылығы

- ▶ 1. Сөздердің мағынасын сөздіктен қараңыз.

а) бостандық

тәуелсіздік

ұйқы

қару

тағдыр

өзек

жинақ

мысал

ә) *Жан-жануарлар мен жәндіктер*

маса

балық

әтеш

қасқыр

сүйек

тамақ

тамағына тұрып қалу

алтын

ала

ызындау

оятқысы келу.

қасиет

тырна

қой

қозы

- ▶ 2. Қарамен жазылған тіркестерді қалай түсінесіз, айтыңыз.

Ахмет өз ұлтының **бостандығы мен тәуелсіздігі жолында** күресті.

Бұл күресте халқын **ұйқысынан оятатын қару** – өлең деп түсінді.

Қазақ халқының тағдыры, бүгінгісі мен ертеңгісі Ахмет **поэзиясының өзегі** болды.

Себебі ол **саясаттан тыс жатқан халқын** өлеңдерімен **маса сияқты ызындап** оятқысы келді.

“Қасқыр мен тырна” мысалында **сүйек жеп жатқанда** тамағына тұрып қалған сүйекті алу үшін қасқырға көмектескен тырнаны **қасқыр жеп қоймақшы болады.**

Ол өзінің шығармаларында, яғни мысалдарында **жануарлар мен жәндіктерді мысалға ала отырып**, адамдардың бойындағы қасиетін, мінезін көрсетеді.

► 3. Ауыспалы мағыналы тіркестің тура мағынасына мысал келтіріңіз.

Ахмет өз ұлтының бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы күресте халықты **ұйқысынан оятар қару** – өлең деп түсінді.

► 4. Мәтінді оқыңыз. Сұрақтарға жауап іздеңіз.

1. Ахмет қандай өлеңдер жинағын шығарды?
2. Ахмет мысалдарында нені айтты?

Ахмет Байтұрсыновтың шығармашылығы

Ахмет өз ұлтының бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы күресте халықты ұйқысынан оятар қару – өлең деп түсінді. Қазақ халқының тағдыры, бүгінгі мен ертеңі Ахмет поэзиясының өзегі болды. Ахмет өзінің өлеңдер жинағын «Маса» деп атады. Себебі ол саясаттан тыс жатқан халықын өлеңдерімен маса сияқты ызындап оятқысы келді.

Ахмет орыс ақындары А.С. Пушкиннің, М.Ю. Лермонтовтың шығармаларын қазақ тіліне аударған. А.С. Пушкиннің “Балықшы мен балық”, “Алтын этеш” т.б. мысалдарын қазақ тіліне аударған. 1901 жылдан бастап өзі де мысалдар жаза бастаған.

Ахмет Байтұрсыновтың мысалдарында адамның мақтаншақтығы, қайырымсыздығы, надандығы сияқты мінездері мысалға алынады. Мәселен, “Қасқыр мен тырна”, “Ала қойлар”, “Қасқыр мен қозы” т.б. мысалдары осыған ұқсас. “Қасқыр мен тырна” мысалында сүйек жеп жатқанда тамағына тұрып қалған сүйекті алу үшін қасқырға көмектескен тырнаны қасқыр жеп қоймақшы болады. Бұл мысалда қасқырдың қайырымсыздығын көрсеткісі келген.

Ол өзінің шығармаларында, яғни мысалдарында жануарлар мен жәндіктерді мысалға келтіре отырып, адамдардың бойындағы қасиетін, мінезін көрсетеді.

► 5. *Сұрақтарға жауап беріңіз.*

1. Ахмет не үшін күресті?
2. Күрес жолындағы қаруды не деп түсінді?
3. Ахмет поэзиясының негізгі өзегі не болды?
4. Ол өлеңдер жинағын не үшін «Маса» деп атады?
5. Ахмет нелерді қазақшаға аударды?
6. Қандай мысалдарын білесіз?
7. Ахмет мысалдарында нені сынады, нені көрсетті?

► 6. Сөйлемдерді мағынасына қарай аяқтаңыз.

1. Ахмет өз ұлтының бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы күресте халықты ұйқысынан оятар қару

2. Қазақ халқының тағдыры Ахмет поэзиясының ...

3. Ол саясаттан тыс жатқан халқын өлеңдерімен маса сияқты ...

4. Ахмет орыс ақындары А.С. Пушкиннің, М.Ю. Лермонтовтың шығармаларын

5. Ахмет Байтұрсыновтың мысалдарында адамның мақтаншақтығы, қайырымсыздығы, надандығы сияқты ...

6. Ол өзінің шығармаларында, яғни мысалдарында жануарлар мен жәндіктерді мысалға келтіре отырып, адамдардың бойындағы

► 7. Келісесіз бе?

1. Ахмет Байтұрсынұлы орыс жазушыларының мысалдарын қазақ тіліне аудармаған.

2. 1901 жылдан бастап өзі де мысал жазған.

3. “Қасқыр мен тырна” мысалында қоян мен түлкі туралы айтылады.

4. Ол өз шығармаларында адамдардың мінезін, қасиетін көрсетеді және соларды мысалға алады.

Ахмет Байтұрсынов – ғалым

- 1. Сөздерді сөздік арқылы түсініңіз.

әліппе	тұлға
ұғым	негізін қалаушы
нәтиже	ерекше

- 2. Берілген сөздер мен сөз тіркестерін өз ана тіліңізбен салыстырыңыз. Ұқсас сөздерді белгілеңіз.

фонетика	әдебиеттану
грамматика	термин
фонетикалық,	теоретик ғалым
грамматикалық құрылым	
қазақ тіл білімі	

- 3. Етістіктердің мағынасын түсініп, басқа сөздермен байланысына көңіл бөліңіз.

қалыптасу – *кім/не қалыптасу?*

талдау – *кім нені талдау?*

жүйелеу – *кім нені жүйелеу?*

таныту – *кім/не кімді/нені таныту?*

- 4. Сөйлемдерді оқып қарамен жазылған сөздердің мағынасын түсініңіз.

1. Ахмет еңбектері арқылы қазақ тіл ғылымы мен әдебиеттану ғылымының **ұғымдары мен терминдері қалыптасты.**

2. Ахмет «Тіл – құрал» оқулығында **қазақ тілі фонетикасы мен грамматикасын талдап, жүйелеп берді.**

3. Ахмет Байтұрсынов – қазақ тілінің ғана емес қазақ әдебиеттану ғылымының да **негізін қалаушы ғалым.**

4. Бұл еңбек Ахметті **теоретик ғалым ретінде танытты.**

5. А. Байтұрсынов – қазақ әдебиетінде, қазақ тіл білімінде үлкен орны бар **ерекше тұлға.**

► 5. Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап іздеңіз.

1. Ахмет қандай ғылым салаларында еңбек етті?
2. Ол қандай ғылымдардың негізін қалады?

Ахмет Байтұрсынов – ғалым

Ахмет Байтұрсынов – қазақ тілі мен әдебиетін зерттеген үлкен ғалым. Ахмет Байтұрсынов ең алдымен қазақ балаларына ана тілінде білім беретін әліппе жазды. Ол әліппе “Оқу құралы” деп аталды. Одан кейін де “Тіл – құрал”, “Тіл жұмсар” деген оқулықтары шықты. «Тіл – құрал» оқулығында қазақ тілінің фонетикалық және грамматикалық құрылымын талдап, жүйелеп берді. Ахмет – қазақ тіл білімінің негізін қалаушы ғалым.

Ахмет Байтұрсынов – қазақ тілінің ғана емес, қазақ әдебиеттану ғылымының да негізін қалаушы ғалым. Қазақ ауыз әдебиетін, Абайдың, Шоқанның, Ыбырайдың еңбектерін зерттеді. Соның нәтижесінде «Әдебиет танытқыш» деген еңбегін жазады. Бұл еңбек Ахметті теоретик ғалым ретінде танытты. Ахметтің ғылыми еңбектері негізінде қазақ тіл білімінің, әдебиеттану ғылымының ұғымдары мен терминдері қалыптасты.

А. Байтұрсынов – қазақ әдебиетінде, қазақ тіл білімінде, қазақ әдебиеттану ғылымында үлкен орны бар ерекше тұлға.

► 6. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Ахмет қандай ғылым салаларын зерттеген?
2. Оның қандай еңбектерін білесіз?
3. “Тіл құралы” оқулығы не туралы?
4. «Әдебиет танытқыш» еңбегі неге арналған?
5. Ахмет қандай тұлға?

► 7. Сөйлемдердің құрылымын өзгертіңіз.

1. Ахмет Байтұрсынов ең алдымен қазақ балаларына ана тілінде білім беретін әліппе жазды.

2. Ахмет – қазақ тіл білімінің негізін қалаушы ғалым.
3. Бұл еңбек Ахметті теоретик ғалым ретінде танытты.
4. Ахметтің ғылыми еңбектері негізінде қазақ тіл білімінің, әдебиеттану ғылымының ұғымдары мен терминдері қалыптасты.

► 8. Берілген тірек сөздер арқылы сөйлем құраңыз.

1. әліппе жазу;
2. оқулықтар шықты,
3. тілші ғалым;
4. әдебиет үлгілерін зерттеу;
5. теоретик ғалым;
6. ерекше тұлға.

► 9. Айтылған ойлардың себебін білдіріңіз.

1. Ахмет қазақ тіл білімінің негізін қалады. Себебі ...
2. Ахмет Байтұрсынов әдебиеттану ғылымының негізін қалаушы. Себебі ...
3. Ахмет Байтұрсынов қазақ әдебиетіндегі орны ерекше тұлға. Себебі ...

► 10. Сөйлесейік!

1. Тапсырма. Ахмет Байтұрсынов кім? Ахмет туралы алған мәліметтеріңізді жинақтап айтыңыз.

2. Тапсырма. Ақын ретінде, аудармашы ретінде, ғалым ретінде, қоғам қайраткері ретінде не істеді?

► Өткенді қайталауға арналған сұрақтар.

1. Ахмет Байтұрсынов кім?
2. Ол қай жерде туылған?
3. Ахмет қайда оқыды?
4. Ахмет Байтұрсынов қай қалаларда бала оқытады?

5. Ахмет не үшін күресті?
6. Күрес жолындағы қаруды не деп түсінді?
7. Ахмет поэзиясының негізгі өзегі не болды?
8. Ол өлеңдер жинағын не үшін «Маса» деп атады?
9. Ахмет мысалдарында нені сынады, нені көрсетті?
10. Ахмет қандай ғылым салаларын зерттеген?
11. Оның қандай еңбектерін білесіз?
12. Ахмет ненің негізін қалады?



МІРЖАҚЫП ДУЛАТОВ (1885-1935)

*«Көзіңді аш, оян қазақ, көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.
Жер кетті, дін нашарлап, хал харам боп,
Қазағым енді жату жарамасты»*

М. Дулатов

Міржақып Дулатов

- 1. Сөздерді синонимдердің немесе сөздіктің көмегімен түсініңіз.

теңдік
шұрайлы жер
орыс шаруалары
шумақ

қараңғы
тұтқын
науқас

- 2. Етістіктердің мағынасын түсініп, басқа сөздермен байланысына көңіл аударыңыз.

жетім қалу = әке-шешесіз өсу

жетілдіру = дамыту – *нені дамыту?*

жәбір көру = зорлық көру – *кімнен зәбір көру?*

күшейту – *нені күшейту?*

тартып алу – *кімнен нені тартып алу?*

орналастыру – кімді/нені **орналастыру**?

жеткізу – нені кімге **жеткізу**?

талаптану – неге **талаптану**?

хал һарам боп = хал нашар болу

жарамау = дұрыс емес

қамауға алыну = тұтқынға түсу

► 3. Тұрақты тіркестің мағынасын түсініңіз. “Қол” сөзіне байланысты қандай тіркестерді білесіз?

қолдан келу – қолынан келу – қолынан келгенше

► 4. Сөйлемдерді оқып қарамен жазылған сөздердің сөйлемде қолданылуына көңіл аударыңыз.

Міржақып екі жасында шешеден, он екі жасында әкеден **жетім қалған**.

Міржақыпты ағасы Асқар **қамқорлыққа алды**.

Бос уақытымда білімімді **жетілдірумен** айналыстым.

Міржақып **жәбір көрген, теңдігі жоқ** қазақ халқының жағдайымен танысады.

Бұлкезендепатша үкіметі қазақдаласында **отаршылдықты күшейтіп, суы мол, шұрайлы жерлерді тартып алып**, орыс шаруаларын **орналастырып жатты**.

Зиялы азаматтары **қолдарынан келгенше** халқына көмектескісі келді.

Қамауға алынып, 1935 жылы тұтқындар лагерінде **ауыр науқастан** қайтыс болады.

► 5. Мәтінді оқыңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Міржақыптың мамандығы кім?

Алғашқы өлеңі қалай аталады?

Міржақып Дулатов

Міржақып Дулатов қазіргі Торғай облысында 1885 жылы 25 қарашада дүниеге келген. Екі жасында шешеден, он екі

жасында әкеден жетім қалған Міржақыпқа ағасы Асқар қамқорлық жасайды. М. Дулатов өзі жазған өмірбаянында: «1897 жылы мен екі сыныптық орыс-қазақ училищесіне түстім, оны бітіргеннен кейін оқытушылар курсына оқып, ауыл мұғалімі деген мамандық алдым. Осымен менің оқу орындарынан білім алуым аяқталды. 1902 жылдан бастап ауылда мұғалімдік қызметімді атқара жүріп, бос уақытымда білімімді жетілдірумен айналыстым» – деп жазады.

Ауыл мектептерінде бала оқытып жүріп Міржақып жәбір көрген, теңдігі жоқ қазақ халқының жағдайымен танысады. Бұл кезеңде патша үкіметі қазақ даласында отаршылдықты күшейтіп, суы мол, шұрайлы жерлерді тартып алып, орыс шаруаларын орналастырып жатты. Мұны түсінген қазақтың зиялы азаматтары қолдарынан келгенше халқына көмектескісі келді. Жасы жиырмаға тола қоймаған Міржақып та айтқысы келгендерін өлең шумақтарымен жеткізуге талапталды. Алғашқы өлеңдерінің бірі «Оян, қазақ!» деп аталады.

*Көзіңді аш, оян қазақ, көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.
Жер кетті, дін нашарлап, хал харам боп,
Қазағым енді жату жарамасты».*

Міржақып Дулатов А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев және т.б. қазақ азаматтарымен бірге тәуелсіз «Қазақ» газетін ұйымдастырады және сол кездегі басқа да газеттерге көптеген маңызды мәселелер туралы мақалалар, өлеңдер жазады.

Үкіметке Міржақыптың шығармалары мен мақалалары ұнамайды. Сол үшін қамауға алынып, 1935 жылы тұтқындар лагерінде ауыр науқастан қайтыс болады.

► 6. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Міржақып қашан, қай жерде туылды?
2. Міржақыпқа бала кезінде кім қамқорлық істеді?
3. Міржақып қайда оқыды?
4. Міржақып бала оқытып жүріп нені көріп білді?

5. Міржақып өмір сүрген кезеңде қандай тарихи жағдайлар болып жатты?

6. Қазақ зиялылары не істемек болды?

7. Міржақып патша үкіметінің саясатымен күресу үшін қандай жол таңдап алды?

8. Сіз қалай ойлайсыз, Міржақып не үшін алғашқы өлеңіне «Оян, қазақ!» деп ат қойды?

9. Міржақып кімдермен бірге жұмыс істеді?

10. Міржақып не үшін қамауға алынды?

► 7. Сөйлемдерді толықтырыңыз.

1. Екі жасында шешеден, он екі жасында әкеден жетім қалған Міржақыпқа ағасы Асқар ...

2. Оқытушылар курсына оқып, ауыл мұғалімі деген ...

3. 1902 жылдан бастап ауылда мұғалімдік қызметімді атқара жүріп, бос уақытымда ...

4. Ауыл мектептерінде бала оқытып жүріп Міржақып жәбір көрген, теңдігі жоқ қазақ халқының ...

5. Бұл кезеңде патша үкіметі қазақ даласында отаршылдықты күшейтіп, суы мол, шұрайлы жерлерді тартып алып, орыс шаруаларын ...

6. Жасы жиырмаға тола қоймаған Міржақып та айтқысы келгендерін өлең шумақтарымен ...

7. Міржақып Дулатов А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев және т.б. қазақ азаматтарымен бірге тәуелсіз «Қазақ» газетін ... және сол кездегі басқа да газеттерге көптеген маңызды мәселелер туралы ...

► 8. Сөйлемде айтылған ойларды аяқтаңыз. Ойланып жауап беріңіз.

1. Кішкентай Міржақыпқа ағасы Асқар қамқорлық жасады, себебі ...

2. Міржақып өмір сүрген кезде қазақ халқы жәбір көрген, теңдігі жоқ еді, себебі ...

3. Міржақып та айтқысы келгендерін өлең шумақтарымен жеткізуге талапталды. Себебі ...

4. Алғашқы өлеңдерінің бірі «Оян, қазақ!» деп аталады. Себебі ...

5. Міржақып қамауға алынды, себебі ...

► 9. Жоспар бойынша мәтіннің мазмұнын айтыңыз.

Қазақ әдебиетінің тұңғыш романы «Бақытсыз Жамал»

► 1. Сөздерді синонимдердің немесе сөздіктің көмегімен түсініңіз.

а) әйел теңсіздігі
бас кейіпкер
айттырған күйеуі
қайын атасы

сүйген жігіті
саудагер
татар
нағашы

ә) жуас
нәзік жанды
таз
сүйкімді
кенеттен

панасыз
берік
боранды күні
қалың боран
қарлы дала

► 2. Етістіктердің мағынасын түсініңіз. Басқа сөздермен байланысына көңіл аударыңыз.

ұстау – *нені / кімді ұстау?*

сүйіп қосылу ≠ еріксіз қосылу – *кімге қосылу?*

паналау – *кімді/нені паналау?*

сену – *кімге /неге сену?*

жоқтау – *кімді жоқтау?*

айналып келу = *қайта келу?*

азаптау – *кімді азаптау?*

ұрып-соғу – *кімді ұрып-соғу?*

шешімге келу – қандай шешімге келу?

адасу – қайда адасу?

үсіп өлу – қайда үсіп өлу?

► 3. Сөз тіркестерінің мағынасын қалай түсінесіз.

Өзекті мәселе, әйел теңсіздігі, бас кейіпкері, нәзік жанды, айттырған күйеуі, қайын ата, сүйген жігіт, елге сүйкімді, бір-бірін тең ұстау, сенген адамдар, көмек көре алмау, ғашығын жоқтау, панасыз қалу, айттырған күйеуіне қосу, көп азаптау, берік шешім.

► 4. Мәтінді оқыңыз. Романның тақырыбы не туралы, айтыңыз.

Қазақ әдебиетінің тұңғыш романы «Бақытсыз Жамал»

Міржақып Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романы 1910 жылы жарық көрді.

«Бақытсыз Жамал» романының тақырыбы – ХХ ғасыр басындағы ең бір өзекті мәселе әйел теңсіздігіне арналған. Роман 13 бөлімнен тұрады.

Романның бас кейіпкері – Жамал. Оның айналасындағы кейіпкерлер әкесі – жуас Сәрсенбай, шешесі – нәзік жанды, ақылды Шолпан, айттырған күйеуі – таз Жұман, қайын атасы – қайырымсыз Байжан, сүйген жігіті Ғали. Романдағы бас кейіпкерлер – Жамал мен Ғали. Екеуі – елге сүйкімді, бір-бірін тең ұстап, сүйіп қосылмақ болған жандар.

Романның қысқаша оқиғасы:

Сүйгені Жамалды алып қашқан Ғали қаладағы саудагер татар, қайырымды Патихулланы паналайды. Сенген адамдарынан көмек көре алмай Ғали Жамалмен алыстағы нағашыларына кетеді, сонда кенеттен ауырып өледі. Ғашығын жоқтаған, панасыз қалған Жамалды айттырған күйеуіне қосады. Жұман Жамалды көп азаптайды, күнде ұрып-соғады. Бір күні Жамал берік шешімге келіп, қыстың боран-

ды күнінде қашып шығады. Азапта өткен өмірден гөрі не еркіндікке жетуді, не өлімді дұрыс деп санайды. Қалың боранда адасып, қарлы далада үсіп өледі.

Романды оқи отырып қазақ даласындағы әлеуметтік өмір мен сол замандағы тыныс-тіршілік туралы анық білуге болады.

► 5. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. «Бақытсыз Жамал» романы қашан жазылды?
2. Романның тақырыбы қандай мәселеге арналған?
3. Романның бас кейпкері кім?
4. Романның қосымша кейіпкерлері кімдер?
5. Роман арқылы не туралы біле аламыз?

► 6. «Бақытсыз Жамал» романының оқиғасы бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Ғали мен Жамал қосылу үшін елден қашып кімдерді паналайды?

2. Жамал не үшін қайтадан айттырған күйеуіне қосылады?

3. Еріксіз қосылған күйеуі Жұман мен Жамал қалай тұрады?

4. Жамал қандай шешім қабылдайды?
5. Жамал қалай қаза болады?

► 7. «Бақытсыз Жамал» романының оқиғасын баяндап беріңіз.

1. Ғали мен Жамалдың бірге қашуы.
2. Ғалидың өлімі.
3. Жамалдың Жұманға еріксіз қосылуы.
4. Жамалдың қаза болуы.

► 8. «Бақытсыз Жамал» романының кейіпкерлерінің портреті мен мінезін ашатын суреттеулерді оқып, қай кейіпкер қандай адам екенін айтыңыз. Төмендегі арнайы сөздікті пайдаланыңыз.

Кейіпкер суреттері

1. Сәрсенбай еш ғылым оқымаған момын, мал баққан кісі еді. Атасынан артық дәулет қалмаса да, берірек келген соң малы да жақсы болып, жылқысы жүзден асып, екі жүз, үш жүз қойы да болды;

2. Байжанның он жеті жастарға келген **Жұман** дейтін бір таз һәм ақылсыз баласы бар еді.

3. Жамал он бес жасқа келді. Сұлулық, ақыл, салтанат үшеуі бір-біріне сай келіп, Жамал сол елдің қызының алды болды. Сонымен бірге Жамал сөзге бек ұста болып, өз ойынан шығарып өлең жазатын болды. Ел ішінде бозбалалардың көзі түсе бастап, шет елдерге де «Сәрсенбайда бек көркем ақын қыз бар» деген лақап тарай бастады.

4. Ғали. Бұл жігіт орта бойлы, қияпатты бетінде азырақ қорасан дағы бар, жаңа мұрт шығып келе жатқан, сөйлеген сөзі сыпайы, әдепті, киімі ноғайшалау Ғали есімді бір жігіт еді.

Сөздік

момын – жуас

дәулет – байлық

берірек келген соң – кейін, кейіннен

таз һәм ақылсыз – таз және ақылсыз

салтанат – көрік, сән, сұлулық

сөзге бек ұста – сөзге өте шебер

көзі түсу – қызығу, көру, ұнату

шет елдер – басқа алыс ауылдар

лақап – сөз, хабар

қияпатты – кескінді, келбетті

бетінде қорасан дағы бар – бетінде шешектен қалған дағы бар

сыпайы, әдепті – тәрбиелі

киімі ноғайшалау – ноғайша киінген

► 9. Кейіпкерлердің портреті мен мінезі туралы өз сөзіңізбен айтып көріңіз.

Міржақып Дулатов туралы не білесіз, өзіңізді тексеріңіз.

1. Міржақып қай ғасырда өмір сүрген?
2. Міржақып өмір сүрген кезеңде қандай тарихи жағдайлар болып жатты?
3. Міржақып патша үкіметінің саясатымен күресу үшін қандай жол таңдап алды?
4. Міржақыптың алғашқы өлеңі қалай аталады?
5. Міржақып не үшін қамауға алынды?
6. Қазақ әдебиетінің алғашқы романы қалай аталады?
7. Романның тақырыбы не туралы?
8. Романның бас кейіпкері кім?
9. Романның мазмұнын айтып көріңіз.



МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ (1893-1938)

*«Жетсе егер қорқынышты қара түнім,
Басса дерт, әлім құрып шықпай үнім,
Көңіл ашар, кеудеме жан кіргізер
Өлең – менің Шолпаным, Айым, Күнім»*

М. Жұмабаев

Мағжан Жұмабаев

- 1. Сөздердің мағынасын синоним немесе сөздіктен қарап түсініңіз.

сері
ұйым
дерек
суреткерлік

арман-тілек
мұң
қуаныш ≠ қайғы
махаббат

сезім
бостандық
репрессия құрбаны

- 2. Сөздердің қалай жасалғанын айтыңыз.

айтыскер
тәуелсіздік = еркіндік
суреткерлік
азаттық
отаршылдық
сыршыл

► 3. Етістіктердің мағынасын түсініңіз. Басқа сөздермен байланысына мән беріңіз.

кұру – *нені құру?*

басылып шығу – *не басылып шығу?*

армандау – *нені армандау?*

күресу – *немен күресу?*

► 4. Сөз тіркестерін аударыңыз.

Ұйым құру; өлеңдер жинағы басылып шығу; өз халқының азаттығы мен бостандығын армандау; әділетсіздікпен, отаршылдықпен күресу;

Сыршыл ақын; айтыскер, сері адам; халқының арман-тілегі, қайғысы, мұңы, қуанышы, махаббаты, сезімі; ақынның суреткерлігі жоғары.

► 5. Мәтінді оқыңыз. Мағжан не жазды, айтыңыз.

Мағжан Жұмабаев

Мағжан Жұмабаев 1893 жылы Қызылжарда дүниеге келеді. Әкесі айтыскер, сері кісі болған.

Мағжан алғаш молладан сауат ашып, кейіннен медреседе мұсылманша оқиды. Содан кейін орыс семинариясын алтын медальға бітіреді. Мағжан оқып жүргенде М. Дулатовпен, С. Сейфуллинмен кездесіп солармен бірге қазақ халқының тәуелсіздігі үшін ұйымдар құрып, жұмыс істейді.

Мағжан өлеңді 12 жасында жазды деген дерек бар. Одан кейін, яғни жеті жылдан кейін ақынның алғашқы өлеңдер жинағы басылып шығады.

Әдебиетшілер Мағжанды «қазақтың Пушкині» деп атаған. Мағжан – суреткерлігі жоғары ақын, өлеңдері көркем, сұлу, сыршыл. Сондықтан Мағжанды Абайдан кейінгі суреткер ақын деп айтуға болады.

Мағжан өлеңдермен қатар, поэмалар («Батыр Баян», «Қорқыт», т.б.), әңгімелер («Шолпанның күнәсі») және аудармалар жазған.

Мағжан шығармаларының тақырыбы әр алуан. Мағжан өлеңдерінде қазақ халқының арман-тілегі, мұңы, қуанышы, қайғысы, махаббаты, сезімі жырланады. Ол қазақ халқының бостандық пен азаттыққа қол жеткізуін армандайды.

Мағжан өте қысқа өмір сүреді. Мағжан қазақ зиялы азаматы ретінде әділетсіздікпен, отаршылдықпен күреседі. Сол үшін бірнеше рет түрмеге қамалып, 1938 жылы репрессия құрбаны болады.

► 6. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Мағжан қашан қай жерде туылды?
2. Мағжанның әкесі қандай кісі болған?
3. Мағжан қайда оқиды?
4. Мағжан қандай ақын?
5. Оны кімге теңейді?
6. Мағжан жырларының тақырыбы туралы не білесіз?
7. Мағжан не жазды?
8. Мағжан нені армандады?
9. Мағжан қашан қалай қайтыс болды?
10. Сыршыл ақын дегенді қалай түсінесіз?

► 7. Төменде берілген абзацтардан маңызды деген сөйлеміңізді оқыңыз.

1. Мағжан алғаш молдадан сауат ашып, кейіннен медреседе мұсылманша оқиды. Содан кейін орыс семинариясын алтын медальға бітіреді. Мағжан оқып жүргенде М. Дулатовпен, С. Сейфуллинмен кездесіп солармен бірге қазақ халқының тәуелсіздігі үшін ұйымдар құрып, жұмыс істейді.

2. Әдебиетшілер Мағжанды «қазақтың Пушкині» деп атаған. Мағжан суреткерлігі жоғары ақын, өлеңдері көркем, сұлу, сыршыл. Сондықтан Мағжанды Абайдан кейінгі суреткер ақын деп айтуға болады.

3. Мағжан шығармаларының тақырыбы әр алуан. Мағжан өлеңдерінде қазақ халқының арман-тілегі, мұңы, қуанышы,

қайғысы, махаббаты, сезімі жырланады. Ол қазақ халқының бостандық пен азаттыққа қол жеткізуін армандайды.

► 8. Сөйлемдердің құрылымын өзгертіңіз.

1. Мағжан оқып жүргенде М. Дулатовпен, С. Сейфуллинмен кездесіп солармен бірге қазақ халқының тәуелсіздігі үшін ұйымдар құрып, жұмыс істейді.

2. Одан кейін жеті жылдан кейін ақынның алғашқы өлеңдер жинағы басылып шығады.

3. Мағжан – суреткерлігі жоғары ақын, өлеңдері көркем, сұлу, сыршыл.

4. Мағжан қазақ зиялы азаматы ретінде әділетсіздікпен, отаршылдықпен күреседі.

► 9. Мәтінге жоспар құрып, мазмұнын айтып беріңіз.

Мағжан – сыршыл ақын

► 1. Сөздердің мағынасын синоним немесе сөздіктен қарап түсініңіз.

а) сүйіспеншілік	у
жұлдыз	қан
жүзік	ләззат
ай	толқын
алқа	леп
ә) мөлдір	
жібектей	
кіршіксіз	

► 2. Етістіктердің мағынасын түсініңіз. Басқа сөздермен байланысына назар аударыңыз.

сүю – кімді/нені *сүю*?

жылжу – қайда *жылжу*?

тұншығу
жарысу – кіммен кім **жарысу?**
қуу – кімді/нені **қуу?**
кеңесу – кіммен **кеңесу?**
егесу – кіммен **егесу?**
сылдырлау

► 3. Сөз тіркестерінің мағынасын түсініңіз.

Жібектей жылжу; тұншығып өлу; Жұлдызды – жүзік,
Айды – алқа ғып беру;
жаңа леп; жылы, тәтті у; дүние малы; қанға тарау.

► 4. Мәтінді оқыңыз. Мағжанның мұнда берілген өлеңдері не туралы, айтыңыз.

Мағжан – сыршыл ақын

Мағжан сыршыл ақын дегеніміз оның сыршылдығы көбіне махаббат, сүйіспеншілік тақырыбына жазылған өлеңдерінде жақсы көрінеді.

Мысалы:

*Келші, көзім, күн бетіңді көрейін,
Сүйші, сәулем, тұншығып мен өлейін.
Жет, Жұлдызым, жылжып қана жібектей,
Жұлдызды – жүзік, Айды алқа ғып берейін*

немесе

*Сүй, жан сәулем, тағы да!
Жылы тәтті у тарады қаныма.
Бұл ләззаттың бір минутын бермеймін
Патша тағы, бүкіл дүние малына!*

Мағжан табиғатты, оның кіршіксіз тазалығын, адамға тән адал махаббатын, мөлдір сезімін жырлаған. Ақынның табиғат туралы көптеген өлеңдері бар. Солардың бірі – «Толқын».

<i>Толқыннан толқын туады,</i>	<i>Сылдыр, сылдыр, сылдырлап,</i>
<i>Толқынды толқын қуады,</i>	<i>Бірінің сырын бірі ұрлап,</i>
<i>Толқынмен толқын жарысады.</i>	<i>Толқынды толқын қуады.</i>
<i>Күңіренісіп кеңеспен,</i>	<i>Жарына бал береді,</i>
<i>Бітпейтін бір егеспен,</i>	<i>Береді де өледі;</i>
<i>Жарысып жарға барысад...</i>	<i>Өледі толқын, тынады.</i>

Мағжан шығармасы қазақ әдебиетіне жаңа леп әкелді.
Мағжан – қазақ поэзиясында өзіндік орны бар ерекше ақын.

► 5. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Мағжанның қай өлеңі сізге ұнады? Неге?
2. Сіз қалай ойлайсыз, Мағжанды неліктен ерекше ақын дейді?

► 6. Сөйлемдерді толықтырыңыз.

1. Мағжан сыршыл ақын дегеніміз оның сыршылдығы ...,
... тақырыбына жазылған өлеңдерінде жақсы көрінеді.
2. Жет, Жұлдызым, жылжып қана
Жұлдызды – ..., Айды – ... ғып берейін
3. Сүй,, тағы да!
..., ... у тарады қаныма.
4. Мағжан табиғатты, оның, адамға тән ...,
жырлаған.

► 7. Сіз қалай ойлайсыз?

1. Мағжан өлеңдерін беруде қандай көркемдеу, суреттеу тәсілдерін қолданған?
2. Сізге қай суреттеу ұнады? Неге?

► 8. Өлең шумақтарын жаттап алыңыз.

Мағжан Жұмабаев туралы сұрақтар. Өзіңізді тексеріңіз.

1. Мағжан қашан қай жерде туылды?
2. Мағжан қайда оқыды?
3. Мағжан қандай ақын?
4. Оны кімге теңейді?
5. Мағжан жырларының тақырыбы туралы не білесіз?
6. Мағжан не жазды?
7. Мағжан нені армандады?
8. Мағжан қашан қалай қайтыс болды?
9. Сыршыл ақын дегенді қалай түсінесіз?
10. Мағжанның қандай өлеңін немесе суреттеулерін білесіз?



МҰХТАР ӘУЕЗОВ **(1897–1961)**

*«Бірте-бірте өз халқының көкірек көзі болған
Абаймен бірге мен де сол халықтың
жан-жүрегін ұғуға және сол бір абзал қалпында
ашып беруге тырыстым»*

М. Әуезов

Мұхтар Әуезов

- ▶ 1. Сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын сөздік арқылы түсініңіз.

қоғам қайраткері
шаруа адамы
мұғалімдік семинария

- ▶ 2. Атауларды тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз. Мағынасын түсініңіз.

Қазақ ССР ғылым академиясының академигі.
Филология ғылымының тұңғыш докторы, профессор.
Мемлекеттік сыйлықтардың иегері.
Жоғары Кеңестің депутаты.

► 3. Мәтінді оқыңыз. М. Әуезов қай жерде жұмыс істеген, айтыңыз.

Мұхтар Әуезов

Әуезов Мұхтар Омарханұлы 1897 жылдың 28 қыркүйегінде Семей облысы, Абай ауданында дүниеге келген.

Әкесі Омархан шаруа адамы болған. Мұхтар атасы Әуез бен әжесі Дінәсілдің қолында тәрбиеленеді. Әуез немересіне алғаш арабшаны өзі үйретіп, оған өзінің досы Абайдың өлеңдерін оқытады. Ол Сапарбай деген молдадан хат танып, қазақ эпосының, араб, парсы әдебиетінің үлгілерін оқиды.

11 жасында Мұхтарды ағасы Семейдегі 5 кластық орысша оқытатын училищеге түсіреді. Училищені бітіргеннен кейін 1915-1919 жылдары сол қалада мұғалімдік семинарияны бітіреді. 1923-1928 жылдарда Мұхтар Әуезов Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінде, 4 жыл Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) университетінің филология факультетінде оқиды.

Мұхтар Әуезов жазушы, ғалым, қоғам қайраткері. Қазақ ССР ғылым академиясының академигі болған. Филология ғылымының тұңғыш докторы, профессор (1946).

Көптеген мемлекеттік сыйлықтардың иегері. Жоғары Кеңесте депутат та болған. Көп жылдар бойы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетінде оқытушы болып қызмет атқарды.

Мұхтар Әуезов – **зерттеуші**. Академик жазушы, профессор Мұхтар Әуезов әр салада еңбек сіңірген. М. Әуезовтің шығармашылық мұрасының аса ірі бөлігі – оның ғылыми зерттеулері. Ол қазақ ауыз әдебиетін жинақтап, жүйелеп зерттеді. Қазақ әдебиеті тарихы және Абайдың өмірі мен шығармалары, әдебиеттану мен ауыз әдебиетінің теориялық мәселелері туралы құнды еңбектер жазды.

Мұхтар Әуезов 1961 жылдың 27 маусымында қайтыс болады.

► 4. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Мұхтар Әуезов кім?
2. Әуезов кімнің қолында тәрбиеленеді?
3. Атасы Әуез Мұхтарға қандай тіл үйретеді?
4. Атасы Мұхтарға кімнің өлеңдерін оқытады?
5. Мұхтар қай жерлерде оқиды?
6. М. Әуезов қайда жұмыс істейді?
7. М. Әуезовтің ғылыми дәрежесі қандай?
8. М. Әуезов нені зерттеді?
9. М. Әуезов қандай мәселелер туралы еңбектер жазды?

► 5. Сөйлемдерді аяқтаңыз.

Мұхтар атасы Әуез бен әжесі Дінәсілдің қолында ...
Әуез немересіне алғаш арабшаны өзі үйретіп, оған өзінің досы Абайдың өлеңдерін ...

Жоғары Кеңесте депутат та ...

Көп жылдар бойы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетінде ...

► 6. Сөйлемдерді тиісті сөздермен толықтырыңыз.

Мұхтар Әуезов жазушы, ғалым, ... қайраткері.

Қазақ ССР ғылым академиясының ... болған.

Филология ғылымының тұңғыш ..., ...

Ол Сапарбай деген молдадан хат танып, қазақ ..., ..., ... әдебиетінің үлгілерін оқиды.

Көптеген иегері.

Жоғары Кеңесте ... та болған.

Қажетті сөздер: депутат, эпос, араб, парсы, докторы, мемлекеттік сыйлықтар, академик, қоғам, профессор.

7. Жоспар бойынша мәтіннің мазмұнын айтыңыз.

1. Мұхтар Әуезовтің дүниеге келуі;
2. Әуез және Мұхтар;

3. Мұхтардың оқуы;
4. Мұхтардың қызметі;
5. Мұхтардың ғылыми дәрежесі.

Мұхтар Әуезов – Ұлы жазушы

- 1. Сөздердің мағынасын сөздік арқылы түсініңіз.

<p>әңгіме проза прозалық шығарма роман-эпопея драма пьеса режиссер</p>		<p>күнделікті өмір балалық шақ оқырман баға киіз үй ұлттық театр</p>
--	--	--

- 2. Сөздердің мағынасын түсіндіріңіз.

әдет-ғұрып, күнделікті өмір, тұрмыс-тіршілік.

- 3. Етістіктердің мағынасын түсініңіз. Басқа сөздермен байланысына көңіл аударыңыз.

бейнелеу }
суреттеу } *нені?*
баяндау }

қойылып жүру – *не қойылып жүр?* Театрда пьеса қойылып жүр.

- 4. Сөйлемдердің мағынасын түсініңіз.

М. Әуезовтің әңгімелерінде, роман-эпопеясында, яғни шығармаларының барлығында халықтың өмірі, әдет-ғұрып, күнделікті өмірі **бейнеленеді**.

Романда тек қана Абай бейнесі ғана емес, сонымен қатар ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі де **суреттеледі**.

Бұл роман-эпопеяда Абайдың балалық шағынан кәрілік кезіне дейін **баяндалады**.

Пьесада бір-біріне қосыла алмаған ғашықтар өмірі **баяндалады**.

► 5. Мәтінді оқыңыз.

1. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы неше тілге аударылды?

2. Мұхтар Әуезовтің ең алғашқы пьесасы қайда қойылды? Айтыңыз.

Мұхтар Әуезов – Ұлы жазушы

Мұхтар Әуезов – қазақ халқының ұлы жазушысы. М. Әуезовтің әңгімелерінде, роман-эпопеясында, яғни шығармаларының барлығында халықтың өмірі, әдет-ғұрпы, күнделікті өмірі бейнеленеді.

Мұхтар Әуезовтің көптеген әңгімелері, прозалық шығармалары бар. М. Әуезовтің ең ірі шығармаларының бірі “Абай жолы” роман-эпопеясы. Бұл роман 15 жыл бойы жазылған. Роман-эпопеяда Абайдың балалық шағынан (жастық кезінен) кәрілік кезіне дейін баяндалады. Романда тек қана Абай бейнесі ғана емес, сонымен қатар ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі де суреттеледі. “Абай жолы” роман-эпопеясының бірінші кітабы 1942 жылы, ал екінші кітабы 1947 жылы шықты.

Мұхтар Әуезовтің “Абай жолы” роман-эпопеясы қазақ халқын бүкіл әлемге танытты. Бұл шығарма әлемнің 30 тіліне аударылып, әлем оқырмандарынан өте жоғары баға алды.

Мұхтар Әуезов тек қана прозашы емес, сонымен қатар **драматург** та болған. Мұхтардың ең алғашқы драмалық шығармасы «Еңлік-Кебек» деп аталды. “Еңлік-Кебек” пьесасын Мұхтар Әуезов өзі режиссер болып 1917 жылы Абайдың сүйікті әйелі Әйгерімнің киіз үйінде қойып көрсетеді. Пьесада бір-біріне қосыла алмаған ғашықтар өмірі баяндалады. Пьеса 1926 жылы қазақ ұлттық театрында тұңғыш қойылған

драмалық шығармалардың бірі. Сонымен қатар автордың “Айман-Шолпан”, “Тартыс”, “Тас түлек”, “Абай”, “Қаракөз” пьесалары қазіргі кезге дейін Алматы қаласындағы М.О. Әуезов атындағы Қазақ драма театрында қойылып жүр.

► 6. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. М. Әуезов өз шығармаларында нені бейнелейді?
2. Әуезовтің ең ірі шығармасының атын айтыңыз?
3. «Абай жолы» қашан жарыққа шықты?
4. “Абай жолы” роман-эпопеясы кім туралы жазылған?
5. “Абай жолы” қанша тілге аударылды?
6. Қазақ театрында алғаш қойылған қандай шығарма?

► 7. Сөйлемдерді мәтіннің мазмұнына орай ретімен орналастырыңыз.

1. Роман-эпопеяда Абайдың балалық шағынан (жастық кезінен) кәрілік кезіне дейін баяндалады.

2. М. Әуезовтің ең ірі шығармаларының бірі “Абай жолы” роман-эпопеясы.

3. Мұхтар Әуезов – қазақ халқының ұлы жазушысы.

4. Мұхтар Әуезовтің “Абай жолы” роман-эпопеясы қазақ халқын бүкіл әлемге танытты.

5. Мұхтардың ең алғашқы драмалық шығармасы «Еңлік-Кебек» деп аталды.

6. М. Әуезовтің әңгімелерінде, роман-эпопеясында, яғни шығармаларының барлығында халықтың өмірі, әдет-ғұрпы, күнделікті өмірі бейнеленеді.

► 8. Сөйлемдерді аяқтаңыз.

1. Романда тек қана Абай бейнесі ғана емес, сонымен қатар

...

2. “Абай жолы” роман-эпопеясының бірінші кітабы 1942 жылы, ал ...

3. Мұхтар Әуезов тек қана прозашы емес, сонымен қатар ...

► 9. Сөйлемдерді толықтырыңыз.

Мұхтар Әуезовтің көптеген ..., ... шығармалары бар.

“Абай жолы” ... 15 жыл бойы жазылған.

Мұхтар Әуезов тек қана ... емес, сонымен қатар ... та болған.

“Еңлік-Кебек” пьесасын Мұхтар Әуезов өзі ... болып 1917 жылы Абайдың сүйікті әйелі Әйгерімнің киіз үйінде қойып көрсетеді.

... 1926 жылы қазақ ұлттық театрында тұңғыш қойылған драмалық шығармалардың бірі.

Қажетті сөздер: әңгіме, проза, прозалық шығарма, роман-эпопея, драматург, пьеса, режиссер.

► 10. Мәтіннің бөлінген бөлімдеріне көңіл аударыңыз. Сіз қалай бөлер едіңіз? Өзіңіз бөлген бөлімдер бойынша мәтіннің мазмұнын айтыңыз.

1. Әуезов шығармаларының тақырыбы.
2. «Абай жолы» – ең ірі роман-эпопея.
3. Әуезов – драматург.

► Мұхтар Әуезов туралы сұрақтар. Өзіңізді тексеріңіз.

1. Мұхтар Әуезов кім?
2. Әуезов кімнің қолында тәрбиеленеді?
3. Атасы Мұхтарға кімнің өлеңдерін оқытады?
4. Мұхтар қай жерлерде оқиды?
5. М. Әуезов қайда жұмыс істейді?
6. М. Әуезовтің ғылыми дәрежесі қандай?
7. М. Әуезов нені зерттеді?
8. М. Әуезов қандай мәселелер туралы еңбектер жазды?
9. М. Әуезов өз шығармаларында нені бейнелейді?
10. М. Әуезовтың ең ірі шығармасының атын айтыңыз?
11. «Абай жолы» қашан жарыққа шықты?
12. “Абай жолы” роман-эпопеясы кім туралы жазылған?
13. “Абай жолы” қанша тілге аударылды?
14. Қазақ театрында алғаш қойылған қандай шығарма?



ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ (1902-1985)

*«Адам – азамат атанса, әйел – ана атанса,
адам баласы бір-біріне жолдас атанса,
ана біткеннің содан басқа іздегені бар ма?»*

Ғ. Мүсірепов

Автобиографиялық әңгіме

► 1. Сөздердің мағынасын синоним немесе сөздік арқылы түсініңіз.

ескіше = бұрынғы
есептелу
үбірлі-шүбірлі – көп балалы
қалжа– әйел жаңа босанғанда сойылатын мал еті; қалжа сүйегі
боран
бірсыпыра = біраз
бір қара үй = бір отбасы

► 2. Етістіктердің мағынасын түсініп, басқа сөздермен байланысын түсініңіз.

жайлау = мекендеу – *қай жерді жайлау/мекендеу?*
Қазақстанның суық жағын жайлайтын (суық жағында тұратын) халық;

өткізу – *нені өткізу?* Қыс айларын өткізу.
жер сілкіну
күн, ай тұтылу
есте қалу = ұмытпау; *Есімде қалған еш нәрсе жоқ;– бәрін ұмыту;*

таласу – таласа алмау – *неге / кімге таласу/ таласа алмау?*

ұйқастыру – *нені ұйқастыру?*

ат беру = ат қою – *кімге ат беру/ ат қою?*

жылау – жыламау

тарту – тарта бастау – *неге тарта бастау?*

► 3. Сөз тіркестерінің мағынасын түсініңіз. Синоним тіркес жазыңыз.

жыл басы деп есептелетін;
біздің елдердің бірсыпырасы;
басқа балалардың атына ұйқастыра ат берілген;
қайсар болу;
сирек кездестіру;
қиссаға құмарлық;
әдебиетке тарта бастау;
өтініш жазу;
мектепке түсу.

► 4. Сөйлемдердегі қарамен жазылған сөздердің мағынасын қалай түсінесіз?

Ол күні жер де сілкінбеген, күн түгіл ай да тұтылмаған, есте қаларлық боран да болмаған, ең аяғы қалжа сүйегіне иттер де таласа алмаған.

Менсіз де **үбірлі-шүбірлі бір қара үйде** тағы бір бала туа салған.

Орышадан **екі алып**, есептен **бес алып** түстім.

► 5. Мәтінді оқыңыз. Ғ. Мүсірепов қандай мектептерде оқығанын айтыңыз.

Автобиографиялық әңгіме (Үзінді)

Мен ескіше жыл басы деп есептелетін «Наурыз күні» киіз үйде туыппын. Қазақ даласының ең суық жағын жайлайтын біздің елдердің бірсыпырасы ХХ ғасырдың бас кезінде де қыс айларын киіз үйде өткізеді екен.

Ол күні жер де сілкінбеген, күн түгіл ай да тұтылмаған, есте қаларлық боран да болмаған, ең аяғы қалжа сүйегіне иттер де таласа алмаған. Менсіз де үбірлі-шүбірлі бір қара үйде тағы бір бала туа салған да, басқа балаларының атына ұйқастыра ат берілген.

Әрине, ол күннен менің есімде қалған еш нәрсе жоқ ...

– Қайсар болушы ең, жыламайтын едің, – деп шешем әр кезде айтып отыратын...

1916 жыл. ... Көрші ауылда екі кластық орысша мектеп бар екен. Мені бірінші класқа кіргізді. Оқытушы Бекет Өтетілеуов. Ондай жақсы оқытушыны мен кейін де сирек кездестірдім.

Ол сабақтан кейін оқуға, білімге шақыратын әңгімелерді айтатын.

Ол көбінесе, өзі аударған Крылов мысалдарын оқып береді. Абай, Ыбырай шығармаларын оқиды.

Бекет менің қиссаға құмарлығымды білгеннен кейін мені әдебиетке тарта бастады. ...

Келер жылы жазда Бекет Өтетілеуов өз атынан өтініш жазып, мені жоғары бастауыш мектебіне түсірді. Орысшадан екі алып, есептен бес алып түстім.

Бұл мектепті жиырма бірінші жылы бітірдім.

► 6. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Сіз қалай ойлайсыз F. Мүсірепов Қазақстанның қай жерінде туылған?

2. Ол туғанда қандай ерекше жағдай болған?

3. Ол қандай отбасында дүниеге келген?

4. Мүсірепов қандай мектепте оқыды?

5. Оның мұғалімі қандай адам болды?

6. Ғ. Мүсіреповтің мұғалімі кімдердің шығармаларымен таныстырды?

7. Оқытушы Ғ. Мүсіреповке қалай көмектесті? Не үшін көмектесті, сіз қалай ойлайсыз?

► 7. Бірінші жақтан айтылып тұрған сөйлемдерді үшінші жақтан баяндаңыз.

Мен ескіше жыл басы деп есептелетін «Наурыз күні» киіз үйде туыппын.

Әрине, ол күннен менің есімде қалған еш нәрсе жоқ .

Бекет менің қиссаға құмарлығымды білгеннен кейін мені әдебиетке тарта бастады.

Келер жылы жазда Бекет Өтетілеуов өз атынан өтініш жазып, мені жоғары бастауыш мектебіне түсірді. Орышадан екі алып, есептен бес алып түстім.

Бұл мектепті жиырма бірінші жылы бітірдім.

► 8. Автордың туған күнін суреттейтін сөйлемдерді теріп жазыңыз.

► 9. Сөйлемдерді аяқтаңыз.

1. Мен ескіше жыл басы деп есептелетін туыппын.

2. Қазақ даласының ең суық жағын жайлайтын біздің елдердің бірсыпырасы ХХ ғасырдың бас кезінде де өткізеді екен.

3. Ол күні ...де сілкінбеген, да тұтылмаған, есте қаларлық ... да болмаған, ең аяғы де таласа алмаған.

4. Менсіз де үбірлі-шүбірлі тағы бір бала туа салған да, басқа ұйқастыра ат берілген.

5. Бекет менің қиссаға құмарлығымды білгеннен кейін ... тарта бастады.

► 10. Автобиографиялық әңгіме деген не?

► 11. Мәтіннен маңызды деген эпизодты бөліп алыңыз.

- ▶ 12. Мәтіннен болған жағдайларға автордың көзқарасын білдіретін көріністі табыңыз.
- ▶ 13. Өзіңіздің автобиографиялық әңгімеңізді жазып көріңіз.

Ғабит Мүсірепов – классик жазушы

- ▶ 1. Сөздердің мағынасын синонимдер немесе сөздік арқылы түсініңіз.

а) жеке адам
тағдыр
әсер
шебер
төңкеріс

соғыс
өндіріс орны
кинофильм
сценарий

ә) сан қырлы, сан сырлы – әр алуан, әртүрлі қыр/сыр
әдеби сыншы
әлеуметтік
саяси өзгеріс – әлеуметтік және саяси өзгеріс

- ▶ 2. Мағынасына қарай сөз тіркестерін жасаңыз.

халық	тыныс-тіршілік
жеке адам	ой-арман
дарын	өзгерістер
кинофильм	тағдыр
өндіріс	психология
	ие
әлеуметтік	сценарий
саяси	орны

- ▶ 3. Сөйлемдерді оқыңыз. Қарамен жазылған сөздердің мағынасын түсініңіз.

1. Ғабит Мүсірепов – **сан қырлы, сан сырлы** үлкен дарын иесі.

2. Жазушының барлық шығармасында қарапайым халықтың күнделікті тыныс-тіршілігі, ой-арманы, ел арасында болып жатқан **әлеуметтік, саяси өзгерістердің жеке адамдардың тағдырына, психологиясына әсерлері** шебер суреттеледі.

3. **Төңкерістен кейінгі** қазақ даласындағы **өзгерістер** туралы жазылған «Талпақ танау», «Қос шалқар», «Шұғыла» повестері мен әңгімелері, **соғыс жылдарына** байланысты «Қазақ солдаты», Қазақстандағы алғашқы **өндіріс орны** туралы «Оянған өлке» романдары т.б. көптеген танымал шығармалары бар.

► 4. Мәтінді оқыңыз. Ғ. Мүсіреповтің қандай шығармалары бар, айтыңыз.

Ғабит Мүсірепов – классик жазушы

Ғабит Мүсірепов – сан қырлы, сан сырлы үлкен дарын иесі.

Ғ. Мүсірепов әрі жазушы, әрі драматург, әрі әдеби сыншы, әрі журналист, әрі қоғам қайраткері болды. Ғ. Мүсіреповтің қолынан прозалық шығармалардан шағын әңгімеден бастап үлкен романдар, пьесалар дүниеге келді. Әңгімелері 1928 жылдардан бастап жарық көрді.

Ғ. Мүсіреповтің шығармаларының тақырыбы әр алуан. Төңкерістен кейінгі қазақ даласындағы өзгерістер туралы жазылған «Талпақ танау», «Қос шалқар», «Шұғыла» повестері мен әңгімелері, соғыс жылдарына байланысты «Қазақ солдаты», Қазақстандағы алғашқы өндіріс орны туралы «Оянған өлке» романдары, т.б. көптеген танымал шығармалары бар.

Ғ. Мүсіреповтің шығармашылығында ана тақырыбы айрықша орын алады. Ол аналарға арнап он шақты әңгіме («Ананың арашасы», «Ақлима» т.б.) және көлемді «Ұлпан» повесін жазды.

Жазушының барлық шығармасында қарапайым халықтың күнделікті тыныс-тіршілігі, ой-арманы, ел арасында болып жатқан әлеуметтік, саяси өзгерістердің жеке адамдардың тағдырына, психологиясына әсерлері шебер суреттеледі.

Ғ. Мүсірепов драматургия саласында «Қыз Жібек» музыкалы либреттосын, «Амангелді» кинофильмінің сценарийін жазды.

► 5. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Ғ. Мүсірепов қандай жазушы?
2. Ғ. Мүсірепов кім?
3. Ғ. Мүсірепов шығармаларының тақырыбы қандай?
4. Ғ. Мүсірепов шығармаларының ішінде қай тақырып ерекше орын алады?
5. Ғ. Мүсіреповтің қандай шығармаларын білесіз?
6. Ғ. Мүсірепов шығармаларында нені суреттейді?
7. Автордың драматургия саласындағы еңбектерін атаңыз.

► 6. Сөйлемдерді мәтін мазмұнына қарай орналастырыңыз.

1. Ғ. Мүсіреповтің шығармашылығында ана тақырыбы айрықша орын алады.
2. Ғ. Мүсірепов әрі жазушы, әрі драматург, әрі әдеби сыншы, әрі журналист, әрі қоғам қайраткері болды.
3. Ғ. Мүсіреповтің шығармаларының тақырыбы әр алуан.
4. Жазушының барлық шығармасында қарапайым халықтың күнделікті тыныс-тіршілігі, ой-арманы, ел арасында болып жатқан әлеуметтік, саяси өзгерістердің жеке адамдардың тағдырына, психологиясына әсерлері шебер суреттеледі.

► 7. Сөйлемдерді толықтырыңыз.

1. Ғ. Мүсірепов _____ болды.
2. Ғ. Мүсіреповтің қолынан _____ дүниеге келді.
3. Ғ. Мүсіреповтің шығармашылығында _____ айрықша орын алады.
4. Жазушының барлық шығармасында қарапайым халықтың _____, ел арасында болып жатқан _____ әсерлері шебер суреттеледі.
5. Мүсірепов драматургия саласында _____ жазды.

► 8. Мәтіннен жазушының прозалық шығармаларының тақырыбы жөнінде жазылған сөйлемді бөліп көрсетіңіз.

► 9. Берілген жоспар бойынша мәтіннің мазмұнын айтыңыз.

1. Ғ. Мүсірепов классик жазушы.
2. Ғ. Мүсірепов шығармаларының тақырыбы.
3. Ғ. Мүсірепов шығармаларындағы ана тақырыбы.
4. Ғ. Мүсірепов драматург.

Ананың арашасы (әңгіме)

Ғ. Мүсіреповтің «Ананың арашасы» әңгімесі азамат соғысына арналған. Ақ, қызыл болып екіге бөлініп, жарылып соғысып, кезек-кезек елдің тынышын кетіріп жатқан кез. Сондай бір кезде ақ офицер Антоновтың жазалаушы отряды ауылдың үстінен қылышын жарқылдатып, тыныш жатқан елдің берекесін кетіреді. Ауылдан қызылдарды іздейді. Нағима жаралы қызыл әскерді қуғыншы ақ әскерден жасырып, өлім аузынан алып қалады. Офицер Антонов «қызыл әскерді тауып бер» деп қанша азаптаса да қайсар ана айтпайды.

(Төменде берілген үзінді шетел азаматтарының ұғынуына жеңіл болу үшін түпнұсқадан өзгертілген, аздап жеңілдетілген).

► 1. Сөздерді синоним немесе сөз тіркесі арқылы түсініңіз.

а) нәрсе	түтін
әлсіздік	жамбас
солдат	тапанша
ә) оп-оңай	ызалы
буалдыр	таяу

► 2. Етістіктердің мағынасын түсініңіз. Басқа сөздермен байланысына көңіл аударыңыз.

ашулану – қатты ашулану
қамшыны үсті-үстіне жаудыру = қамшымен сабау/ұру;
ұялу – кімнен **ұялу?**
сою – кімді/нені **сою?**
тоқтату – нені **тоқтату?**
қадалу – кімге/неге **қадалу?**
көшу – қайдан-қайда **көшу?**
ысыра беру – нені **ысыру?**
бұрқырату – нені **бұрқырату?**
темекі тарту
жанына бату = қиналу – **не жанына бату?**

► 3. Тұрақты тіркестердің мағынасын түсініңіз.

Жанға бату; көз қадалу.

► 4. Сөйлем мен сөз тіркестерінің мағынасын түсініңіз.

Қамшыны үсті-үстіне жаудырып тұрған ызалы Антонов – *қамшымен сабап тұрған ызалы Антонов;*

Антоновтың жанына батып бара жатқан нәрсе – *Антоновқа ауыр болған нәрсе;*

Өзінің ұялатынын біліп – *Антонов өзінің ұялатынын сезді;*

Ана көзі үй толы солдаттарға қадалды – *ана үйдің ішіндегі солдаттарға қарады;*

Бұрқырата тартқан темекі – *көп темекі тарту;*

Темекі түтінінен буалдыр ғана көрінеді – *темекі түтінінен анық көрінбейді;*

Өмірінде бірінші рет көріп тұрғандай – *алғаш көріп тұрғандай;*

Аяғымен әрі қарай ысыра беріп – *аяғымен әрі итеріп;*

Қамшыны оп-оңай ала алар емес – *қамшыны ала алмай тұр.*

- 5. Үзіндіні оқыңыз. Антонов қандай адам деп ойлайсыз?

Ананың арашасы

...

Қатты ашуланып, қамшыны үсті-үстіне жаудырып тұрған ызалы Антонов өзі де шаршады. Антоновтың жанына батып бара жатқан нәрсе әскерлерінің алдындағы өзінің әлсіздігі еді. Енді тоқтатпаса, өзінің ұялатынын біліп, қамшыны өзіне таяу тұрған солдаттың аяғына тастай салды.

1. Сойыңдар кезекпен!

«Ал сендер де анаға қол көтеремісіндер? Амал не, көремін де!» – дегендей, ана көзі үй толы солдаттарға қадалды. Солдат жүздері бұрқырата тартқан темекі түтінінен буалдыр ғана көрінеді.

2. Ал қамшыны! – деді Антонов қасындағы солдатқа. Ол қамшыны қолына алып, мұның не нәрсе екенін өмірінде бірінші рет көріп тұрғандай, айналдырып бір қарады да, өзіне таяу тұрған солдаттың алдына тастады...

Екінші солдат қамшыны қолына алмастан, аяғымен әрі қарай ысыра беріп:

3. Рақмет... ала алмаймын... – деді.

Аяқтан-аяққа көшіп, қамшы солдаттарды түгел айналып Антоновтың өз алдына келіп түсті. Енді Антоновтың өзі де қамшыны оп-оңай ала алар емес. Оның орнына қолы жамбасындағы тапаншаға қарай кетіп барады. ...

- 6. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Антонов кімді ұрып жатыр?
2. Антонов не үшін ұрып жатыр?
3. Антонов қамшыны неге басқа солдаттарға ұрыңдар деп берді?
4. Басқа солдаттар не істеді?
5. Антонов қайтадан қамшыны алды ма?

► 7. Сөйлемдерді толықтырыңыз.

1. Қатты ашуланып, қамшыны үсті-үстіне жаудырып тұрған ызалы Антонов өзі де ...

2. Антоновтың жанына батып бара жатқан нәрсе ...

3. Енді тоқтатпаса, өзінің ..., қамшыны өзіне таяу тұрған солдаттың аяғына

4. «Ал сендер де анаға қол көтеремісіндер? Амал не, көремін де!» – дегендей, ана көзі үй толы ...

5. Ол қамшыны ..., мұның не нәрсе екенін өмірінде бірінші рет ..., айналдырып бір қарады да, өзіне таяу тұрған солдаттың ...

6. Аяқтан-аяққа ..., қамшы солдаттарды түгел ... Антоновтың өз алдына

7. Енді Антоновтың өзі де қамшыны оп-оңай

8. Оның орнына қолы жамбасындағы тапаншаға қарай ...

► 8. Сөйлемді мағыналас басқа сөйлеммен жазыңыз.

1. Енді тоқтатпаса, өзінің ұялатынын біліп, қамшыны өзіне таяу тұрған солдаттың аяғына тастай салды.

2. Сойыңдар кезекпен!

3. «Ал сендер де анаға қол көтеремісіндер? Амал не, көремін де!» – дегендей, ана көзі үй толы солдаттарға қадалды.

4. Ол қамшыны қолына алып, мұның не нәрсе екенін өмірінде бірінші рет көріп тұрғандай, айналдырып бір қарады да, өзіне таяу тұрған солдаттың алдына тастады.

► 9. Мәтінге көркемдік сипат беріп тұрған сөз тіркестері мен сөйлемдерді көрсетіңіз.

► 10. Мәтіннен ананың жағдайын білдіретін сөйлемді табыңыз.

► 11. Мәтіннен Антоновтың мінезін ашып көрсететін көріністі табыңыз.

► 12. Мәтіннен солдаттардың жай-күйін білдіретін көріністі табыңыздар.

- ▶ 13. Бұл үзіндіге не деп ат қояр едіңіз? Неге?
- ▶ 14. Мәтінге өзіңіз жоспар құрып мазмұнын айтыңыз.
- ▶ Ғабит Мүсірепов туралы сұрақтар. Өзіңізді тексеріңіз.

1. Ғ. Мүсірепов Қазақстанның қай жерінде туылған?
2. Ол қандай отбасында дүниеге келген?
3. Ғ. Мүсірепов қандай мектепте оқыды?
4. Оның мұғалімі қандай адам болды?
5. Ғ. Мүсіреповтың мұғалімі кімдердің шығармаларымен таныстырды?
6. Ғ. Мүсірепов қандай жазушы?
7. Ғ. Мүсірепов кім?
8. Ғ. Мүсірепов шығармаларының тақырыбы қандай?
9. Ғ. Мүсірепов шығармаларының ішінде қай тақырып ерекше орын алады?
10. Ғ. Мүсіреповтің қандай шығармаларын білесіз?
11. Ғ. Мүсірепов шығармаларында нені суреттейді?
12. Автордың драматургия саласындағы еңбектерін атаңыз.



ӘЗІЛХАН НҰРШАЙЫҚОВ (1922-2011)

*«Дүние-мүлік мұра емес,
балаға әкенің өмірде алған жақсы атағы мен
істеген үлгілі ісі мұра»*

Ә. Нұршайықов

Әзілхан Нұршайықов

► 1. Жаңа сөздердің мағынасын синоним немесе сөздік арқылы түсініңіз.

орден
грамота
медаль
редактор
меңгеруші
орынбасар

► 2. Етістіктердің мағынасын түсініп, басқа сөздермен байланысына көңіл бөліңіз.

марапаттау
үздік шығу
қатысу
меңгеру

- 3. Сөйлемдерді тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз, аударыңыз.

Ауылдағы орталау мектепті бітіргеннен кейін Әзілхан Алматыдағы **Тау-кен институтының жұмысшы факультетінде**, Семейдегі Абай атындағы қазақ педагогикалық училищесінде оқыды. 1953-1956 жж. **Павлодар облысы «Қызыл ту»** газетінің, 1963-1965 жж. «Қазақ әдебиеті» газетінің редакторы. Ал 1965-1968 жж. «Социалистік Қазақстан» газетінің әдеби қызметкері, **бөлім меңгерушісі, редактордың орынбасары**, 1968-1972 жылдар аралығында **Қазақ Совет Энциклопедиясының** меңгерушісі болды. Ол үшінші дәрежелі Даңқ, «Құрмет белгісі», Халықтар достығы және екінші дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, «Жауынгерлік еңбегі үшін», «Батырлығы үшін», «Еңбекте үздік шыққаны үшін», т.б. **медаль, ордендермен** марапатталған.

- 4. Мәтінді оқыңыз. Әзілханның қайда дүниеге келгенін, қайда оқығанын, қандай жұмыстар атқарғанын айтыңыз.

Әзілхан Нұршайықов

Әзілхан Нұршайықов Семей облысы, Жарма ауданында, Келінсүйегі деген жерде 1922 жылы 15 желтоқсанда дүниеге келген.

Әзілхан Нұршайықов Қазақстан Республикасының халық жазушысы. Ауылдағы орталау мектепті бітіргеннен кейін Әзілхан Алматыдағы Тау-кен институтының жұмысшы факультетінде, Семейдегі Абай атындағы қазақ педагогикалық училищесінде оқыды. 1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысқан. 1949 жылы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетін бітірген. 1953-1956 жж. Павлодар облысы «Қызыл ту» газетінің, 1963-1965 жж. «Қазақ әдебиеті» газетінің редакторы. Ал 1965-1968 жж. «Социалистік Қазақстан» газетінің әдеби қызметкері, бөлім меңгерушісі, редактордың орынбасары, 1968-1972 жылдар аралығында Қазақ Совет Энциклопедиясының меңгерушісі болды. 1972 жылдары

Қазақ ғылым академиясының М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында жұмыс істейді. Ол үшінші дәрежелі Даңқ, «Құрмет белгісі», Халықтар достығы және екінші дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, «Жауынгерлік еңбегі үшін», «Батырлығы үшін», «Еңбекте үздік шыққаны үшін», т.б. медаль, ордендермен марапатталған.

► 5. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Әзілхан Нұршайықов қай жылы және қай жерде дүниеге келді?

2. Ол қай оқу орнын бітіреді?

3. Ол қандай жұмыстар істейді?

4. Ә. Нұршайықов қандай ордендермен марапатталады?

5. Ол неге қатысады?

► 6. Сөйлемдерді аяқтаңыз.

Ол «Алыстағы», «Тың астығы», «Ертіс жағасында», «Ақиқат пен аңыз», «.....» т.б. әңгіме, және романдардың авторы.

Алпысыншы бастап біржола жазуға барлық өмірден шындық оқиғаларға негізделген.

► 7. Мәтіндегі маңызды деген мәліметтер бойынша сұрақ дайындап, досыңызбен әңгімелесіңіз.

Әзілхан Нұршайықовтың шығармашылығы

► 1. Жаңа сөздердің мағынасын синоним арқылы немесе сөздіктен тауып түсініңіз.

очерк

көркем проза

біржола

қадам

шебер

атақ

лауреат

шындық

ақиқат

- 2. Етістіктердің мағынасын сөздіктен тауып түсініңіз, басқа сөздермен байланысына көңіл аударыңыз.

жазудан бастау – *неден бастау?*

жазуға ауысты – *неге ауысты?*

атақ берілу – *не істеу? Не берілу?*

оқиғаларға негізделу – *неге негізделу?*

жырлай білу – *не істеу? Нені жырлай білу.*

жарыққа шығу – *не істеу? Не жарыққа шығу?*

- 3. Төмендегі сөздерді пайдаланып алдымен сөз тіркесін, содан соң сөйлем құраңыз.

жинақ	мемлекет
том	пионер
социалистік	очерк
лауреат	сыйлық
аңыз	шығарма
тақырып	

- 4. Сөйлемдерді тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

Ә. Нұршайықовтың «Мен – пионер» деген алғашқы өлеңі 1936 жылы аудандық «Социалистік Еңбек» газетінде жарық көрді.

Ә. Нұршайықовқа «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогы үшін Абай атындағы мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағы берілді.

Осы роман-диалогы 1984 жылы украин тіліне, 1985 жылы чех тіліне аударылды.

Басқа да шығармалары қырғыз, өзбек, тәжік, молдован, татар, якут тілдеріне аударылған.

Ол махаббат тақырыбында шебер жырлай білетін жазушы.

Әзілхан Нұршайықовтың шығармашылығы

Ә. Нұршайықовтың «Мен – пионер» деген алғашқы өлеңі 1936 жылы аудандық «Социалистік Еңбек» газетінде жарық көрді. Жазушы өзінің прозадағы алғашқы қадамын очерк жазудан бастады. Алпысыншы жылдардан бастап біржола көркем проза жазуға ауысты. Ол «Алыстағы ауданда», «Тың астығы», «Ертіс жағасында», «Ақиқат пен аңыз», «Махаббат қызық мол жылдар» т.б. әңгіме, очерк және романдардың авторы.

Ә. Нұршайықовқа «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогы үшін Абай атындағы мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағы берілді. Осы роман-диалогы 1984 жылы украин тіліне, 1985 жылы чех тіліне аударылды. Басқа да шығармалары қырғыз, өзбек, тәжік, молдован, татар, якут тілдеріне аударылған. Оның барлық шығармалары өмірден алынған шындық оқиғаларға негізделген. Ол махаббат тақырыбында шебер жырлай білетін жазушы. 2005 жылы Ә. Нұршайықовтың 10 томдық шығармалар жинағы жарыққа шықты.

► 5. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Әзілханның алғашқы өлеңі қай газетте және қай жылы шықты?

2. Оның қандай шығармалары бар?

3. Ол қай шығармасы үшін және қандай сыйлық алды?

4. Ол алғашқы қадамын не жазудан бастады?

5. Оның шығармалары неге негізделген?

► 6. Сөйлемдерді аяқтаңыз.

Алпысыншы біржола көркем жазуға ауысты.

Басқа да қырғыз, өзбек,, молдован, татар, якут аударылған.

Ол махаббат шебер жазушы.

► 7. Мәтінді оқып, мазмұнын айтып беріңіз. Маңызды мәліметтерге назар аударыңыз.

► 8. Не істеді? Не қылды? деген сұрақтарға жауап беретін сөздерді тауып, сөйлем құрастырып жазыңыз.

Мәңгілік от

► 1. Сөздерді синоним арқылы немесе сөздік арқылы түсініңіз.

хайуанаттар тұрағы
еркін
таң-тамаша
мәңгілік от
ер
патша
арыстан
қарағым

► 2. Етістіктердің мағынасын түсініп, басқа сөздермен байланысына назар бөліңіз.

әңгімелеу – *нені әңгімелеу?*
ақыру – *не істеу?*
еркінсу – *не істеу?*
таңдану – *не қылу?*
сыбырлау – *не істеу?*
бұрылу – *кімге, қайда қарай бұрылу?*

► 3. Сөз тіркестеріне көңіл аударыңыз. Өздеріңіз мысал ойлап табыңыз.

ауыз жаппау
ақырып қалу
таң қалу
таңдай қағу
топырағың торқа болсын
жатқан жерің жайлы болсын

► 4. Төмендегі сұрақтарға жауап іздей отырып, мәтінге жоспар құрып, әңгімелеп беріңіз.

Кім кіммен қайда барды?

Олар не көрді?

Олар не туралы әңгімелесті?

► 5. Мәтінді оқып, мазмұнын түсініп алыңыз.

Мәңгілік от

Ерболдың ұсынысы бойынша қала аралау парктегі хайуанаттар тұрағынан басталды. Ербол ауылдан келген әжесі мен атасына тор ішіндегі құстар мен аңдарды көрсетіп, ауыз жаппай әңгімелеп жүр....

– Орман патшасы арыстан да бар ғой мұнда!

Атасы арыстанға таңдана қарап, ұзақ тұрды. Өзіне арналған сөздерді түсінгендей, ол демін ішіне тартып алды да, паркті жаңғырта ақырып қалды, даусының зорлығы, күшінің молдығын аңғартқандай.

– Үлкен орманда жүргендей еркінсуін көрдің бе? – деп қойды атасы тағы да.

Хайуанаттар паркіндегі неше түрлі аң-құстарды көрген сайын, атасы мен әжесі таңдай қаға, таң-тамаша қалады.

– Ал, жолбасшы, қайда бастайсың? – деді әкесі Ерболға бұрылып.

– Әке, Мәңгілік отқа барсақ қайтеді? – деп Ербол әкесінің құлағына сыбырлай сөйледі.

– Дұрыс-ақ! Біздің баланың осылай ойламаған жерден тауып кететіні бар, – әкесі Ерболдың ұсынысын қуана құптады. Олар Мәңгілік отқа келді.

– Қарағым-ау, құрдан-құр ысырап етіп, далаға от жағып қойғандары несі? – деп таңырқады әжесі.

– Бұл жай от емес, апа, мәңгі өшпейтін от. Бұл – майданда қаза тапқан ерлерге деген құрметтің белгісі.

– Әже, біздер – оқушылар осында келіп: «Жақсы оқып, Отан сенімін ақтаймыз, ағалар сенімін ардақтаймыз», – деп,

ант береміз, – деді Ербол әжесінің қолынан тартқылап өзіне қаратып.

– Айналайын, қарақтарым-ай, топырақтарың торқа, жатқан жерлерің жайлы болсын, аяулы азаматтар!

Атасы жасаураған көзін қайта-қайта бет орамалымен сүрткілей береді. Әжесінің де көңілі босап:

– Құлыным, өшті ме десем, жалын болып лаулап тұр екенсің ғой! – деп, майданда қаза тапқан тұңғышы есіне түсіп, еріндері дір-дір етіп кетті.

► 6. Мәтінге қатысты сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Ербол кімдермен хайуанаттар паркіне барды?
2. Олар хайуанаттар паркінде не көрді?
3. Ерболдың әжесі не деді?
4. Ербол әжесіне не деп айтты?
5. Мәтін не жайлы?

► 7. Мәтінді оқыңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Әр абзацтың бірінші сөйлемін оқып, мәтінде қандай мәселелер айтылатынын айтыңыз.

2. Өзіңіз осы мәтінге ұқсата қысқа әңгіме құрастыра аласыз ба?

► Әзілхан Нұршайықов туралы сұрақтар. Өзіңізді тексеріңіз

1. Әзілханның алғашқы өлеңі қалай аталады?
2. Оның қандай шығармалары бар?
3. Ол қай шығармасы үшін және қандай сыйлық алды?
4. Ол алғашқы қадамын не жазудан бастады?
5. Ол неге қатысады?
6. Ә. Нұршайықов қай жылы және қай жерде дүниеге келді?

7. Ә. Нұршайықов соғыстан кейін қандай оқу орнында оқыды?
8. Ол жұмыс істеген газеттердің атын атаңыз?
9. Ә. Нұршайықов қандай ордендермен марапатталды?
10. Ә. Нұршайықов 1968-1972 жылдар аралығында қайда жұмыс істейді?



БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВ (1924-1992)

*«Талант деген адамға туа бітетін нәрсе.
Мен оны ешкімнен сұрап немесе ұрлап алған жоқпын»*

Б. Соқпақбаев

Бердібек Соқпақбаев

► 1. Сөз бен сөз тіркестерінің мағыналарын сөздік арқылы түсініңіз.

жасөспірім
жүлде
кеңесші
институт

студия
облыс
педагогика

фестиваль
фильм
одақ

► 2. Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

а) Оқу орны: *Мәскеу Жоғарғы әдеби курсы;*

ә) Мекеме орны: *Қазақфильм;*

б) Газет және журнал аты: *Қазақ әдебиеті, Балдырған;*

в) Жер, қала аты: *Нарынқол, Алматы облысы.*

► 3. Сөз тіркестерін оқыңыз, мағынасын түсініңіз.

кеңесші болу
өлеңдер жинағы

ие болу
қызмет атқару

► 4. Етістіктерді аударып, басқа сөздермен байланысына назар аударыңыз.

аудару – *нені аудару?*
марапаттау – *кімді, нені марапаттау?*
ие болу – *неге, кімге ие болу?*
бітіру – *нені бітіру?*

Бердібек Соқпақбаев

Бердібек Соқпақбаев 1924 жылы 15 қазанда Алматы облысы Нарынқол ауылында туған. Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтын, кейіннен Мәскеудегі Жоғарғы әдеби курсты бітірген. Біраз жыл ауылда мұғалім болып жұмыс істеген. Содан соң «Қазақ әдебиеті», «Балдырған» және Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» студиясында қызмет атқарған. Қазақстан Жазушылар одағында балалар әдебиеті жөнінде әдеби кеңесші болған.

Бердібек Соқпақбаевтың 1950 жылы «Бұлақ» атты өлеңдер жинағы шықты. Бұдан кейін балалар мен жасөспірімдерге арнап прозалық шығармалар жазған. Оның «Менің атым Қожа» (1957), «Өлгендер қайтып келмейді» (1967), «Балалық шаққа саяхат» (1960), «Қайдасың Гауһар?» (1966) шығармалары КСРО халықтарының және шетелдердің көптеген тілдеріне аударылған.

1967 жылы Балалар мен жасөспірімдерге арналған фильмдердің Канн қаласында (Франция) өткен халықаралық фестивалінде Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» фильмі арнаулы жүлдеге ие болды.

Бердібек Соқпақбаев Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамоталарымен марапатталған.

Бердібек Соқпақбаев 1992 жылы қайтыс болды.

► 5. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Бердібек Соқпақбаев қай жылы және қай жерде туылған?
2. Ол қандай оқу орнында оқыды?
3. Оның қандай шығармалары бар?
4. Бердібектің қай шығармасы жүлде алды?
5. Б. Соқпақбаевтың қай шығармасы шетел тілдеріне аударылған?
6. «Бұлақ» атты өлеңдер жинағы нешінші жылы шықты?

► 6. Сөйлемдерді мәтін мазмұнына қарай реттеп орналастырыңыз.

1. 1967 жылы Балалар мен жасөспірімдерге арналған фильмдердің Канн қаласында (Франция) өткен халықаралық фестивалінде Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» фильмі арнаулы жүлдеге ие болды.

2. Бердібек Соқпақбаев 1992 жылы қайтыс болды.

3. Содан соң «Қазақ әдебиеті», «Балдырған» және Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» студиясында қызмет атқарған. Қазақстан Жазушылар одағында балалар әдебиеті жөнінде әдеби кеңесші болған.

4. Біраз жыл ауылда мұғалім болып жұмыс істеген.

5. Қазақстан Жазушылар одағында балалар әдебиеті жөнінде әдеби кеңесші болған.

► 7. Мәтінге жоспар құрып, мазмұнын айтыңыз.

Менің атым Қожа

► 1. Сөздерді синоним немесе сөз тіркесі арқылы түсініңіз.

а) бәтеңке	дiң
бұтақ	терек
қолқа-жүрек	әсер
дұшпан	табан

ә) ап-айқын
тезірек
анық
тысқа
қас

► 2. Етістіктердің мағынасын түсініңіз. Басқа сөздермен байланысына көңіл бөліңіз.

қақырап түсу	кептеліп қалу
дыр ету	жұлқу
оқшаулану	бұрылу
қостау	солқ еткізу
әсер қалдырды	мақтау

► 3. Төмендегі сөйлем мен сөз тіркестерінің мағынасын түсініңіз.

Дымымды ішіме бүгіп, теректің діңіне жабысып, қаттым да қалдым – *дем алмай, ағашқа жабысып, сөйлей алмай қалдым;*

Мұғалімдердің алды тысқа шығып та үлгерді – *бірнеше мұғалімдер сыртқа шықты;*

Мен жөнінде тағы бірденелерді сөйлесіп бара жатты – *мен туралы тағы басқа сөздер айтып бара жатыр.*

► 4. Үзіндіні оқыңыз. Сіздің ойыңызша Қожа қандай адам?

Менің атым Қожа

.....

Мен ағаштан тезірек түсіп кетпекші болып едім, бір бөтеңкем екі бұтақтың арасына кептеліп қалып, шыға қойсайшы. Жұлқи тартып қалғанымда, мәссаған, табаны дыр етіп, қақырап түсті....

Мұғалімдердің алды тысқа шығып та үлгерді. Дымымды ішіме бүгіп, теректің діңіне жабысып, қаттым да қалдым.

Ахметов пен Майқанова оқшауланып, бермен қарай бұрылды. Екеуі мен тұрған теректің түбінен өтіп бара жатыр.

– Қадыров (Қожа) түбінде адам болатын бала, – деді Майқанова.

– Оты бар, – деп қостады Ахметов.

Екеуі былай ұзай беріп, мен жөнінде тағы бірдеңелерді сөйлесіп бара жатты, бірақ мен анықтап ести алмадым. Әлгі естігенімнің өзі қолқа-жүрегімді солқ еткізгендей әсер қалдырды. Мен Майқанованы қас дұшпаным санап жүрсем, ол мені «түбінде адам болатын бала» деп, директорға мақтап бара жатқаны қалай? Ап-айқын, тап осылай деді. Міне, жұмбақ.....

► 5. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қожа ағаштың төбесінде отырғанда не болды?
2. Майқанова Қадыров туралы не деді?
3. Қожа Майқанованың «Түбінде адам болатын бала» деген сөзін естігенде неге таң қалды?
4. Қадыров Майқанованы кім деп санап жүрді?
5. Ахметов не деді?

► 6. Сөйлемдерді толықтырыңыз.

1. Мұғалімдердің тысқа та үлгерді.
2. – Қадыров (Қожа) адам болатын бала, –
3. Екеуі беріп, мен жөнінде тағы сөйлесіп бара жатты, бірақ ести алмадым.
4. Екеуі тұрған түбінен бара жатыр.
5. Жұлқи тартып, мәссаған, етіп, қақырап түсті....
6. Ахметов пен оқшауланып, бұрылды.

► 7. Мәтіннен Қожаның жағдайын білдіретін сөйлемді табыңыз.

► 8. Повестьтен алынған үзіндіге қандай ат қоюға болады?

► 9. Мәтінді оқып, өзіңіздің мектепте оқыған кезіңіз туралы әңгімелеп беріңіз.

► Бердібек Соқпақбаев туралы сұрақтар. Өзіңізді сынаңыз.

1. Б. Соқпақбаев Қазақстанның қай жерінде туылған?
2. Ол қандай грамотамен марапатталған?
3. Балалар мен жасөспірімдерге арналған фестиваль қай қалада өтті?
4. Балалық шаққа саяхат кітабы қай жылы жазылды?
5. Б. Соқпақбаев кім?
6. Б. Соқпақбаевтың қандай шығармаларын білесіз?
7. Ол кім болып жұмыс істейді?

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
Әдебиет туралы	5
Халық ауыз әдебиеті	10
Жыраулар	23
Шоқан Уәлиханов	28
Ыбырай Алтынсарин	36
Абай Құнанбаев	54
Шәкәрім Құдайбердіұлы	72
Ахмет Байтұрсынов	85
Міржақып Дулатов	96
Мағжан Жұмабаев	105
Мұхтар Әуезов	112
Ғабит Мүсірепов	119
Әзілхан Нұршайықов.....	131
Бердібек Соқпақбаев.....	140

Оқу басылымы

*Гүлбағиза Әбілқасымқызы Мұсаева
Мұхтар Парахатұлы Ешимов*

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІМЕН ТАНЫСАЙЫҚ!

*Шетелдік тыңдармандарға
арналған оқу құралы*

Редакторы *А. Иманғалиева*
Компьютерде беттеген *А. Алдашева*
Мұқабасын көркемдеген *А. Колесников*

ИБ № 7494

Басуға 03.09.14. Пішімі 60/84¹/₁₆. Офсеттік қағаз.
Сандық басылыс. Көлемі 8,5 б.т. Таралымы 500 экз.
№ 1735 тапсырыс. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.
«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды